Структура рудного поля предопределена взаимодействием внутренних напряжений при консолидации массива, его морфологией и тектоническими движениями по Срединному разлому. Этим долгоживущим разломом северо-западного простирания (см. рис. 5, 7) гранитный массив разделен на две половины — западную слабооруденелую, более сильно сденудированную (первые сотни метров) и восточную – рудоносную, на поверхности которой часто встречаются ксенолиты вмещающих пород, свидетельствующие о незначительном денудационном срезе. Мощность массива не менее 5-6 км с утолщением в восточной части.

Рудныежилы сгруппированы в линейно-вытянутые зоны (месторождения) исконцентрированы в восточной половине гранитного массива, где они образуют закономерную радиально-концентрическую структуру. Северо-Коныратское месторождение, жилы № 41 и 47 Восточного Коныратa и рудопроявление Поселковое размещены во внешней концентрической дуге этой структуры, согласно с линией восточного контакта массива. Восточно-Коныратское месторождение, рудопроявления Южно-Коныратское, Южная и Северная площади, шеелитовые жилы находятся в линейных трещинных зонах радиального типа и трассируются к центру массива, частично совпадая (Южный Конырат) с направлением Срединного разлома. Особняком стоит рудопроявление Вольфрамовые сопки, развитие кольцевой трещинной структуры которого предопределило локальное контракционное проседание в связи с мелкой штокообразной дополнительной интрузией гранитов.

Наиболее крупным и промышленно – значимым из всех редкометальных проявлений является Восточный Конырат.

Месторождение Восточный Конырат. Разведывалось и изучалось Н.Л.Скворцовым, Н.И. Большаковым, Г.Н. Щербой, Ф.В. Чухровым, А.Т. Ситько, П. Д. Зиновьевым.

Восточно-Коныратское месторождение представлено протяженными кварц-молибденовыми жилами, залегающими в зоне субширотного направления (275-285°), прослеженной на протяжении 8 км, а также жилами 41, 47, расположенными в зоне простирания структуры Северного Коныратa (330-340°), длина которой достигает 4 км. В субширотной рудной зоне отчетливо установлена вертикальная зональность - фиксируется надрудный, рудный и подрудный пояса. Вследствие склонения оруденения в восточной части месторождения на поверхность выходит подрудный пояс, характеризующийся убогим содержанием молибдена в кварцевых жилах и кварц-альбитовым составом околожильныхгрейзенов. В центральной части месторождения на поверхности обнажается рудный пояс, где кварцевые жилы и слюдяно-кварцевые околожильныегрейзены содержат интенсивное молибденовое оруденение. На западе кварцевые жилы обнаружены в надрудном поясе. Рудная часть жил подсечена на глубинах 50-100 и даже 150 м. Строение кварцевых жил кулисное как по простиранию, так

и по падению. Следовательно, рудовмешающие структуры в пространстве в пределах жильных зон представляют собой сеть кулисно- расположенных трещин.

Уникальные по содержанию молибдена (первые *%)* и сконцентрированностиоруденениярудные тела в основном отработаны. Рудники закрыты, хотя при сложившейся хорошей инфраструктуре остались неосвоенными и недоразведаннымиузлы сопряжения Восточного и Северного Коныpата, участок "Вольфрамовые сопки", не оценены выходы богатого фемолитовогооруденения в керне одиночных поисковых скважин в зоне Срединного разлома.

Перспективы месторождения Восточный Коныpат не ограничиваются высказанными выше фактами. Анализ размещения всех проявлений Восточного Коныpата, показавший приуроченность их к радиальным разломам КС и к узлам пересечения их с кольцевым разломом, позволяет рекомендовать постановку дополнительных поисковых работ по всему периметру ВосточноКоныpатской КС (см рис. 5 А,Б).

Впервые выделенная система магматогенных КС Большой Коныpат, прекрасно дешифрируемая на космических снимках (см. рис. 5 А, Б) и четко интерпретируемая в магнитном аномальном поле (рис. 8) является полихронной долгоживущей (от раннего карбона до перми) структурой. Пространственная совмещенность столь разновозрастных интрузивных образований в единой КС позволяет предполагать расположение её, как магматического центра над магматическим очагом, сформированным вблизи нижней границы коры восходящим и астеносферными потоками магмы, тепла, воды и летучих.



Рис. 8. Кольцевая структура Большой Коныpат в аномальном магнитном поле (м-б: 1:200 000)

Гетерогенный состав пород, слагающих систему КС Большой Коныpат, их разновозрастность и различная металлогеническая специализация – свидетельство длительной эволюции подобных магматических центров, с которыми связаны месторождения различных геолого-промышленных типов.

Выявление подобных рудно-магматических КС с помощью современных методов дешифрирования материалов ДЗЗ, по мнению авторов, является перспективным направлением в переоценке металлогенического потенциала областей широкого развития вулканогенных и интрузивных образований.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Брюханов В.Н., Буш В.А., Глуховский М.З. и др. Кольцевые структуры континентов Земли. – М.: Недра, 1987., 184 с.

[2] ГуревичД. Картирование купольнов-кольцевых структур при поисках и разведка порфировых и эпитермальных месторождений // Материалы конференции «Вулканизм и связанные с ним процессы». Петропавловск-Камчатский, 2013 г., С. 280-290

[3] Дабижа А.И. Федынский В.В. Геофизическая характеристика метеоритных кратеров на поверхности Земли. Метеоритные структуры на поверхности планет // Сборник докладов. – М.: Наука, 1979. С. 99-117

[4] Зейлик Б.С. К проблеме кольцевых структур и связи с ними месторождений полезных ископаемых // Материалы по региональной геологии и геофизике Восточного Казахстана. Алма-Ата, 1981. С. 113-122

[5] Зейлик Б.С. Ударно-взрывная тектоника и краткий очерк тектоники плит. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 120 с.

[6] Изменение окружающей среды и климата: природные и связанные с ними техногенные катастрофы // Гл. ред. Н.П. Лаверов. М., ИГЕМ РАН. 2007. С.70-72.

[7] Кац Я.Г., Козлов В.В., Полетаев А.И., Сулиди-Кондратьев Е.Д. Кольцевые структуры Земли: миф или реальность. – М.: Наука, 1989, - 188 с.

[8] Космогеологическая карта СССР м-ба 1:2 5000 000 / Под ред. Е.А. Козловского М.: Мингео СССР, 1984

[9] Кривцов А.И., Мигачев И.Ф., Попов В.С. Медно-порфировые месторождения мира. – М.: Недра, 1986. – 236 с.

[10] Масайтис В.Л. Методы изучения астроблем. Метеоритные структуры на поверхности планет // Сборник докладов. – М.: Наука, 1979. С. 53-65

[11] Скублова Н.В. Кольцевые морфоструктуры Центрального Казахстана и методика их изучения // Геоморфология, 1974, № 2, с. 95-101.

[12] Соловьев.В.В. Структуры центрального типа территории СССР по данным геолого-геоморфологического анализа. // Изд-во ВСЕГЕИ, 1978.

[13] Стружков С.Ф. Константинов М.М. Металлогения золота и серебра Охотско-Чукотского вулканогенного пояса. – М.: Научный мир, 2005. 320 с.

[14] Флоренский К.П., Базилевкий А.Т., Г.А. Бурба и др. Очерки сравнительной планетологии // Под редакцией В.Л. Барсукова. – М.: Наука, 1981, 319 с.

[15] http://www.meteorites.ru/menu/encyclopaedia/ruscraters_full.html

Б.С. Зейлик, Я.К.Аршамов, Р.Т. Баратов, Д.О. Даутбеков, Ш.А. Сейтжанов

Жердің сақиналы құрылымдарының кендену мәселесіне Үлкен Қоңырат сақиналы құрылымы мысалында

Түйіндеме. Мақалада әр түрлі типті сақиналы құрылымдар қарастырылады, олардың ішіндегі магматогенді және ғарыштық сақиналы құрылымдардың басымдылығы көрсетіледі. Мұндай сақиналы құрылымдар үшін Үлкен Қоңырат магматогенді сақиналы құрылымы мысалында олардың кенбақылаушы ролі көрсетілген.

Кілт сөздер: сақиналы құрылымдар, космостық и радиолокациялық суреттер, бажайлау, рудалы сақиналы құрылымдар, шығыс-коңырат гранитті массиві.

B.C. Zeylik,Ya.K.Arshamov, R.T. Baratov, D.O. Dautbekov,Ch.A. Seytzhanov

The problem of ore-bearing ring structures of the Earth as an example of a ring structure Large Konyrat

Summary. In the article the ring structures (RS) of various origins , which are dominated by magmatogene and cosmogenic. For this RS shows their ore-controlling position , the example of magmatic structure Large Konyrat .

Keywords: Ring structures, space and radar imagery, deciphering, ore-bearing ring structures, the East Konyrat granite massif.

ӘӨЖ 556.18.004.14

М. М. Молдахметов, Л. К. Махмудова, С. Б. Сабыров
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: mlk2002@mail.ru)

ЕСІЛ АЛАБЫНЫҢ КЛИМАТТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БАҒЫТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН ОСЫ ӨЗЕНДЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ АҒЫНДЫСЫН БАҒАЛАУ

Түйіндеме. Мақалада климаттың тұрақсыздығы жағдайында Есіл өзені алабының аймақтық гидрометеорологиялық элементтерінің бағыттық өзгерістері, осы өзгерістердің өзен ағындысы шамасына тигізетін әсері қарастырылды. Есіл өзенінің сулылығының өзгерісін тек қана адамның шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесінде болды деп тұжырым жасауға болмайды, климаттық факторлардың да әсері үлкен. Бұл ағындының теріс бағыттық өзгерістеріне де қатысты деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: климаттың бағыттық өзгерісі, ауа температурасы, жауын-шашын жиыны, ағынды, антропогендік ықпал, уақыттық қатарлар, тренд сызығы

Климаттың жылынуы 1970 жылдардан бері ғалымдардың басты назарында. Ғаламдық климаттың жылынуы бүгінгі таңда айқын білінип отырған ақиқат. Бірақ бұл жылыну ненің нәтижесінде орын алып отыр? Адамның шаруашылық әс-әрекетінің нәтижесі ме, әлде басқа табиғи себептерге байланысты орын алып отыр ма? Ғалымдардың бұл жөніндегі пікірлері кереғар. Ғалымдардың басым бөлігі ауада көмір қышқыл газының көбеюінен орын алып отыр деген пікірді қолдаса, біраз бөлігі табиғи процестердің нәтижесі деп отыр.

Климаттық өзгергіштікті Жер бетінің қабықтарында жүретін түрлі процестерге түрлі деңгейде әсер ететін қандай да бір уақыттық тербеліс ретінде қарастыруға болады. Климатта, климатпен тікелей тығыз байланыстағы гидрометеорологиялық процестерде, өзен ағындысы да тұрақты және орнықты үдеріс емес. Керісінше олар үнемі үздіксіз тербеліске ұшырайды, басым жағдайда бұл тербе-

лістер мәні бойынша айтарлықтай үлкен және ұзақтығы да әртүрлі уақытқа созылады. Климаттың өзгергіштігінде процестің айқын бағыттық өзгерістері байқалады. Бұл бағыттық өзгерістерге ұзақтығы әртүрлі, уақыт бойынша тұрақсыз оралымдар сериясы үстемеленеді. Жалпы картина кездейсоқ құраушылардың флуктуациясымен одан әрі күрделене түседі.

Уақыттық қатарлардың дисперсия бойынша және математикалық күтім бойынша тұрақсыздығын туғызатын гидрометеорологиялық сипаттамалар режимінің табиғи өзгерістерімен қатар, климаттың өзгерісі соңғы жылдары айтарлықтай қарқын ала бастаған антропогеннің ықпалымен де айқындалуы мүмкін. Аумақтың гидрометеорологиялық сипаттамаларының өзгерісін тұрақсыз ықтималдық процесс деп қарастыруға болады, тек кейбір жағдайларда, қандайда бір шектеулі уақыт аралығында ғана, оны шартты түрде, тұрақты деп қарастырған орынды [1]. Мұндай жағдайда тұрақсыз процесс біріне бірі қабыса орналасатын дискретті квазитұрақты учаскелерден тұратын үдеріс түрінде ұсынылуы мүмкін.

Климаттық өзгеріс Жердің планета ретіндегі эволюциясымен байланысты және олар тербелмелі сипатқа ие. Атап айтсақ, ұзаққа созылатын жылы кезеңдердің (мұздықты емес) суық кезеңдермен (мұздықты кезең) алмасып келір отыратыны айқындалған. М.Е. Раабеннің зерттеулерінде [2] ауқымды мұздунудың ерте протерозойда пайда болғаны анықталған. Ғылыми зерттеулерге сәйкес [3-4] миллиард жыл ішінде мұздық дәуір алты рет қайталанған, соңғы кайнозой дәуірі бүгінгі күнге дейін жалғасып отыр. Осы уақыттың ішінде ұзақтығы 100-300 млн. жыл бес толық гляциоклиматтық оралым орын алған орта есеппен 200 млн. жыл. Әлемнің 2000-нан астам жетекші климатолог ғалымдардың жұмыстарынан тұратын, деректерді барынша жан-жақты саралап, объективті түрде бағалаған Климаттың өзгерісі бойынша Үкімет аралық Сарапшылар Тобының есебі бойынша, климаттың өзгерісі - бұл нақты айқындалған жәйт. Сарапшылар Тобы Жер соңғы 100 жылдың ішінде жуықтап 0,37 °С жылынды және климаттың өзгерісіне адамның шаруашылық іс-әрекетінің әсері бар екендігіне тікелей бұлтартпайтын дәлел бар деп қорытынды жасады [5].

Сарапшылардың бағалауы бойынша алдағы 100 жылда ауа температурасы 0,7 – 1,2 °С жылынады. Олардың жорамалы бойынша 2100 жылы ауа температурасы 1,2 °С жылынады және бұл жылыну соңғы 10000 жыл ішіндегі ең қарқынды жылыну болмақ [6].

Зерттеушілердің барлығы бірдей температуралық трендті мойындамайды. Р.Л. Каган мен Е.И. Хлебникова 1959-1973 жж. аралығы бойынша Орталық Англия аумағының орташа жылдық ауа температурасын талдай отырып, сондай-ақ Бостанға 1818-1968 жж. аралығында жылы маусымда (сәуір-қазан) түскен жауын-шашын мөлшерін саралай отырып, ауа температурасы қатарының да, жауын-шашын жиыны қатарының да тұрақтылығы жөніндегі гипотезаны жоққа шығаруға негіз жоқ деген қорытынды жасады [7]. [7] бойынша егер антропогендік құраушыны алып тастасақ, онда ешқандайда температуралық тренд жоқ, тек - "шуыл" ғана. Кейбір зерттеушілердің көзқарастарына қарамастан, ғалымдардың басым бөлігі стационарлық бақылау кезі бойынша орын алған температуралық трендті мойындайды.

Ауа температурасы өзгерісінің үдерісін жекелеген жарты шарлар ауқымы бойынша қарастырған кезде, мынаны атап өту керек: солтүстік жарты шарда 1940 жылдардың басынан басталып 1960 жылдарға дейін жалғасқан жылыну үдерісінің әлсіз салқындаумен үзілген кездері болды, ал бұған оңтүстік жарты шарда ауа температурасының оң бағыттық өзгерісінің аздап бәсеңдеуі сәйкес келді. Бірақ, 1970 жылдардың басынан жылыну екі жарты шарда да қайтадан орын алды.Сонымен өткен ғасырдың 80 жылдары орташа ғаламдық температура 70 жылдармен салыстырғанда 0,25 °С жоғары болды.

Көптеген зертеушілер, жалпы атмосфералық циркуляцияның климаттық үлгісіне сүйене отырып, ғаламдық ауа температурасының жоғарылауы мұхит бетінен буланудың ұлғаюына байланысты атмосфералық жауын-шашынның орташа мөлшерінің ұлғаюына алып келеді деген ұйғарым жасады [8].

Климаттық элементтердің аймақтық өзгерісін бағалау үшін, қарастырылып отырған аудан бойынша РММ "Казгидромет" мекемесіне қарасты метеостанциялар және гидрологиялық бекеттер бойынша ауа температурасының, жауын-шашынның және жылдық ағындының көпжылдық өзгерісін қарастырайық. Астана метеостанциясы бойынша 1933-2011 жж. аралығы бойынша деректер алынды. Жылдық ағынды бойынша деректер Есіл, Жабай, Селеті, Иманбұрлық өзендері бойынша 1933 -2012 жж. аралығын қамтиды.

Есіл өзені алабының ауа температурасының инструменталды бақылау кіргізілген кезеңдегі сипатын айқындау үшін Астана метеостанциясының жылдың ең суық айының, ең жылы айының жылдық орташа айлық ауа температурасының деректері бойынша хронологиялық, жылжымалы онжыл-

дықтар бойынша орташаланған ауа температурасы графигі берілді және графикке сызықтық тренд түсірілді (сурет 1).



1-сурет. Астана метеостанциясы 1960-2011 жж. аралығында байқалған ауа температурасы бойынша аномалиясы

Тренд сызығы 1960-2011 жж. аралығы бойынша 10 жылдық жылжымалы орташа ауа температурасы аномалиясы бойынша тұрғызылды. Трендтің статистикалық мәні бар. Сызықтық трендтің айнымалының дисперсиясындағы үлесін көрсететін детерминация коэффициенті 0,43 тең.

Ауа температурасының жылдың ең суық айы бойынша жылыну жылдамдығы 0,43°С/10 жыл. Астана метеостанциясында жылдың жылы айында 1960-2011 жж. аралығында бақыланған ауа температурасы көпжылдық кезең бойынша ауа температурасының көпжылдық өзгерісі аса үлкен емес екендігін көрсетіп отыр. Ауа температурасының баяу төмендеуі байқалады. Төмендеу жылдамдығы небары 0,01 °С/10 жыл. Тренд статистикалық мәнді емес.

Орташа ғаламдық ауа температурасы мен орташа жауын-шашын мөлшерінің арасындағы байланыс түзу сызықты емес, бірақ Шлизенгер өзінің осы процеске қатысты зерттеулерге шолу жасаған жұмысында [9] ғаламдық ауа температурасының 1 °С жылынуы орташа жауын-шашын мөлшерін 1,6-2,6 % немесе абсолюттік шамада 2-3 см/жыл ұлғайтады деп атап көрсетті.

Ауа температурасының айтарлықтай жоғарылауы, ауаның абсолюттік ылғалдылығын едәуір жоғарылатады, нәтижесінде жалпы массалық жауын-шашын мөлшері біршама артады. Континенттерде ылғалдылық режимі анағұрлым біртекті бола бастайды [10]. Бірақ басқа жағынан Жер бетіндегі ауа температурасы тербелісінің әркелкі болуы салдарынан термикалық контрастар күшейеді немесе бәсеңдейді,атмосфералық циркуляция қарқындылығы өзгереді және ол гидрометеорологиялық өзгерістердің ұзыннан-ұзақ тізбегіне алып келеді.

Ғаламдық ауа температурасы жоғарылаған кезеңде экватор мен полюс арасындағы ауа температурасының айырымы төмендейді. Бұл атмосфералық қысымның қайта құрылуына және жалпы атмосфералық циркуляцияның өзгеруіне алып келеді, бұл өз кезегінде жауын-шашын режиміне ықпалын тигізеді.

О.А. Дроздов [11] Арктиканың жылынуының солтүстік жарты шар континенттерінің қоңыржай ендіктерінде жауын-шашын мөлшерінің төмендеуімен қатар жүретінін көрсетті. Арктиканың ауа температурасы мен континенттердің қоңыржай ендіктеріндегі жауын-шашын мөлшерінің арасындағы байланыстың бірмәнді, тығыз емес екендігінен қарамастан, Арктиканың термикалық режимінің өзгерісі солтүстік жарты шардың орташа ауа температурасының өзгерісінде көрініс табады.

М.И. Будыко [10] өткен ғасырдың 70-ші жылдарында ғаламдық жылыну орын алған жағдайда ортаңғы ендіктің бірқатар аудандарында ылғалдану жағдайының нашарлауының ықтимал екендігі жөнінде атап көрсетті. Атмосфералық жауын-шашын аномалиясының 1975-1984 жж. аралығы бойынша географиялық үлестірімін бағалау кезінде ТМД елдерінің орманды дала және дала зоналарының басым бөлігінде жауын-шашын мөлшерінің төмендеу тенденциясы айқындалды. Аталған аумақ-

та осы кезең ішінде қуаңшылық жылдар жиілігі айтарлықтай көбейді. Оның үстіне 1975 және 1981 жж. орын алған қуаңшылық соңғы 100 жыл ішіндегі ең ірі қуаңшылықтардың біріне жатады.

Солтүстік жарты шардың тропиктен тысқары бөлігі үшін орташа жауын-шашын мөлшерінің трендін бағалау бойынша алғашқы талпыныс жасаған ғалымдар Аппасов мен Груза [11]. Авторлар орташа айлық жауын-шашын жиынының салыстырмалы аномалиясы карталарын пайдалан отырып, қаңтар, шілде айлары және жыл бойынша жауын-шашын мөлшері соңғы 100 жыл ішінде ұлғайған деген қорытындыға келеді. Бірақ, карта жасау әдістемесінде жауын-шашынның уақыттық қатарының біртектілігі ескерілмегендіктен алынған нәтижелерді алғашқы долбар деп қарастыру қажет.

Бұған қарағанда пайдаланылған бастапқы ақпараттың көлемі бойынша да, талданған аумақтың ауқымы бойынша да [12,13] жұмыстар, барлық деректі, мүмкіндікті сарқа пайдаланған барынша тыңғылықты орындалған жұмыстар. Бұл жұмыстарда жауын-шашын жиынының немесе жауын-шашын аномалиясы орташаланған жоқ, жауын-шашын индексі орташаланды. Жауын-шашын индексі ретінде олардың статистикалық үлестірімдерінің процентилдері алынды. Авторлар солтүстік жарты шардың тропиктен тыс бөлігінің континенталдық станциялары үшін соңғы 30-40 жыл ішінде жауын-шашын индексі ұлғайғанын көрсетті. Төменгі ендіктерде (5-35^0 с.е.) 50 жылдардың басына дейін жүйелі тренд байқалмайды, кейіннен олардың төмендеуі басталады. Субэкваторлық белдеуде жылдық жауын-шашын индексінің айқын бағыттық тренді жоқ.

Солтүстік жарты шардың континенттеріне түскен нақыт жауын-шашын жиынының орташа мәнін пайдаланған басқа зертеулерде [14,15] Басты Европадан басқа барлық аймақтарда оң тренд айқындалған. ТМД елдері үшін орташ жауын-шашын мөлшерінің ұлғаю жылдамдығы 100 жылға 9 %. Бірақ, кейбір аймақтарда жауын-шашын мөлшерінің ұлғаюы сызықтық трендке нашар үйлеседі, себебі соңғысына көпжылдық климаттық флуктуациялар ықпалын қатты тигізеді.

Енді Есіл өзені алабына түсетін жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық тербелістеріне талдау жасайық. Ол Астана қаласы метеорологиялық станциясының бақылау деректері бойынша жылдық, жылдың суық және жылы кезеңдерінің орташа айлық жауын-шашын жиынының аномалиясының 1933-2011 жж. аралығы бойынша графиктерін тұрғызамыз (сурет 2).



жылдың жылы кезеңінде (IV-X) түскен жауын-шашын жиынының аномалиясы



жылдың суық кезеңінде (XI-III) түскен жауын-шашын жиынының аномалиясы



жылдық жауын-шашын жиынының

2- сурет. Астана метеостанциясы бойынша 1933-2011 жж. аралығы бойынша орташаланған жауын-шашын жиынының аномалиясы

Онжылдықтар бойынша орташаланған жауын-шашын аномалиясы қызыл сызықпен берілді (сурет 2). Түзу сызық - тренд сызығы. Атмосфералық жылдық жауын-шашын жиынының ұлғаю жылдамдығы 4,6 мм/10 жыл. Сызықтық трендтің айнымалының дисперсиядағы үлесін көрсететін детирминация коэффициенті 0,17 тең. Жауын-шашынның көпжылдық өзгерісі оралымдылықпен айқындалады.

Тренд сызығы 1933-2011 жж. аралығы бойынша берілді. Жылдың суық кезеңінде жауын-шашын жиынының ұлғаю жылдамдығы жуықтап он жылда 6,6 мм. Детерменация коэффициенті 0,75. Тренд статистикалық мәнді.

Жылдың жылы кезеңінде түскен жауын-шашын жиынының төмендеу жылдамдығы 1933-2011 жж. аралығы үшін жүргізілген тренд сызығы бойынша 10 жылда жуықтап 2,0 мм құрайды (сурет 2).

Климаттық тербелістер және материктерде ылғал қорының өзгеруі, әрине өзен ағындысына да ықпалын тигізеді. Тіпті аз ғана климаттық өзгеріс айқын білінетін гидрологиялық салдарларға алып келуі мүмкін, мысалы су тасқыны шамасы мен оның қайталану жиілігіне айтарлықтай түзету енгізуі мүмкін [16].

Климаттың өзгерісінің өзен ағындысына тигізетін ықпалы жер шарының түрлі бөлігінде әртүрлі. Е.А. Леонов бойынша [17] бұрынғы Кеңес үкіметінің еуропалық бөлігінде өзендердің жылдық ағындысының бағыттық өзгерісі орташа жылдық ауа температурасының бағыттық өзгерісіне қарама-қарсы. Ауа температурасының 1 °С көтерілуіне жылдық ағындының жуықтап 30-35 мм төмендеуі сәйкес келеді.

О.А.Дроздовта [18] қоңыржай белдеу ендігінде орта есеппен алғанда қазіргі жағдайда ауа температурасының өсуі ылғалдылық төмендейді. Бұл қорытындылар К.Я. Винниковтың қорытындыларымен сәйкес келеді. К.Я Винников ауа температурасының көтерілуі жоғары ендіктерде ағындының көтерілуіне, ал төменгі ендіктерде төмендеуіне алып келеді. Қоңыржай белдеуде жылдың жылы мезгілінде ағынды төмендейді де, суық кезеңде ағынды артады.

Қазақстандық ғалымдардың, соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті метеорология және гидрология кафедрасының ғалымдары жүргізген іргелі ғылыми зерттеулер мынаны көрсетті: Қазақстанның Жайық, Ембі, Сырдария, Амудария, Тобыл, Есіл және Орталық Қазақстанның жекелеген өзендері бойынша барлық маусым бойынша түгелдей дерлік жылдық ағындының сызықтық тренді теріс таңбалы. Балхаш алабы бойынша сызықтық тренд жазғы маусымда теріс таңбалы болса, Ертістің жоғарғы ағысында сызықтық тренд барлық маусымда бірдей оң таңбалы.

Қазақстандық ғалымдар зерттеу нысаны ретінде уақыттың тапшылығы болар немесе қаржыландырудың тапшылығы болар негізінен ірі және орташа өзендерді алған. Ал кіші өзендердер назардан тыс қалып жатыр.

Ал кіші өзендердің проблемасы бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Сондықтан біз өз зерттеулерімізде осы олқылықтардың орнын шама-шарқымыз келгенше толтыру мақсатында Есіл алаюының негізгі кіші өзендері режимінің климаттық өзгерістерге қайтарым жауабы қандай, ағынды қай бағытта өзгеріп отыр деген сұрақтарға жауап іздедік.

Осы алаптың барлық өзендерінің режимі климаттық өзгерістер әсерінен бір бағытта өзгеріп отыр ма, әлде кейбір кіші өзен алаптарында қарама-қарсы бағыттық өзгерістер бар ма, әлде бағыттық өзгерістер мүлдем жоқ болар деген сауалдарды қарастырдық.

Жергілікті жердің гидрометеорологиялық жағдайының Есіл алабының өзендеріне тигізеті әсерін бағалау үшін, осы беткейдің негізгі өзендері бойынша 1933-2012 жж. аралығы бойынша жылдық ағынды жүргісі, жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған жылдық ағынды графигі тұрғызылды.

Жылдық ағындының тренд сызығының бағыттық өзгерістерін ауа температурасының өзгерісі мен маусымдық жауын-шашын жиының өзгерістерімен салыстыру үшін 1933-2012 жж. аралығы бойынша тренд сызығы тұрғызылды.

Жылдық ағындының көпжылдық өзгерісі динамикасының графигі осы қарастырылып отырған ауданның барлық негізгі өзендері бойынша тұрғызылды. Графиктер суреттерде берілді. Сонымен қатар, өзендерде байқалған жылдық ағынды тренд сызығының бағыты осы өзендер бойынша тұрғызылған айырымдық-интеграл қисықтарымен салыстырылып тиісті талдаулар жасалды. Айырымдық интеграл қисықтары суреттерге енгізілді.

Талдауға ыңғайлы болу үшін әрбір өзен бойынша жылдық ағынды өзгерісі графигі мен айырымдық интеграл қисықтары қатар берілді (сурет 3-4).



Есіл өзені - Передовик бекеті



Есіл өзені - Астана қаласы бекеті



Есіл өзені - Петропавловск қаласы бекеті



Жабай өзені - Атбасар қаласы бекеті

3-сурет. Есіл өзені жылдық ағындысының жүргісі және жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған орташа жылдық су өтімі графигі

Есіл өзені - Передовик бекеті



Есіл өзені - Астана қаласы бекеті

Есіл өзені- Петропавловск қаласы бекеті



Жабай өзені- Атбасар қаласы бекеті

4-сурет. Есіл өзені жылдық ағындысының айырымдық интеграл қисығы

Есіл өзені алабының негізгі өзендері бойынша тұрғызылған орташа жылдық су өтімдері динамикасының графиктері және жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған су өтімдері бойынша тұрғызылған сызықтық тренд Жабай өзенінен басқа өзендерде статистикалық мәні бар трендтің жоқ екендігін көрсетті.

Есіл өзенінің жоғарғы ағысында Передовик бекетінің тұстамасында орташа жылдық су өтімінің төмендеуі айқын байқалады. 1933-2012 жж. бойынша тұрғызылған тренд сызығы статистикалық мәнді. Орташа жылдық су өтімінің өсу жылдамдығы 0,03 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициенті 0,47. Теріс бағытты көрсетіп отырған тренд сызығы осы бекет бойынша тұрғызылған айырымдық интеграл қисығымен расталады. Интеграл қисығы бойынша суы аз жылдар фазасы 1970 жылдардың аяғынан басталып 2009 жылға дейін жалғасады. 2009 жылдан бастап орташа жылдық су өтімінің өсуі байқалып отыр.

Есіл өзенінің ортаңғы ағысы Астана бекеті бойынша тұрғызылған орташа жылдық су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған графигінің тренд сызығы теріс таңбалы. Орташа жылдық ағындының төмендеу жылдамдығы 0,58 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициентінің - 0,44. Су өтімінің төмендеуі Астана бөгенінен ауыз су мақсатында тікелей алынып отырған ағынды есебінен орын алған. Есіл өзенінің төменгі ағысы Петропавловск қаласы бекетінің тұстамасы бойынша тұрғызылған орташа жылдық су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған графигінің тренд сызығы да теріс таңбалы. Орташа жылдық су өтімінің төмендеу жылдамдығы 2,58 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициенті - 0,078. Статистикалық мәні жоқ. Су өтімінің төмендеуі Есіл өзенінің бойында тұрғызылған бөгендерден ауыз су және су шаруашылығы мақсатында тікелей алынып отырған ағынды есебінен орын алған.

Ал Жабай өзені бойынша тұрғызылған орташа жылдық су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған графигінің тренд сызығы оң таңбалы. Орташа жылдық су өтімінің өсу жылдамдығы 0,43 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициентінің - 0,19. Жабай өзенінің ағындысының қалыптасу режимі Есіл өзеніне қарағанда өзгеше. Соңғы жылдары Жабай өзені алабында қар жамылғысы биіктігінің өсу тенденциясы байқалып отыр [19].

Ақыр соңында Иманбұрлық өзені Соколвский ауылы бекеті бойынша тұрғызылған орташа жылдық су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған графигінің тренд сызығы да оң таңбалы. Орташа жылдық су өтімінің өсу жылдамдығы 0,11 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициентінің мәні 0,15.

Сонымен қарастырылып отырған Есіл өзенінің су өтімдері жүргісінде бағыттық өзгерістер теріс таңбалы. Ал Жабай және Иманбұрлық өзендерінде оң таңбалы.

Есіл өзені мен Жабай өзенінің көктемгі ең жоғары су өтімдерінің көпжылдық өзгерістерінің динамикасын қарастырайық. Есіл өзені - Астана қаласы, Есіл өзені Петропавловск қаласы және Жабай өзені - Атбасар қаласы бекеттері бойынша 1933-2011 жж. аралығы бойынша ең жоғары су өтімдерінің көпжылдық жүргісі мен 10 жылдықтар бойынша жылжымалы орташа графигі төмендегі суреттерде берілді (сурет 5).



Есіл өзені - Астана қаласы бекеті

Есіл өзені - Петропавловск қаласы бекеті

5-сурет. Есіл өзені ең жоғары су өтімінің жүргісі және жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған орташа жылдық су өтімі графигі

Есіл өзені - Астана қаласы бекетінде көктемгі ең жоғары су өтімінің көпжылдық жүргісі ең жоғары су өтімдерінің төмендеу тенденциясын айқын білдіріп отыр. Ең жоғары су өтімінің төмендеу жылдамдығы 54,6 $м^3/с$ 10 жылда құрайды. Бағыттық өзгерістің дисперсиядағы үлесін білдіретін детирминация коэффициенті 0,73 тең. Есіл өзенінің төменгі ағысы Петропавловск қаласы бекетінің тұстамасы бойынша тұрғызылған көктемгі ең жоғары су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойын-

ша орташаланған графигінің тренд сызығы да теріс таңбалы. Орташа жылдық су өтімінің төмендеу жылдамдығы 170 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициентінің мәні 0,50. Статистикалық мәні бар. Екі бекетте де су өтімінің төмендеуі Есіл өзенінің бойында тұрғызылған бөгендерден ауыз су және су шаруашылығы мақсатында тікелей алынып отырған ағынды есебінен орын алған. Бірақ, климаттық құраушыны да жоққа шығаруға болмайды.

Жабай өзені - Атбасар қаласы бекеті бойынша көктемгі ең жоғары су өтімдерінің жылжымалы онжылдықтар бойынша орташаланған графигінің тренд сызығы да теріс таңбалы. Орташа жылдық су өтімінің төмендеу жылдамдығы 26,3 $м^3/с/10$ жыл. Детерминация коэффициентінің мәні 0,25. Графиктерден қарастырылып отырған үш бекет бойынша да ең жоғары су өтімдерінің бағыттық өзгерістері теріс мәнге ие екендігін көруге болады. Ең жоғары су өтімдерінің төмендеу тенденциясы өте айқын байқалады. Тек төмендеу Жабай өзенінде ғана бәсеңдеу.

Ағындының көпжылдық өзгерістері негізінен оралымдылықтың әсерінен орын алады. Суы мол жылдарда ағынды тренді оң шамаға, ал суы аз жылдар фазасында теріс таңбаға ие. Ағындының көпжылдық өзгерісін жан-жақты зерттеу үшін синоптикалық процестерді, жалпы атмосфералық циркляцияны есепке алу керек [20].

Есіл өзенінің орташа жылдық ағындысы мен ең жоғары су өтімдерінің өзгерісіне бөгендердің тигізетін ықпалын айқындау үшін және климаттың ағынды өзгерісіне қаншалықты әсерін тигізетінін айқындау үшін қарастырылып отырған өзендердің ағындысын біртектілікке тексеру қажет.

Есіл өзені алабында XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бүгінгі күнге дейін 4 ірі бөген салынды. Олардың жалпы жиынтық көлемі 1132,3 млн. $м^3$, ал жиынтық пайдалы көлемі 1034,7 млн. $м^3$. Бөгендер жөнінде мәліметтер 1 кестеде берілді.

Кесте 1. **Сыйымдылығы 10 млн. $м^3$ артық бөгендер жөнінде мәліметтер**

Бөгеннің атауы	Пайдаланылуға берілген жылы	Жоба бойынша сыйымдылығы, млн. $м^3$		Су айдынының ауданы, $км^2$		Реттеу түрі
		толық	пайдалы	ҚТД	ӨКД	
Есіл	-	9,2	8,2	2,3	-	Маусымдық
Астана	1971	410,9	375,4	60,9	9,94	Көпжылдық
Сергеев	1969	693	635	116,7	19,2	Көпжылдық
Петропавловск	1973	19,2	16,1	9,7	3,7	Маусымдық

Есіл өзенінің ең жоғары су өтімдерін біртекттілікке тексеру үшін ең алдымен ең жоғары су өтімдерінің жиынтық интеграл қисығын тұрғызамыз. Үш бекет бойынша ең жоғары су өтімдерінің жиынтық интеграл қисығы тұрғызылды (сурет 6).



Есіл өзені - Астана қаласы



Есіл өзені - Петропавловск қаласы

6-сурет. Есіл өзені ең жоғары су өтімдерінің жиынтық интеграл қисығы

Есіл өзені бойынша тұрғызылған ең жоғары су өтімдерінің жиынтық интеграл қисықтары бақылау қатарының біртектілігінің бұзылуы бөгендерді пайдалануға беру даталарымен сәйкес келе бермейтіндігін көрсетіп отыр. Есіл өзені жағдайында климаттық өзгерістердің антропогендік өзгерістерге қарағанда айқын рөль атқарып отырғанын көреміз. Есіл өзенінің бақыланған ағынды сипатта-

маларының қатарларындағы біртектіліктің бұзылуы негізінен алапқа салынған бөгендердің, тоғандардың, жер жырту және өзен арнасынан тікелей су алу сияқты антропогендік факторлардың әсерінен туындауы тиіс. Екінші жағынан, ағындының фондық өзгерісі, климаттық өзгерістері де айтарлықтай болып отыр. Есіл өзенінде ағындының айқын өзгерісі 1940-1950 жж. кезеңінде орын алған. Ал бөгендер негізінен алапта 1970 жылдардан кейін салынған. Сондықтан ағынды қатарларын бөген салынғанға дейін және бөген салынғаннан кейін деп екі қатарға бөліп қарастырып, ағынды қатарын біртекттілікке тексеру сенімсіз нәтижелер береді.

Есіл өзені үшін ағындығы климаттық өзгерістердің тигізетін ықпалын және бөгендердің тигізетін ықпалын жеке-жеке қарастыруға болады. Себебі, есіл өзенінің бойына бөгендер 1970 жылдардан кейін салынды, ал жиынтық интеграл қисығы бойынша, қисықтың сыну нүктесі 1940-1950 жылдардың аралығына сәйкес келеді. Сонымен бақылау қатарының үш бөлігін өзара салыстыруға болады: 1950 жылдарға дейін - белгелі бір климаттық жағдайлар орын алған; 1950-1960 жж. - өзгерген климаттық жағдайлар үшін; 1970-1980 жж. бөгендер пайдаланылуға берілгеннен кейін.

Рас, екінші кезеңде тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Есіл өзені алабының айтарлықтай бөлігі егін егу мақсатында жыртылды. В.Е. Водогрецкий су жинау алабын жыртудың Есіл өзенінің жылдық ағындыға тигізетін ықпалын 22 % тең деп бағалады. Егер өзен алабын жырту өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғында 60 жылдардың басында жүргізілгенін есепке алсақ, онда бұл фактордың ағынды өзгерісіндегі үлесі Есіл өзені үшін 10 % жоғары болмауы тиіс. Ал мұндай жағдайда ешқандай да біртектілік критерийі ағынды қатарының біртектілігі жөніндегі гипотезаны жоққа шығара алмайды.

Ең жоғары су өтімдері бойынша тұрғызылған жиынтық интеграл қисығы бойынша қисықтың сыну нүктесі, яғни ағынды режимінің бұзылу датасы 1940-1950 жж. кезеңіне сәйкес келеді. Бұл өзгерістің климаттық фактордың әсерінен болғаны айқын. Онан кейінгі ағынды режимінің бұзылуы 1970 жылдарға сәйкес келеді. Бұл бұзылу датасы да алапта жүргізілген айтарлықтай үлкен шаруашылық іс-әрекеттің деңгейімен сәйкес келмейді.

Есіл өзені - Петропавловск қаласы бекеті бойынша ең жоғары су өтімдерінің қолда бақылау қатыр 1901 жылдан 2012 жж. аралығына дейін бар. Кейбір жылдардың ең жоғары су өтімдері үұсас өзендердің деректері бойынша қалпына келтірілген. Осы бекет бойынша ең жоғары су өтімдерінің бақылау қатары біртектілікке тексерілді. Оның үстіне бақылау қатарын бөліктерге бөлудің бірнеше нұсқасы қарастырылды. Біртектілікті тексеру үшін Стьюдент, Фишер және Вилкоксон критерийлері қолданылды. Мәнділік деңгейі - 5 %.

1949 жылдан кейін ең жоғары су өтімдерінің орташа мәні екі еседен артыққа төмендеген, ал орташа квадраттық ауытқу шамасы - 60 %. Барлық үш критерийде бақылау қатарының біртектілігінің бұзылғанын растайды.

Фишер критерийі бойынша: қатарлардың ұзындығы N_1=49 N_2=43. Фишер критерийінің сындық және есептелген мәндері. F=6,46. F_a=1,81. Демек, қатар Фишер критерийі бойынша біртекті емес.

Стьдент критерийі бойынша: t=3,18. t_a=3,896. Қатар Стьюдент критерийі бойынша да біртекті емес. Вилклксон критерийі де қатардың біртектілігін жоққа шығарады.

Керісінше 1950-1960 жылдардан 1970-1980 жылдарға қарай ең жоғары су өтімдерінің орташа мәні өзгерген жоқ деуге болады. Барлық үш критерийде бақылау қатарының біртектілігі жөніндегі гипотезаны жоққа шығармайды. Бақылау басталған жылдардан 1969 жылға дейінгі және 1970 жылдан 1992 жылға дейінгі бақылау қатарларының бөліктерін салыстыру орташа жылдық су өтімдері бойынша да, ең жоғары су өтімдері бойынша да математикалық күтімнің айырмашылығы өте үлкен. Бірақ, орташа квадраттық ауытқу бойынша айырмашылық одан да қатты. Нәтижесінде Фишер критерийі қатардың біртектілігі жөніндегі гипотезаны жоққа шығарады. Есіл өзені - Петропавловск қаласы бойынша орташа жылдық ағынды мен көктемгі ең жоғары су өтімдері қатарларын біртектілікке тексеру нәтижелері 2 кестеге енгізілді.

Кесте 2. **Есіл өзені - Петропавловск қаласы бойынша жылдық ағынды мен ең мол ағындының статистикалық сипаттамаларын түрлі кезеңдер бойынша салыстыру**

Ең жоғары су өтімдері, $м^3/с$						
Сипаттамалар	Түрлі кезеңдер					
	1901-1949	1950-1992	1901-1969	1970-1992	1950-1970	1971-1992
Q_{max}, $м^3/с$	1210	568	1020	568	558	574
σ_Q, $м^3/с$	1320	531	1200	391	655	399
Критерий:						
Стьюдент	+		-		-	
Вилкоксон	+		-		-	
Фишер	+		+		-	
Орташа жылдық су өтімдері, $м^3/с$						
Сипаттамалар	Түрлі кезеңдер					
	1938-1955	1956-1992	1938-1969	1970-1992	1950-1970	1971-1992
$Q_{ор}$, $м^3/с$	75,3	44,5	61,2	45,3	44,1	61,0
σ_Q, $м^3/с$	69,8	29,7	58,3	28,1	35,1	40,5
Критерий:						
Стьюдент	+		-		-	
Вилкоксон	+		+		-	
Фишер	+		-		-	

Ескерту: плюс - нөлдік гипотеза 5 % мәнділік деңгейінде жоққа шығарылады; минус - нөлдік гипотеза жоққа шығарылмайды.

Есіл өзені - Астана қаласы бекетінің орташа жылдық және ең жоғары су өтімдерінің түрлі кезеңдердегі айырмашылығы өте аз. 1950-1970 және 1971-1990 жж. жылдар кезеңі бойынша: орташа жылдық су өтімдері тиісінше 4,82 және 4,81 $м^3/с$, ал олардың орташа квадраттық ауытқуы тиісінше 3,75 және 3,15 $м^3/с$. Осы кезеңдер үшін ең жоғары су өтімдерінің орташа шамалары 254 және 173 $м^3/с$ құрайды, ал олардың орташа квадраттық ауытқуы 244 және 162 $м^3/с$.

Барлық үш критерий де 40 жылдық қатардың біртектілігі жөніндегі гипотезаны жоққа шығарады.

Сонымен, жасалған зерттеу жұмыстарына талдау жасау Есіл өзенінің орташа жылдық су өтімі қатарының да, ең жоғары су өтімдері қатарының да біртектілігінің бұзылуы алапта көпжылдық реттеу бөгендерін салу емес, өткен ғасырдың 40-шы 50-ші жылдары қатты құбылмалы сипатқа ие болған климаттық өзгерістер себеп болды деп тұжырым жасауға болады.

Соңғы онжылдықтарда климаттық өзгерістерді елеусіз деп қарастыратын болсақ, онда бөгендер ең жоғары су өтімдерінің орташа квадраттық ауытқуын 40 %, ал орташа жылдық су өтімдерінің орташа квдраттықауытқуын 20 % төмендетті. Бірақ су өтімдерінің байқалған шамаларына әсерін мүлдем тигізген жоқ деуге болады.

Енді Есіл алабы өзендерінің түрлі уақыт кезеңдері бойынша ағынды сипаттамаларының өзгерісін қарастырып, өзара салыстырайық. Түрлі кезеңдер бойынша есептелген ағындының көпжылдық орташа шамалары 3 кестеге енгізілді.

Кесте 3. **Уақыт кезеңдері бойынша ағынды сипаттамаларын салыстыру**

№пп	Өзен-бекет	1933-2012 жж.		1933-1970 жж.		1971-2012 жж.		Өзгеріс, %	
		Q	Cv	Q	Cv	Q	Cv	+	-
1	Есіл - Передовик	0,29	0,74	0,34	0,67	0,26	0,78		24
2	Есіл - Астана	4,87	0,88	5,90	0,84	4,01	0,84		32
3	Есіл - Петропавловск	55,9	0,90	57,1	1,05	54,8	0,75		4,1
4	Жабай - Атбасар	7,84	0,68	6,51	0,69	9,04	0,63	39	
5	Иманбұрлық - Соколовка	2,40	0,78	2,07	0,68	2,70	0,81	31	

3 - кестеде үш түрлі уақыт кезеңдері: 1933-2012 жж. - көпжылдық уақыт кезеңі, 1933-1970 жж. базалық уақыт кезеңі және 1971-2012 жж. соңғы онжылдықтар бойынша орташа жылдық ағынды және вариация коэффициентерінің шамалары салыстырылды. Өзеннің жоғарғы ағысы Есіл - Передовик және Есіл - Астана қаласы өзендерінің соңғы онжылдықтарда байқалған орташа жылдық су өтімдері

1933-1971 жж. бойынша есептелген орташа жылдық ағындыға қарағанда тиісінше 24 % және 32 % төмендеген. Орташа жылдық ағындының төмендеуі тек қана адамның шаруашылық іс-әрекетінің әсерінен орын алған жоқ, климаттық факторлардың да әсері бар.

Ал Есіл өзені - Петропавловск бекеті бойынша соңғы онжылдықтардағы орташа жылдық су өтімдері базалық кезеңнің орташа жылдық су өтімдерімен салыстырғанда жуықтап 4,0 % төмендеген. Ал Жабай-Атбасар және Иманбұрлық - Соколовка өзендерінің қарастырылып отырған тұстамаларда орташа жылдық ағындысы соңғы онжылдықтарда тиісінше 39 % және 31 % өскен.

Жалпы Есіл алабы өзендерінің табиғи ағындысы антропогендік әсерді есепке алмаған жағдайда жауын-шашынның мол түсуіне және ауа температурасының көтерілуіне сәйкес.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

1. Есіл өзенінің сулылығының өзгерісін тек қана адамның шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесінде болды деп тұжырым жасауға болмайды, климаттық факторлардың да әсері үлкен. Бұл ағындының теріс бағыттық өзгерістеріне де қатысты.

2. Өзендердің гидрологиялық режимінің элементтеріне шаруашылық іс-әрекет шараларының, соның ішінде ағындыны көпжылдық реттеу бөгендерінің тигізетін ықпалын бағалау кезінде міндетті түрде климаттық фонның өзгерісінде есепке алу керек.

3. Гидрологиялық есептеулер кезінде ағынды режимі бұзылған соңғы онжылдықтар кезеңі бойынша есептелген гидрологиялық сипаттамаларды пайдалану дұрыс емес. Климаттық факторлардың да ықпалы өте елеулі, өткен ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы жағдайдың қайталануын жоққа шығаруға болмайды. Түрлі су шаруашылығы жобаларын негіздеу кезінде ағынды қатарының бастапқы жылдарын есепке алмау аса қауіпті болуы мүмкін.

4. Есіл өзенінің алабы бойынша метеорологиялық элементтердің көпжылдық жүргісіне жасалған талдаудың негізінде ауа температуарасының жоғарылағаны, жауын-шашын мөлшерінің аздап артқаны және ағындының кейбір бекеттерде төмендегені кейбір бекеттерде көтерілгені айқындалды. Климаттық өзгерістер де, ағынды өзгерістері де негізінен оралымдылыққа тәуелді деген қорытынды жасалды.

5. Есіл өзенінің сулылығының өзгерісін тек қана адамның шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесінде болды деп тұжырым жасауға болмайды, климаттық факторлардың да әсері үлкен. Бұл ағындының теріс бағыттық өзгерістеріне де қатысты.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Леонов Е.А. О нестационарности процесса стока и возможных путях его изучения // Расчеты и прогнозы гидрологических характеристик. – Л.: ЛГМИ, 1989. – С. 52-60.

[2] Раабен М.Е. Оледнение в истории Земли // Природа ,1976.№4. С. 78-87.

[3] Ясаманов А.А. Древние климаты Земли. Л.: Гидрометеоиздат, 1985.

[4] Монин А.С., Шишков Ю.А. История климата. Л.: Гидрометеоиздат, - 1979. – 407 с.

[5] IPCC (Intergovernmental Panel on Climate Change), 1995. Guidelines for National Greenhouse Gas Inventories, Volume 1, 2. P. 55-56.

[6] Clark W.C., Jager J. «The Science of Climate change», Environment, 1997, p. 20.

[7] Каган Р.Л., Хлебникова Е.И. К вопросу об оценке значимости экстремумов в вековом ходе метеорологических элементов // Тр. ГГО. - 1988. - Вып. 466. - С. 55-69.

[8] Будыко М.И., Дроздов О.А. О причинах изменений влагооборота // Водные ресурсы . 1976. - № 6.- С- 35- 44.

[9] Schlesinger M.E. 1984. Climate model simulations of CO2 – induced climatic change. – Adv. Geophys., v 26, p. 141- 235.

[10] Будыко М.И. Изменение климата. – Л.: Гидрометеоиздат, 1974. 280 с.

[11] Дроздов О.А. Формирование увлажнения суши при колебаниях климата // Метеорология и гидрология. – 1981. - № 4. – С. 17- 23.

[12] Аппасова Е.Г., Груза Г.В. Данные о структуре и изменчивости климата. Осадки. Северное полушарие. – Обнинск: ВНИИГМИ – МЦД, 1982. 212 с.

[13] Bradley R.S. et al. 1987. Precipitation fluctuations over Northern Hemisphere land areas since the mid – 19th century. – Science, v. 237, p. 171-175.

[14] Diaz H.F., R.S. Bradley, J.K. Eischeid. 1989. Precipitation over global land areas since the late 1800 S. – J. Geophys. Res., v. 94, p. 1195-1210.

[15] Vinnikov K.Ya., P.Ya. Groisman, K.M. Lugina. 1990. The empirical data on modern global climate changes (temperature and precipitation). – J. Climate, v. 3, p. 62-667.

[16] Knox I. C. Large increases in flood magnitude in response to modest changes in climate // Nature (Gr. Brit.). – 1993. – vol. 361, № 6411. – P. 430-432

[17] Леонов Е.А. Норма годового стока и ее изменения под влиянием хозяйственной деятельности // Тр. ГГИ.- 1986. – Вып. 315. – С. 68 –83.

[18] Дроздов О.А. О надежности использования аналогов прошлого для прогнозов водного режима на будущее // Водные ресурсы.- 1992.- №4.- С.7-12.

[19] Молдахметов М.М., Махмудова Л.К. Солтүстік Қазақстан аумағының қар жамылғысы сипаттамаларының аймақтық климаттық өзгерістер шеңберіндегі динамикасы // Гидрометеорология және экология, №4. Алматы, 2013, с. 32-44.

[20] Salnikov V., Turulina G., Polyakova S., Moldakhmetov M., Makhmudova L. Climatic variations of general atmospheric circulation, precipitation and river flow of the territory of Kazakhstan // Sciences in Cold and Arid Regions, 5(1):0109-0113. 2013 Volume 5, Issue 1, 2013

Молдахметов М.М., Махмудова Л.К., Сабыров С.Б.

Изменение направленных климатических элементов бассейна реки есил и оценка годового стока данного бассейна

Резюме. В данной статье рассмотрено изменения в нестабильном климатическом состоянии, направленные региональные гидрометеорологические элементы бассейна реки Ишим и влияние на степень изменения стока реки. Изменение воды реки Есиль не только зависит от хозяйственной деятельности человека, но и эффект климатических факторов имеют большую роль. Это связано с изменениями обратного направлении стока.

Ключевые слова: направленные изменение климата, температура воздуха, сбор осадков, сток, антропогенные воздействия, временной ряд, линия тренда.

УДК 669.712.2;661

Е. К. Тауасаров[1], Р. Ж. Бержанова[2], А. Н. Жумагалиева[2], Е. О. Досжанов[2], Д. Бодыков[1], З. А. Мансуров[1]

([1] Институт проблем горения, Казахстан, Алматы

[2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

assem.zhumagaliyeva@mail.ru)

ОЧИСТКА СТОЧНОЙ ВОДЫ ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ПРИРОДНОГО МИНЕРАЛА «ТАУРИТ»

Аннотация. На сегодняшний день очистка воды является одной из актуальных экологических проблем. Существует множество методов очистки воды с использованием различных адсорбирующих материалов. В данной работе представлены предварительные результаты исследования возможности очистки сточных вод природным минералом «таурит» с различными фракционными дисперсиями. В связи с чем, изучены адсорбирующие свойства минерала «Таурит» методом тепловой термообработки, осаждения настоем и сравнение с контрольными образцами без тепловой обработки. Установлено, что данный минерал в определенных условиях адсорбционного процесса показывает высокую эффективность для очистки сточных вод, что дает возможность дальнейшего применения минерала для биоремедиации почв, а также различных отходов происхождения нефтепродуктов.

Ключевые слова: природный минерал «Таурит», загрезненная вода, метод очистки воды, тепловая термообработка, настой, осаждение.

Введение

Проблема загрязненных водных экосистем, в частности малых рек и водоемов, в Казахстане стоит особенно остро. Существующие методы очистки загрязненной воды, с использованием различных материалов, имеют определенные недостатки, основными из которых являются дороговизна и низкая эффективность. Использование природного минерала «Таурит» для очистки загрязненной воды позволяет устранить вышеуказанные недостатки.

Нами показаны преимущества современных методов очистки воды с использованием природного минерала «Таурит». Представлена технология очистки водных экосистем, включающая каскады

с наполнителем – Коксуским шунгитом марки «Таурит» [1]. Данная статья направлена на необходимость использования природного минерала «Таурит» для очистки и оздоровления водных объектов.

На сегодняшний день проблема очистки водных экосистем в Казахстане актуальна, так как их самоочищающие свойства подавлены антропогенной нагрузкой. Известны различные инженерные методы активизации самоочищающих процессов в водных объектах, представляющих интерпретацию природных аналогов: замедление движения воды, водохранилища-отстойники, биофильтры, фильтры и др. [2].

Известно, что шунгитовые сорбционные материалы для очистки нефтесодержащих стоков (шунгиты из Карельского месторождения, Россия) [2, 3], испытанные в промышленных условиях в 1,5-2 раза дешевле углей, а также обладают высокой эффективностью, выступая в роли фильтрующего элемента, сорбента, катализатора окислительно-восстановительных процессов и биологического обеззараживания.

Экспериментальная часть

Минерал *«Таурит»* является сложной смесью оксидов металлов, таких как оксид алюминия и оксида кальция, что позволяет предположить в нем хорошие адсорбционные свойства. Кроме этого минеральное сырье, как уже отмечалось, является экологически чистым материалом, что повышает его ценность и приоритетность в очистке природных объектов. Основным структурным элементом шунгитов являются глобулы, представляющие собой сферические или эллипсоидальные углеродные образования размером в среднем 10нм, внутри которых было установлено наличие пустот. Кроме внутренних пустот установлено также наличие межглобулярных пустот или пор (таблица 1).

Таблица 1. **Химический состав Коксуских шунгитов марки «Таурит»**

Соединение		C	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	MgO	CaO	Na_2O	K_2O
Содержание, масс.%	Силикатный шунгит	10	60	10	6	1,5	5	0,5	2,5
	Карбонатный шунгит	10	60	10	8	2,5	15	0,6	3

В составе Коксуских шунгитов в небольших количествах содержатся такие элементы как: Sr, Co, Zn,Y, Cu, Sn, Mo, Ba, Ni, Mn, V и др. Следует отметить, что Коксуские шунгиты не подвергались к систематическим исследованиям, как шунгиты Карельского месторождения (Россия). Глобулы шунгита продуцируют слабые электромагнитные поля, которые действуют на клетки организма человека как среда: согревают, усиливают кровоток, улучшают обменные процессы (действуют на нейромедиаторы). К тому же в Алматинской области были найдены крупные залежи черного углеродистого природного минерала «Таурит», что позволит его крупномасштабное использования в качестве адсорбирующего вещества. Состав и свойства этой породы дополнительно позволяют рекомендовать этот минерал к применению в бытовой химии (как пигмент и наполнитель), в чугунолитейном и сталеплавильном производстве (в качестве флюсов и восстановителей).

Нами изучен химический состав природного минерала «Таурит» - даже в концентрате максимальное содержание углерода составляет 10-12%. Известно, что шунгит с такой концентрацией углерода не пригоден для лечебных и оздоровительных целей, а используется лишь в промышленности [4].

Целью работы является разработка технологии очистки воды с биосорбентами на основе природного минерала «Таурит». Данный сорбент предназначен для биоремедиации почв, сточных вод от органических веществ, нефти, нефтепродуктов. Химический состав минерала «Таурит» типа ТС удачно подходит для интродукции природных сред. Практическая значимость заключается в применении разрабатываемой технологии для улучшения экологического состояния сточных вод и воды всеобщего пользования, а также очистки почвы вблизи территории нефтедобывающих и нефтеперерабатывающих предприятий. Результаты работы могут быть использованы для дальшейшего исследования данного минерала в качестве сорбента для биологической и химической очистки нефтяного загрязнения почв, почвенных грунтов, вод на территориях нефтебаз, нефтепромыслов, промышленных предприятий и других объектов на дешевом и доступном перспективном природном минеральном сырье «Таурит».

Процесс очистки воды проводился в специальной лаборатории РГП «Институт проблем горения». Лаборатория контроля и качества укомплектована необходимыми приборами, химическими реактивами и аналитическим оборудованием.

При выполнении работы использованы методы исследований: лабораторно-аналитические методы, осаждение, термообработка, настой без тепловой термообработки, повторная очистка воды фильтрованием.

5. Аппроксимация целевого параметра погоды с помощью построенной однослойной нейронной сети.

В программе организуется:

1. Выборка данных в виде структурированного текстового файла;
2. Предобработка данных;
3. Построения однослойной нейронной сети;
4. Графическая иллюстрация точности аппроксимации.
5. Прогноз показателя погоды с помощью искусственной нейронной сети.

После запуска программы на экране появиться форма-заставка следующего вида:



Рис.4. Заставка программы

Вход в систему производиться нажатием кнопки «Вход в систему», а выход из системы кнопкой «Выход» или стандартным выходом из формы. При входе в систему на экране отображается основная форма, представленная рисунке 5.



Рис.5. Вид основной формы после загрузки данных

Решение задачи аппроксимации функции выполняется по следующим этапам.

Ввод данных и установка параметров:

1) Выбор дискового файла с таблицей экспериментальных данных производиться подпунктом «Данные» пункта «Файл» основного меню. После выбора файла таблица данных отразиться в форме (название решаемой задачи, количество признаков, общее количество объектов (точек пространства, на которых задана искомая функция), а также целевого параметра.

2) Выбор пользователем точности аппроксимации путем ввода максимального уклонения функции путем внесения в редакторе строк «Точность аппроксимации»;

3) Отображение данных в шкалу [0..1]. По желанию пользователя с указанием «галочки» в окне «Отобразить данные в [0..1]»;

4) Построения локально оптимального покрытия для искусственных нейронных сетей с помощью решета Эротосфена.

Вид результатов действий по 1-4 этапам приведены на рисунке 6.

Рис. 6. Процесс синтеза нейронной сети

Анализ результатов обучения через пункт основного меню «Точность аппроксимации» путем визуального представления точности аппроксимации функции (рисунок 7).



Рис.7. Визуальный анализ точности аппроксимации функции

Аппроксимация функции по заданным значениям аргументов. По введенным значениям зависимых параметров нажатием кнопки «Расчет» вычисляется значение целевого параметра (рисунок 8).



Рис. 8. Аппроксимации показателя погоды по ИНС

Заключение. Немаловажную роль для адекватности модели реальному процессу играют способы выбора и представления обучающей информации из баз данных. Программная разработка предназначена для демонстрации достоверности и практической значимости использования технологий прогноза погоды на базе аппроксимационных возможностей искусственных нейронных сетей.

Разработанная программа позволит сравнить результаты аналитических методов прогноза с предлагаемым методом использования методов искусственных нейронных сетей, что в конечном счете влияет на получения более точных методов прогноза погоды.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Осовский С. Нейронные сети для обработки информации / Пер. с польского И.Д. Рудинского. – М.:Финансы и статистика, 2002.– 344 с.

[2] Обобщенная аппроксимационная теорема и вычислительные возможности нейронных сетей. А.Н. Горбань. Сибирский журнал вычислительной математики, 1998. Т.1, №1, с.12-24.

[3] Уоссермен Ф. Нейрокомпьютерная техника: теория и практика / Пер. с английского Ю.А. Зуев. – М.: Мир, 1992.

[4] Игнатьев Н.А., Мадрахимов Ш.Ф. О некоторых способах повышения прозрачности нейронных сетей // Новосибирск, Вычисл. технологии. 2003. Т. 8, № 6. С. 31-37.

[5] Игнатьев Н.А. О синтезе факторов в искусственных нейронных сетях // Вычисл. Технологии// Новосибирск, 2005. Т. 10, № 3. С. 32-38.

[6] Терехов В.А., Ефимов Д.В., Тюкин И.Ю. Нейросетевые системы управления М.: Высш. школа, 2002, 183 с.

[7] Абдурахимов Б. Численное моделирование динамических процессов над Средне-Азиатским регионом // Тр.межд.конф. Наука и технология в XX1 веке. Информационный вестник «Тинбо», 2006, 22-26 с.

[8] www.primpogoda.ru.

Дүйсенов Н.Ж., Көшкінбаева М.Ж., Тажибаева Б.Т., Алимбекова А.Т.

Климаттық жағдайды болжамдаудың бағдарламалық қамтамасы

Түйіндеме. Мақала күнделікті климаттық жағдайды болжамдаудың бағдарламалық қамтамасы сипатталған. Аз теңшеліммен жасанды нейрондық желілерді пайдалана отырып, сандық белгілерінің кеңістікте көпөлшемді функцияларын жақындату мәселесін шешу. Мұнда көпжылдық метеорологиялық байқауларға сәйкес ауа-райын болжауда осы айтылған технологияны қолдану ұсынылады.

Duisenov N.Zh., Koshinbaeva M.Zh., Tazhibaeva B.T., Alimbekova A.T.

Software forecasting climatic situation

Summary. The article describes the software prediction of the climate situation on the night. The solution of the problem of approximation of multivariate functions in the space of quantitative traits using artificial neural networks with minimal configuration. It is proposed to use this technology to predict the weather according to the multi-year meteorological observations.

УДК: 691:006.91

Д. А. Гусманов, О. В. Федоренко, А. З. Нұрмұханова
(Казахский национальный Университет имени аль-Фараби
Алматы, Республика Казахстан)

ҚҰРЫЛЫС ӨНДІРІСІНДЕГІ АҚАУЛАРДЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАУ ҮШІН СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Түйіндеме. Берілген мақалада құрылыс өндірісіндегі ақаудың пайда болу себебін анықтау үшін статистикалық әдістерді пайдалану қарастырылған.

Түйін сөздер: метрология, сапа, бақылау, сынау, құрылыс өндірісі, ақау, статистикалық әдістер.

Дәнекерлеудің технологиялық процесстерін реттеу және сапасын басқару статистикалық талдаусыз мүмкін емес. Сондықтан бақылаудың статистикалық әдістері дәнекерлеу өндірісінде кең қолданылады, ол дәнекерлеудің тиімділігін және сапасының жақсаруын қамтамасыз етеді. Бақылаудың мұндай әдісін құрылысқа енгізудің маңызы зор, бұл салада ақаулы байланыстар деңгейі әлі де салыстырмалы жоғары. Өндіріске қарағанда құрылыста өндірістік факторлар және ортаның шарттарының өзгеруі айқын байқалады, сондықтан бұл жерде сапаны талдаудың математикалық статистика әдістеріне және ықтималдық теориясына негізделген алдын ала бақылау керек. Бұл дәнекерлеу құралы жұмысының сапасын бақылап қана қоймай, сапаның тұрақтылығын, дәнекерлеу жұмысының сапасын басқаруды қамтамасыз ететін өндірістік процесстің жүру барысын да бақылауға мүмкіндік береді. Құрылысқа бақылаудың статистикалық әдістерін енгізу үшін дәнекерлеу жұмысының сапасын басқарудың сызба-моделін пайдаланады. Модель сапаның қалыптасуын қамтамасыз ететін бірнеше блоктардың қатарынан тұрады: негізгі партиялар бойынша ақпаратты жинау; сапаны өлшеу және ақаулықты талдау; технологиялық процесстердің күйін талдау; ақаулардың пайда болу себебін анықтау және талдау; технологиялық үдерістерді түзету; сапаны басқару. Негізгі партияға белгілі бір жағдайларда жасалған дәнекерлеу байланыстарының топтары кіреді. Дәнекерлеу байланыстарының ақауларын сандық өлшеу үшін дәнекерленген жіктің немесе негізгі партия жіктерінің сапасын сипаттайтын көрсеткіштер қолданылады: ақау санының көрсеткіштері, ақау ұзындығының көрсеткіші. Бірінші көрсеткішпен бақыланатын дәнекерлеу аймағындағы ақаулар санын, ақау түрі мен сипатын, олардың жиілігін, өлшемін бағалайды, оны ұзындығы қысқа (диаметрі 100 мм дейін тұрбаларда және жік ұзындығы 300 мм дейін металл құрылымдарда) дәнекерлеу байланыстарының сапасын бағалау үшін пайдаланады. Ақаудың ұзындық көрсеткішімен бақыланатын жіктегі ақау ұзындығын бағалайды, оны диаметрі 200 мм астам тұрбалардың жапсарында және жік ұзындығы 500 мм металл құрылымда пайдаланады.

Жоспарлы көрсеткіштерсіз ешбір өндіріс жұмыс жасай алмайды, сондықтан дәнекерлеу жұмыстарының сапасын көтеру сапа көрсеткіштерін жоспарламай болмайды. Сәйкес, дәнекерлеу жұмыстарын бақылаудың статистикалық жүйесінде сапаны жоспарлауға үлкен мән берілуі керек. Жоспарлау дәнекерлеу өндірісін сипаттайтын және дәнекерлеу байланыстарының сапасы жайлы сандық көрсеткіштерге негізделуі тиіс. Сатистикалық талдау негізінде ғана технологиялық процесстердің күйі және дәнекерлеу байланыстарының сапасы туралы шынайы мәліметтер алуға болады. Алдын алу-статистикалық бақылаудың негізгі артықшылығы шынайы ақпаратты қабылдауында, оны жинау, өңдеу, сақтау және белсенді пайдалануында. Сатистикалық талдау арқылы, ақаудың пайда болуы туралы заңдылықты анықтайды, шынайы өндіріс жағдайында ақаулардың пайда болу динамикасын зерттейді, ақаудың оны тудырған себептермен байланысын анықтайды және сол ақпаратты дәнекерлеу жұмыстарының сапасын көтеру үшін пайдаланады. Ақпаратты тіркеу бақылау карталары арқылы жүзеге асырылады, бұл жерде жөндеуге әсер еткен барлық факторлар, технологиялық процесстердің шарттары мен параметрлері жазылады. Ақпаратты картаға алдын ала бақылау қызметінің қызметкерлері немесе білікті дефектоскописттер жинап жазады. Тіркеу карталары сапа басқару топтары картотекасында сақталып жиналады. Ақпаратты тікелей обьектте өңдейді және бақыланатын процессте немесе біртипті обьекттер кешенінде, жөндеу ұйымдарда және белгілі бір уақыт аралығындағы салада нақты шешім қабылдау үшін қолданады.

Ақпаратты тіркеудің ерекше түріне алдын ала бақылау операторының есебі жатады. Ақпаратты өңдеудің [1] бірнеше түрі бар. Обьекттегі ауысымды өңдеуді алдын ала бақылау операторы ауысым

ішінде орындайды. Бұл өңдеудің мақсаты технологиялық процесстің өтуін талдау, нормативтен ауытқуды анықтау, ақаудың пайда болуына себепкерді анықтау, ақау сипатын және олар пайда болған операцияларды анықтау. Апталық өңдеуді оператор апта бойындағы нәтиже бойынша шығарады. Ақпаратты обьекттер, орындаушылар және бөлімдер бойынша топтайды. Бұл кезеңде жайсыз обьекттерді анықтап жаппай ақаудың шығуын болдырмау шараларын жасау керек. Ақпаратты айлық өңдеу белгілі обьекттің оперативті картасында тіркелген форма және жөндеуді басқару негізінде жүзеге асырылады. Бұл шара белгіленген сапаны ұстап тұруға, ақауларды анықтап себептерін талдауға мүмкіндік береді. Басқару және квартал, жартыжылдық тресттері бойынша сапа және ақау деңгейін анықтау, ақау себептерін жүйелеп жалпылау, ақаудың негізгі себептерін анықтау, сапа бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалғанын талдау үшін кварталды және жартыжылдық ақпаратты өңдеуді жасап тұрады. Жылдық өңдеуді айлық есептер мен ақпараттар, 12 айда жиналған материалдарды жалпылау арқылы жүзеге асырады. Ол жиналған ақпарат бойынша статистикалық талдау жасауға және соның негізінде келесі және перспективті жоспарда сапаны көтеру шараларын құрастыруға көмектеседі. Оған қоса, дәнекерлеу байланыстарының негізгі партиясына сапа тарихы деп аталатын қорытынды ақпарат жасалады. Сапа тарихы сапаны келесі жылға немесе немесе бесжылдыққа болжамға қолданылады.

Ақаудың сандық талдауы арқылы ақаудың түрі, өлшемі, саны, қайталанатындығы және өзгергіштігі бойынша статистиканы жасайды, ақаудың пайда болу себебін анықтайды. Ақаулыққа талдауды әрбір негізгі партияға ақау түрі және сипаты, ақаудың құрылымдық формуласы және жылдық сапа циклі бойынша ақаудың динамикасына жасайды. Дәнекерлеу жұмыстарының сапасын басқарудың ғылыми негіздемесін қамтамасыз ететін ақпараттың маңызды көзіне ақау көрсеткіштерінің эмпирикалық таралуы жатады. Сандық талдау ақау деңгейінің маңызды сипаттамаларын анықтауға және оның динамикасын бақылауға көмектеседі. Бұған жалпы және жол берілмейтін ақау деңгейі, жарамсыздық деңгейі, ең сипатты ақаулар мен олардың көлемі; ақау ағыны өзгеретін шарттар; ақау деңгейінің және жеке орындаушылар, жөндеу бөлімдері, обьекттер бойынша жарамсыздықтарының шектері кіреді. Алынған мәліметтерді ақаулықты азайту мақсатында пайдаланады.

Дәнекерлеу байланыстарының сапасына жүру жағдайы және үш топ факторлар әсер етеді: өндірістік (технологиялық, конструкциялық және өндірістің барысын қамтамасыз ететін басқа факторлар); ұйымдастырушылық, өндірістік тапсырмаларды орындауды ұйымдастыру ережелерін, тәртібін жасайды; ілеспе-спецификалық факторлар, ол әрбір өндірісте әр түрлі болады. Әрбір фактор өз параметр, фактор-парамертлермен сипатталады. Минимималды ақаудың пайда болуын қамтамасыз ететін оң параметрлер және ақаудың жүйелі пайда болуына себепкер болатын теріс параметрлер болады. Теріс факторлар түрлі өндірістік жағдайларға байланысты пайда болып отыратын айнымалы шамалар. Ақаудың пайда болуына және жұмысқа әсеріне әсер ететін факторларды анықтап тіркеу және оларды жүйелеу – бұл өте маңызды өндірістік-зерттеу жұмысы. Талдаудың соңғы нәтижесіне ақаудың пайда болуының негізгі себептері мен құрылымы арасындағы статистикалық байланысты анықтау болып табылады. Әсер ететін себептерді талдау және тіркеу кезінде олар тудыратын сапалы да, сандық та байланысты анықтаған дұрыс. Әдетте ақаудың пайда болуын дәнекерлеу технологиясынан, оның металлургиялың немесе жылулық процесстерінен іздейді. Алайда дайындау, жинау жұмыстары және дәнекерлеу жұмыстарының орындалу жағдайлары да дәнекерлеу байланыстарының сапасына әсер етеді. Дәнекерлеу жұмыстарының сапасын арттыру үшін ақаудың пайда болу себептерін азайту керек және олардың сапаға әсер ету белсенділігін төмендету керек. Осы мақсатпен ақаудың негізгі себептерін жою шаралары жүргізілуі тиіс. Құрылыс-жөндеу алаңында дәнекерлеу кезінде ақаудың пайда болуынынң негізгі себебі дәнекерлеу материалдарының сапасының төмендігі, жинау-дәнекерлеу операцияларын орындау кезінде технология талаптарын орындамау, кей жағдайда өндірістің жеткіліксіз дайындығы және дәнекерлеушілердің біліктілігінің төмендігі жатады. Негізгі шаралар осы себептерді болдырмауға немесе олардың әсерін азайтуға бағытталады. Алайда дәнекерлеу жұмыстарының сапасын көтерудің негізіне технологиялық процессті реттеу жатады. Статистикалық реттеудің мәні таңдамалы бақылау арқылы жұмыс кезінде оның параметрлерін түзетіп отыру болып табылады.

Бақылаудың активті және пассивті формалары бар. Әзірше пассивті форма басым, яғни дайын өнімді бақылау. Бақылаудың бұл формасында кез келген уақытта пайда болған ақаулардың өнімнің нормасына сәйкес келетіндігін анықтау мүмкін емес. Бақылау дәнекерлеу жұмысы аяқталғаннан кейін жүретін болғандықтан технологиялық процесс қай уақытта бұзылғанын біле алмаймыз. Алайда орындаушыларды ақаудың пайда болуы емес, олардың жоқтығы қызықтырады. Сәйкес, өндірістік

процессті және бақылау жүйесін қандай да бір параметр нормадан шығып кетсе сол мезетте реттеліп отыратындай және мұндай жағдай сирек болатындай етіп ұйымдастыру керек. Ал бұл дегеніміз, активті бақылауға көшу керек дегенді білдіреді, яғни реттеу мен сапаны басқаруға.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Ефимов В.В. Статистические методы в управлении качеством. Ульяновск: УлГТУ, 2003 - 134 с.

Гусманов Д.А., Федоренко О.В., Нурмуханова А.З.

Использования статистических методов для выявления причин дефектности строительного производства

Аннотация. В данной статье рассматривается использование статистических методов для выявления причин дефекта на строительном производстве.

Ключевые слова: метрология, качество, контроль, испытание, строительное производство, дефект, статистические методы.

Gusmanov D.A., Fedorenko O. V., Nurmukhanova A. Z.

The use of statistical methods to identify the causes of defects of construction industry

Summary. This article discusses the use of statistical methods to identify the causes of the defect on the construction industry.

Key words: metrology, quality, inspection, testing, construction, production, defect, statistical methods.

УДК 378.147

Н. Ж. Дуйсенов, М. Ж. Кошкинбаева

(Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, dgnurzak@mail.ru)

ЖЕЛІЛІК БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Бұл мақала тораптық білім беру ресурстарының ерекшеліктері мен мазмұны ашылып жазылған. Тораптық ресурстардың білім беру және білім беру технологияларын қолдау есептері мен мәселелерді шешуге мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Тораптық білім беру ресурстарын қолданудың үш стратегиясы сипатталынған. Тораптық ресурстардың үш типі сипатталған. Тораптық білім беру ресурстарын жаңарту циклдармен сипатталатындығы көрсетілген. Тораптық ресурстармен жұмыс істейтін екі параметр сипатталған: «қалың» және «жұқа» клиент. Мақалада заманауи желілік білім беру ресурстары кеңінен қолданатын түрлі эмуляторы бар екенін көрсетеді. Бұл эмуляторларды қосымша игеруді талап ететіндіктен, ол оқу процесін қиындатады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, электроника және ұялы білім беру технологияларын қарқынды дамуы тиісті құзыреттерін қол жеткізуге бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізуді талап етеді. Жаңа ақпараттық білім беру ресурстары телекоммуникациялық технологияларды, ақпараттық білім беру ресурстары мен ақпараттық білім беру бірліктерін қамтиды. Қазіргі ғалымдар Андреев А.А., Цветков В.Я. және Ожерельева Т.А. шығармаларында тораптық білім беру ресурстарын басқару аспектілері келтірілген, бірақ осы мақаланың мәні болып табылатын тораптық білім беру ресурстарының ұйымдастырылуы мен конфигурациясы мәселелері көрініс таппаған. Қазақстанның ақпараттық білім беру кеңістігін дамыту әр түрлі ақпараттық ресурстарды, соның ішінде тораптық ақпараттық ресурстарды құруды талап етеді.

Кілттік сөздер: ақпараттық технологиялар, электрондық оқыту, білім беру, ақпараттық білім беру технологиялары, білім беру ресурстары, желілік білім беру ресурстары, ақпаратты қорғау, ақпараттық қауіпсіздік.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, электрондық және мобильді білім беру технологияларының жедел және интенсивті дамуы [1] қазіргі заманғы және тиісті құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізуді талап етеді. Жаңашыл ақпараттық сбілім беру ресурстарының санына телекоммуникациялық білім беру технологияларын [2], ақпараттық білім беру бірліктерін [3] және ақпараттық білім беру ресурстарын жатқызуға болады [4, 5]. [6, 7] жұмыстарда желілік білім беру ресурстарын басқару аспектілері келтірілген, бірақ осы мақаланың басты мәні болып табылатын желілік білім беруді басқаруды ұйымдастыру және конфигурациялау мәселелері.

Қазақстанның ақпараттық білім беру кеңістігін дамыту әр түрлі ақпараттық ресурстарды құруды талап етеді, соның ішінде желілік. Желілік білім беру ресурстарының негізгі ерекшеліктері, олардың түрлі мөлшері мен функциясының болуы. Желілік білім беру ресурстарын басқару аспектіде,

стратегиялық, тактикалық және оперативті болып бөлуге болады. Желілік білім беру ресурстарын мамандандырылған бағдарлама аспектісінде: негізгі және сүйелемелдеуші (қосалқы) ресурстарға бөлуге болады.

Стратегиялық білім беру ресурстары электронды оқу порталдарының негізінде қалыптасады. Электрондық білім беру порталы (ЕББП) - жүйелі түрінде оқу пәндерінің бірі, жақсарту мақсатында және білім жинақтау пайдалы болуы мүмкін кіру арқылы желілік ресурстар туралы ақпаратты қамтитын веб-сайт. Бір бағдарламалық-аппараттық құрылымы интеграцияланған E-Learning порталдар - орталық білім беру порталы «Электронды білім беру» порталы болып табылады.

Желілік білім беру ресурстарының тактикалық деңгейі оқу орнының ресурстарын қамтиды. Ол сол оқу орнының жергілікті және корпоративтік желілері түрі мен конфигурациясына байланысты. Егер ол кафедрааралық немесе факультетаралық болса, онда пән бағытына сай ресурстар мен кафедраның желілік білім беру ресурстары оперативті деңгейін қамтиды. Ол, әдетте, жергілікті желілер, мультимедиалық мен компьютерлік сыныптарға сүйенеді.

Ресурстардың барлық үш түрі порталы-желілік жүйелерді қалыптастырады. Порталды желілік кешендерінің ақпараттық порталында, кітапхана және басқа да түрлері тең істейтін көп деңгейлі таратылатын қоймаларын жиынтығы жатады, сондай-ақ олардың желілерін және көптеген түпкі пайдаланушыларға байланыстырады. Осы кешендерде, көптеген файлдар топтастырыған. Сонымен қатар, оларға тиісті ақпаратпен бірге үнемі жинақталған ескірген ақпараттық ресурстардың көп болу мәселесі туындайды. Бұл ресурстар кешенін басқару міндетін қояды.

Желілік ресурстар жиынынан өзекті және релевантты ресурстарды оқшақтау, ақпараттық порталы көпдеңгейлі білім беру консорциумдарын сияқты арнайы бірқатар жарияланымдардың анықталған көпдеңгейлі портал-желілік архитектура қалыптастыруға алып келеді.

Осылайша, пайдаланушылар жұмыс істейтін желілік ресурстардың үш түрін ажыратуға болады: бастапқы, қайталанушы және метаресурстар немесе метасипаттама. Бастапқы ақпараттық ресурстар - тікелей қол жетімді порталында орналасқан ресурстар. Қайталанушы ақпараттық ресурстар - (мысалы, білім деңгейі, материалдық, объектінің, реферат, немесе кілтсөздерді түрі) сипаттамасы және осы порталында орналаспаған ресурстардың мекенжайлары, Интернет арқылы қол жетімді, гиперсілтемелер арқылы веб-сайттар және басқа да порталдар. Метасипаттама - оның мазмұнын, автоматты түрде шығарып, бірақ айтарлықтай ресурстар немесе іздеу жұмысын жеңілдететін сипаттамаларын қоса алғанда, осы ресурстың сипаттамасы.

Осы ресурстардың бәрі, сондай-ақ басқаруды талап етеді. Мұндай басқару ресурстарды басқару моделін пайдаланады. Ресурстарды басқару моделі білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелерін тиімділігін бағалауды алу үшін, оқу процесін қамтамасыз етуге бағытталған ресурстық базасын, оқу өнімдерді пайдалану қалыптастыруды болжайды.

Желілік оқу ресурстарын басқару стратегиясы білім беру сапасын және білім беру процесінің тиімділігін арттыру жүйесін жетілдіру болып табылады. Тактика жүйе ретінде ресурстарды оңтайлы ұйымдастыруды қамтиды. Жедел іс әрекет ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтиды. Желілік оқу ресурстарын басқарудың ресурстық стратегиясы, білім беру және білім беруді басқару бойынша жалпы стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Ресурс стратегиясы орнатылады: жалпы білім беру пайдаланылатын ресурстарды талдау; нақты оқу орнының ағымдағы және болашақ ресурстар қажеттігін бағалау; білім беру сапасы мен көрсеткіштерін ықпал ететін факторларға әсері ресурстық сапасын бағалау; қаржыландыру көздерін анықтау; ресурстарды бағалау; жиілік ресурсының жаңарту.

Білім беру ресурстары желісін жаңартудың жаңару циклі болады. Бұл регламенттер жаңарту, білім беру бағдарламаларын (жылдық) қалыптастыру, жаңа ғылыми әдістер мен теориялар (жарты жылдық, семестр) пайда болуымен байланысты циклдар. Желілік білім беру ресурстарының моделі ресурстарын қабылдау және пайдалану қарапайымдылығын қамтамасыз ететін интерфейсті қамтиды.

Желілік білім беру ресурстарын беру үш арналар арқылы орын алады. Бір арнаны - тек студенттер жүктеп алу үшін. Екінші арна - интерактивті тест студенттер үшін. Үшінші арна - оқытушылар жаңарту үшін. Ресурстардың бір бөлігіне ашық қол жеткізу жүйесі орналасқан, басқа бөлігі жабық жүйеде. Соңғысы ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін ұйымдастыруды талап етеді.

Қажеттілікті жобалау [8] жоғарыдан төменге, төменнен жоғары, сондай-ақ кездесуші ағымдар әдістері арқылы қамтылуы мүмкін. Әр түрлі әдістерді қолдану ресурстардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Ресурстарды пайдаға жарату технологиясы сценарий механизмі негізінде іске асыралды. Олардың оңтайландыруға бағытталған ресурстарды жаңарту, бұл жүйе ресурстарының үздік жағдайы болып табылады.

Кәсіби университеттік ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар пәннің мазмұнын жетілдірумен қатар, қосымша кәсіби білім алу роліде қарқынды өсуде. Ол сондай-ақ белгілі академиялық білім беру бастамалары Cisco Networking Academy, EMC академиясы Альянс, VMware IT Academy, Microsoft IT Academy және басқалар алуға болады. Олардың ерекшелігі практиканың үлкен үлесі болып табылатын маңызды орын, жалпы оқыту сағатының 60% -ға дейін жетуі [8].

Дәстүрлі күндізгі оқытумен қатар практикумдармен қамтамасыз етуде кеңінен түрлі тренажерлер және эмуляторы пайдаланылады. Озық функционалдық және одан да көп мүмкіндіктері бар, олар соған қарамастан нақты құрылғылармен толық ауыстыру жұмысын жасай алмайды. Олармен жұмыс істеу дағдылары әлі оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу процесінің маңызды міндеті болып табылады, оқыту айтарлықтай құнының күрделуі оның шешімі нақты АТТ жабдықтарымен жабдықталғандығы. Бұл факт стенд әрбір құрылғымен жұмыс істеу үшін қашықтан қатынау барлық негізгі функцияларын сақтай отырып, (Remote Labs) олардың пайдалану және дамыту тиімділігін арттыру қажеттігін анықтайды. Мұндай жүйелерге бірнеше жұмыстар арналған, олардың арасында [9] сипатталған.

Жақында Remote Labs жүйесі есептеу бағытын [10, 11] бұлттық есептеулерге бұра бастады. АТТ-курстар бойынша бұлтты зертханалық практикумның нақты мысалы. Нақты аппаратта практиканы жүзеге асыру маңызды білім беру ресурсы болып табылады және білім беру стандартты міндеттерді және зерттеу мүмкіндіктерін шешу де практикалық дағдыларды қамтамасыз етуге тиіс. Телекоммуникациялық жабдықтардың бірқатар қашықтан қатынау жүйесін ескере отырып, осы қолданыстағы жабдықтарды оқу стендтерімен динамикалық түрінде қажеттігін білдіреді. Бұл стендтер ғылыми және зерттемелік есептердің шешімдеріне жауап беретін вариативті қосындыларды құруға мүмкіндік береді.

Кез келген телекоммуникациялық құрылғы 2 деңгейлі мүмкіндіктері бар интерфейстері көрсетілген физикалық порттарды қамтиды. LAN байланыстары үшін WAN-байланыстары мен порттары қамтамасыз ету, порттар: олардың функционалдық айтуынша, екі үлкен топтарға жатқызуға болады. Сәйкесінше, снедтерді динамикалық қалыптастырулар үшін мамандандырылған екі кросс-қосылулар қажет.

Ең тиімді кросс-қосылу LAN-байланыстарын қос Белгілеу (802.1QinQ) технологиялары және туннелден хаттамаларды пайдалану, Layer 2 жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда оның порттары үшін телекоммуникациялық кешен барлық құрылғылар кросс-қосылып, құралды тиісті порттарына қосады. Мұнда «порт-порт» режимінде немесе «порт-топ порттар» байланыстары берілген топологиясы, LAN топологиясы қосады. Құрастырмалы - сол кеңістіктер, нақты бір виртуалды желіге (VLAN) виртуалды желіні анықтаушы кросс-қосылғыш құрылғы порттары процесі болып табылады. VLAN идентификаторы кіріс порты кросс-қосылғыш құрылғы үшін пайдаланылған және шығысында жойылады. Оларды тікелей қосатын «виртуалды кабель» қалыптасқан.

Құрылғыны басқару кросс-қосылым байланыстарын қалыптастыру тиісті пәрмендерді пайдаланып бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Стенд топологиясы, пайдаланушы WEB-интерфейс арқылы өзі белгілейді, және құрылғылар түрлі жиынтығын пайдалана алады. Интернетке кеңжолақты байланыс және Java Virtual Machine қолдайтын қазіргі заманғы веб-шолғыш жүйесіне қосылу үшін қажетті жағдайлар болып табылады.

Сипатталған функционал, қашықтан қатынау жүйесінде жүзеге асырылатын зертханалық жабдықтар TermILab (http://www.termilab.mirea.ru). Бұл жүйе әр түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар курстарда оқу бастамалары сатушылар шеңберінде оқыту және ғылыми зерттеу проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Әрбір қарқынды талдау құралдары, пайдаланушы бағдарламалық құралды немесе жабдықты трафик генерациясын қосу арқылы кеңейтуге мүмкіндік алады, және т.б.. Осылайша жинақталатын топологияға ғылыми-зерттеу бағытын қоса аламыз. Сондай-ақ, нақты жүйесі бақыланатын жабдық (телекоммуникация, өнеркәсіптік немесе басқаша), білім беру, ғылыми және өзге де мақсаттар кез келген тапсырманы орындау үшін оңай бейімделгіш болып табылады.

Қорытынды. Дербес білім беру проблемаларын шешуге және оқу орнының ақпараттық сүйемелдеуі үшін қолдау көрсетуге үлестірілген желілік және ақпараттық білім беру ресурстары қабілетті. Олардың сенімділік, ақпараттық қауіпсіздік және деректерді жоғары жылдамдықпен тарату мүмкіндіктері бар. Ақпараттық ресурстарды желісін қалыптастыру маңыздылығы стандарт ISO 9000:2008 версиясы болып табылады, ол қолдау, жүзеге асыру және, атап айтқанда, пәнаралық қамтамасызды қолдау міндетті болып табылады. Ресурстардың кемшіліктері конфигурация және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етулерге талаптарының өсуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] *Цветков В.Я.* Мобильные образовательные технологии // Современные наукоемкие технологии. 2008. № 12. С. 32–34.

[2] *Кряженков К.Г., Дешко И.П., Двоеглазов Д.В., Тихонов А.А.* Телекоммуникационные ИТО // Инновационные технологии образования в технических и гуманитарных дисциплинах: межвузовский сборник учебно-методических трудов / Московский государственный технический университет радиотехники, электроники и автоматики. М., 2011. 65 с.

[3] *Кудж С.А., Цветков В.Я.* Информационные образовательные единицы //Дистанционное и виртуальное обучение. 2014. № 1. С. 24–31.

[4] *Афронин А.Ю., Бабешко В.Н., Булакина М.Б. и др.* Образовательные Интернет-ресурсы / под ред. Тихонова А.Н. / ГНИИ ИТТ «Информика». М.: Просвещение, 2004. 287 с.

[5] *Синица Е.М., Бурцев М.С.* Описание учебных ресурсов метаданные стандарты профили // Educational Technology & Society. 2006. № 9 (1).

[6] *Андреев А.А., Цветков В.Я.* Построение обучающих моделей в сетевых образовательных системах // Международный журнал экспериментального образования. 2012. № 6. С. 93–95.

[7] *Ожерельева Т.А.* Управление сетевыми учебными ресурсами // Управление образованием: теория и практика. 2013. № 2. С. 112–116.

[8] *Timur Z. Mirzoev,* Georgia Southern University. Employing Virtualization for Information Technology Education // Technology interfase international journal. 2011. Vol. 12. № 1. P.78–86.

[9] *M. Aravena, A. Ramos.* Use of a Remote Network Lab as an Aid to Support Teaching Computer // CLEI Electronic Journal. Vol. 12. № 1. April, 2009. P. 6.

[10] *Tawfik M., Salzmann C., Gillet D., Lowe D., Saliah-Hassane H., Sancristobal E., Castro M.* Laboratory as a Service (LaaS): A model for developing and implementing remote laboratories as modular components // 11th International Conference on Remote Engineering and Virtual Instrumentation (REV). 26–28 Feb., 2014. P. 11–20.

[11] *Dr. Gokhan Gercek, Dr. NaveedSaleem.* Applying Cloud Computing Technology to Build Academic Computing Labs // Certified International Journal of Engineering Science and Innovative Technology. Vol. 3. Issue 2. March, 2014. P. 458–463.

Дуйсенов Н.Ж., Кошкинбаева М.Ж.

Ососбенности сетевых образовательных ресурсов

Резюме. Статья раскрывает особенности сетевых образовательных ресурсов. Показано, что сетевые ресурсы решают задачи образования и задачи поддержки образовательных технологий. Описаны три стратегии применения сетевых образовательных ресурсов. Описаны три типа сетевых ресурсов. Показано, что обновление сетевых образовательных ресурсов характеризуется циклами. Описаны два вариантами работы с сетевыми ресурсами: «толстый» и «тонкий» клиент. Статья показывает, что современные сетевые образовательные ресурсы широко применяют различные эмуляторы. Однако это усложняет процесс обучения, так как требует дополнительного освоения таких эмуляторов.

Ключевые слова: информационные технологии, электронное обучение, образование, образовательные информационные технологии, образовательные ресурсы, сетевые образовательные ресурсы, защита информаций, информационная безопасность.

Duisenov N.Zh., Koshinbaeva M.Zh.

The features of modern network of educational resources

Summary. The article reveals the features of the network of educational resources. It is shown that network resources solve the problems of education and the challenges of supporting educational technology. Describes three strategies for the use of network educational resources. Describes three types of network resources. It is shown that the update network of educational resources is characterized by cycles. Describes two options for dealing with network resources, «thick» and «thin» client. Article shows that modern network education resources are widely used various emulators. However, this complicates the learning process, as it requires additional development of emulators.

Keywords: information technology, e-learning, education, educational technology, educational resources, online educational resources, information security, information security.

УДК: 691:006.91

Д. А. Гусманов, О. В. Федоренко, А. З. Нұрмұханова
(Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Қазақстан Республикасы)

ҚҰРЫЛЫС КӘСІПОРНЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ТАЛДАУ

Аннотация: Берілген мақалада өнімнің сапасын бақылау, сонымен қатар құрылыс кәсіпорнында статистикалық әдістерді пайдалану қарастырылады.

Түйін сөздер: метрология, сапаны бақылау, құрылыс материалдары, статистикалық әдістер, шығындар, бақылау түрлері.

Сапаны бақылау-сапаға қол жеткізудің маңызды элементі, ол екі деңгейде қарастырылады:

- басқарудың төменгі деңгейі – сапасыз өнімнің мөлшерін азайту мақсатында;
- басқарудың жоғарғы деңгейінде – өнімді жеткізушілер мен тапсырыс берушілерге қатысты ұйымның стилі мен саясаты ретінде.

Сапаны бақылау қателіктерді минималды шығындармен түзей отырып, оларды уақытында анықтауға мүмкіндік береді. ИСО стандартына сәйкес *бақылау* бұл – өлшеулерді, сараптамаларды, сынауларды жүргізуді және нысанның сипаттамаларын бағалауды, нәтижелерді бекітілген талаптармен салыстыруды қамтитын іс-әрекеттер жиынтығы.

Технологиялық үдерістер, оның ішінде автоматтандырылған үдерістер өнімнің сапасына әсер ететін әр түрлі факторлардың ықпалына ұшырайды. Мұндай факторлар көп болса (құрал-жабдықтардың тозуы, шикізат пен материал сипаттамаларында ауытқу болса және т.б.), онда технологиялық үдеріс сапа көрсеткіштері бойынша кездейсоқ деген сипатқа ие болады, демек, басқаруды талап етеді.

Өнімнің сапасын бақылау жүйесін қалай құруға болады?

Мұнда екі мүмкіндік бар: тұтас және іріктеп бақылау.

Тұтас бақылауды жүргізуге айтарлықтай шығындар жұмсалады, сонымен қатар көп жағдайда бақылау жүргізу кезінде өнімді жоюмен байланысты болады, бірақ өнімді де шығару қажет емес пе?

Статистикалық бақылаудың әдістері (іріктеп бақылау) кезінде өнімнің белгілі бір бөлігін (іріктеу) тексеру нәтижелерінің арнайы ережелері бойынша талдау негізінде барлық дайындалған өнімнің бақыланатын көрсеткіштерінің (параметрлерлерінің) белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ықтимал-сенімді қорытынды жасалады.

Өнім өндірісінде статистикалық бақылау әдістерін (СБӘ) пайдалану мақсатындағы жұмыстардың жалпы бағдарламасы келесі сатыларды қамтиды:

- ұйымдық;
- зерттеу-эксперименттік;
- зерттеу нәтижелері негізінде әдістемелер мен нормативтік-техникалық құжаттамалар дайындау;
- параметрлерді өлшеу мен статистикалық сипаттамаларды есептеудің техникалық құралдарын дайындау;
- өнім өндіруде және оны өткізуде СБӘ-нің қолданылуын регламенттейтін, ережелер мен рәсімдерді дайындау және оларды субъектілер (жеткізушілер мен тұтынушылар) арасында келісімдеу.

Статистикалық бақылау әдістерінде үш функция жүзеге асады:

- статистикалық талдау – сапа көрстекіштеріне ықпал ететін себептер мен факторларды анықтау мақсатында;
- технологиялық үдеріс барысын бақылау (статистикалық реттеу) – ақаулардың алдын алу мақсатында;
- дайындалған өнімнің сапасын бақылау (статистикалық қабылдау бақылауы) – өнімді нарықта өткізу мақсатында.

Статистикалық бақылау әдістерін пайдалану негізінде сапаны қамтамасыз ету жүйесін құруда өнімнің бақыланатын параметрлерінің оның функционалды көрсеткіштеріне ықпалын анықтау ерекше маңызды болып табылады. Бұл параметрлерді әрі қарай санаттарға бөледі. Параметрдің санатына

және ақаудың рұқсат етілген деңгейіне байланысты статистикалық реттеу мен қабылдау бақылауының әр түрлі қатаңдығы тағайындалады.

Статистикалық бақылау әдістерін пайдаланудың тағы бір маңызды ерекшеліктерінің бірі – технологиялық үдерістерді технологиялық үдерістің жүру барысының дұрыстығын бағалайтын өлшеу-диагностикалық құралдармен қамтамасыз ету қажеттілігі.

Өлшеу-диагностикалық жүйелерді құруда құрылымдық синтезді қолдану осы жүйелердің техникалық жүзеге асырылуын негіздейді, бұл кезде ақпараттың көптігіне және шешімді қабылдауды алгоритмдік түрде жүргізуге байланысты сапа көрсеткіштерін статистикалық бағалау сәйкес бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған орнатылған есептеуіш құралдарымен жүзеге асырылады.

Статистикалық бақылау әдістерін пайдаланудың ерекшеліктері технологиялық үдерістердегі статистикалық реттеу функциялары мен өндірістік бақылау жүйелерінің функцияларын жетілдірумен байланысты. Ол өнім сапасының деңгейлері бойынша әр түрлі талаптармен түсіндіріледі.

Сапаны бақылау түрлерінің жіктелуі.

Бақылау функцияларын жүзеге асыратын органға қатысты бақылау екіге бөлінеді:

- *ішкі* берілген немесе одан жоғары тұрған ұйымның басшыларымен қарастырылатын жүйенің ішінде ұйымдастырылады;

- *сыртқы* берілген мекеме жүйесіне кірмейтін органдармен жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау, негізінен, құрылыс басқармасының әр түрлі буындарының басшыларымен, ал сыртқы бақылау мемлекеттік билік органдарымен және арнайы инспекциялармен ұйымдастырылады.

Құрылыста сапаны басқарудың мемлекеттік деңгейі.

Бұл деңгейдегі сапаны басқарудың (СБ) негізгі функциялары: өнімнің сапасын жоспарлау, сапаны бақылауға мемлекеттік қадағалау ұйымдастыру (техникалық реттеу), сапаны жақсарту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.

Құрылысты аралық бақылау (профилактикалық немесе алдын алу) инженер-бақылаушылармен мерзімді түрде құрылыс алаңдарын тексеру арқылы жүргізіледі, олар нақты бір нысанға бекітілген және өндіріске рұқсат берілген мерзімнен бастап эксплуатацияға қабылдауға дейін бақылауды жүргізеді. Инспекция қызметінің негізгі формасы болып табылатын мұндай бақылаудың мақсаты-құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарын бұзудың, жұмыс сапасының төмендеуінің алдын алу, ал ақау табылса, жедел түрде оны жою. Бақылаушы ескертулерді жұмыс журналына жазып отырады және бұзушылықтарды жою және оларды орындау мерзімдері туралы бұйрық береді.

Аяқталған құрылыс нысанының сапасын қабылдап бақылау оның эксплуатацияға дайындығын тексеру мақсатында жүргізіледі [1]. Бұл сатыда бақылау қабылдау комиссиясының жүргізілу және оның эксплуатацияға енгізілу мүмкіндігін анықтайды.

Техникалық инспекция еңбекті қорғау бойынша жұмыстардың толық орындалуын, сонымен қатар нысанда өндіріс мерзімінде және қайта құрылып жатқан нысанның эксплуатацияға берілуі кезіндегі санитария талаптырын бақылайды.

Мемлекеттік өрт қадағалау құрылыстың әр түрлі сатыларындағы өртке қарсы ережелердің, нормалар мен нұсқауларды сақталуын қадағалайды. ҚР Мемлекеттік санитарлық қадағалауы жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (СЭҚ) органдары арқылы гигиена мен санитария талаптарының сақталуын қадағалайды. Осы органдар құрылыс жағдайының профилактикалық қадағалауын жүргізеді және қабылдау комиссисясының жұмыстарына қатысады.

Аудандық архитекторлар бөлімдері, ал үлкен қалаларда көркейту және көгалдандыру бөлімдері (басқармалар) де жаңа құрылыстардың техникалық жобаларын және жұмыс жобаларының бас құрылыстық жоспарларын бекітеді.

ҚР өнеркәсібінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша Мемлекеттік қадағалау өздерінің жергілікті орган-инспекциялары арқылы жөндеу жұмыстарын қадағалайды. Ол аяқталғаннан кейін қазандықтарды, газ жүйелерін және құрылғыларын, лифттерді, мұнара крандары және басқа да жүк көтеретін құрылғыларды эксплуатацияға енгізуге рұқсат беріледі.

Құрылысты қаржыландыратын банкті банктік (қаржылық) бақылау қаражаттандыруды, материалдық ресурстарды және ақшалай қаражаттарды, құрылыстың мерзімі мен құнын тексеру үшін жүргізіледі.

Сақтандыру компаниялары шығындарға әкелетін сапаның төмендеуін болдырмау мақсатында бақылау жүргізеді, себебі шығындар болып жатса, олардың өтемақысын сақтандыру полисін берген компания өтейді. Бұл – жаңа, әлі дамымаған сала. Батыс тәжірибелері көрсеткендей, бұл салаға шаруашылық қызметінің құралы болуға тура келеді.

Сапаны басқарудың мекемелік деңгейі аймақтық және құрылыс министрліктері мен басқармаларының көмегімен жүзеге асырылады. Бұл деңгейде сапаны басқару (СБ) функциялары мемлекеттік деңгейге ұқсас, бірақ ол мекеме және аймақ шектерімен шектеледі. Сапаны жоспарлау мекемелік құрылыс нормаларын, техникалық шарттарын, нұсқауларын, ережелерін және т.б. шығару арқылы жүзеге асырылады.

Мекемелік бақылаудың нысандары ретінде құрылыс индустриясы кәсіпорындары шығаратын өнімдер және құрылыс-жөндеу жұмыстары (ҚЖЖ) алынады. Құрылыс ұйымдарының техникалық инспекциялары мекемелік бақылау органдары сияқты тек бірқатар ірі құрылыс ұйымдарында бар және олар бақылау функциялары бойынша өнеркәсіптегі техникалық бақылау бөлімдеріне (ТББ) ұқсас болып келеді.

Өндірістік деңгей жобалық ұйымдарда, кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында (бірлестіктер, трестер, басқармалар) СБ-дың ішкі өндірістік қызметтерімен жүзеге асырылады. Сәйкесінше *бақылау нысандары* ретінде келесілер алынады: жобалық ұйымдарда – жобалық құжаттама; кәсіпорындарда – материалдар, бұйымдар, конструкциялар; құрылыс ұйымдарында – ҚЖЖ-ның сапасы. Өндірістік деңгей орындаушылық болғандықтан, оның СБ-дың бойынша негізгі жұмысы – нормативті және жобалық құжаттамаларға сәйкес сапаны қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар құру болып болып табылады.

Ішкі техникалық бақылау жұмыстардың өндірістік сапасын жұмыстардың барлық сатыларында құрылыс ұйымдарының барлық жұмысшыларымен және органдарымен жүзеге асырылады.

Жұмыстардың өндірістік сапасын оперативтік бақылау негізінен жұмысты үздіксіз және әрқашан атқаратын құрылыс жұмыстарындағы тікелей басшыға (прораб), құрылыс ұстасына және бригадирге жүктеледі.

Құрылыс өнімдерін *уақыт бойынша* дайындауға қатысты бақылаудың келесі сатыларын бөледі: кірме, операциялық және шығу.

Құрылыстағы сапаның кірме бақылауы келесі түрлермен ұсынылады:

- *жобалық құжаттама* – жобалық ұйымдармен жасалады және салушыдан (тапсырыс беруші) жұмысты орындаушы – бас мердігерлік немесе қосалқы мердігерлік құрылыс ұйымына беріледі;

- *пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, құрылыс конструкциялары және құрылғылары*;

Материалдар мен бұйымдардың сапасы оларды кәсіпорын-дайындаушылардың тіркелген төлқұжаттармен салыстыру және өнімнің мемлекеттік стандарттар мен құрылыс нормаларының талаптарына сәйкестендіру арқылы тексеріледі. Материалдардың сапалық қабылдауына жабдықтау жұмысшылары, желілік қызметкерлер, бригадирлер, қажет жағдайларда құрылыс зертханаларының өкілдері және тапсырыс берушілер қатысады.

ҚЖЖ-ның сапасының *операциялық бақылауы* ішкі техникалық бақылаудың негізгі түрі болып табылады, ол құрылыстың бүкіл мерзімінде жұмыс орындарында екі негізгі формада – *жұмыс қызметкерлерінің өзін-өзі бақылауы* және *өндіріс қызметкерлерінің бақылауы* арқылы жүзеге асырылады.

Салушыны (тапсырыс берушіні) техникалық қадағалау құрылыстың барлық мерзімінде жұмыстың көлемі мен сапасын бақылайды және мердігерден эксплуатацияға енгізуге дайын нысандарды қабылдайды.

Жобалық ұйымдардың құрылысты авторлық қадағалауы сапаны жақсарту, құрылыстың ұзақтығын қысқарту және құнын төмендету, сонымен қатар жобалық, құрылыс ұйымдарының және тапсырыс берушілердің енгізілетін нысандар мен жетілдірілген материалдардың, конструкциялардың және құрылыстардың сапасы үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

Жобалық ұйымдар құрылысшылар сияқты құрылыстың сапасына, сонымен қатар авторлық қадағалауды жүргізудің ұқыптылығына және табылған кемшіліктерді жоюға жауап береді.

Инжиниринг немесе инвестициялық жобаны инженерлік-техникалық сүйемелдеу – батыс елдеріндегі жұмыстардың сапасын бақылау жүйесіндегі негізгі бағыттардың бірі. Дәл осы әдіс минималды шығындар жұмсай отырып, айтарлықтай тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сапаны бақылаудың статистикалық әдістері.

Сапаны бақылау нәтижелерін талдау үшін сапаны бақылаудың статистикалық әдістері кең тараған.

Сапаны бақылау құралдары тиімді болып келеді, сонымен қатар сапаны жүйелі бақылаудың құралдарын қызметкерлер игеруі үшін қолайлы болып табылады. Оларға:

- мәліметтерді жинау және бақылау қағаздары;

- гистограммалар;
- шашылу диаграммалары;
- стратификация;
- себеп-салдарлық байланыстар диаграммасы;
- Парето диаграммасы;
- бақылау карталары жатады.

Мәліметтерді жинау және бақылау қағаздары мәліметтер көзін, жинау уақытын, нысанды тіркеуге арналған, нысан бойынша мәліметтер жай және қолжетімді түрде статистикалық есептеулерді, мәліметтерді тіркеуді жеңіл жүргізуге ыңғайлы болу үшін жиналған.

Бақылау қағазы – өлшеулер мәліметтерін жылдам және дәл жазуға болатындай алдын-ала бақыланатын параметрлер белгіленген бланк.

Парето диаграммасы әр түрлі ақауларға байланысты шығындардың шамасын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Диаграммалар түрлері төмендегідей ерекшеленеді:

-әрекет нәтижелері бойынша (қажетсіз ақаулар мен бұзылуларында көрсетеді);

- себептері бойынша (өндіріс үдерісінде пайда болатын проблемалардың себептерін көрсетеді).

Парето диаграммаларын құрудың сатылары:

1) себептері бойынша диаграмманың түрін таңдау;
2) нәтижелерді жіктеу;
3) әдісті және мәліметтер жинау мезгілін анықтау;
4) мәліметтерді тіркеу үшін бақылау қағаздарын дайындау;
5) маңыздылығының ретімен әр белгі бойынша мәліметтерді саралау;
6) бағаналы диаграмманы салу.

Парето талдауының мәні – ерекше назар қойып іздеуді қажет ететін ақауларды анықтау. Мұнда мынадай ереже бар: барлық ақаулардың 80%-ы аз себептермен туындайды.

Бақылау картасы – мәліметтерді жинауға арналған және жиналған ақпаратты автоматты түрде реттейтін құрал. Бұл – алдын ала бақыланатын параметрлер басылған қағаз бланк, сәйкесінше белгілер мен бейнелер көмегімен мәліметтерді енгізуге болады.

Исикава диаграммасы ақаулардың себептерін анықтауға және осы себептерді жоюға мүмкіндік береді. Исикава сызба-нұсқасы талдау нысанына ықпал ететін және үдерістердің нақты нәтижелерін сипаттайтын әр түрлі факторлардың графикалық реттілігі түрінде болады. Исикава сызба-нұсқасының анықтаушы артықшылығы – ол талдау нысанына ықпал ететін әр түрлі факторлардың (сипаттамалардың) жиынтығы туралы ғана емес, сонымен қатар осы факторлардың себеп-салдарлық байланыстары туралы да көрініс береді.

Құру сатылары: 1) бұйымның сипатталатын нәтижелі сапа көрсеткішін таңдау; 2) сапа көрсеткішіне ықпал ететін басты себептерді таңдау; 3) басты себептерге ықпал ететін екіншілік себептерді таңдау; 4) екіншілік себептерге ықпал ететін үшіншілік себептерді таңдау; 5) маңыздылығы бойынша факторларды саралау және аса маңыздыларын бөлу.

Исикава сызба-нұсқасын құруда факторлардың өзара тәуелділігін және бірлесуін, сонымен қатар сызба-нұсқа жеңіл оқылатындай оны айқын безендіруін қамтамасыз ету басты мәселе болып табылады.

Гистограммалар бағаналы диаграммалардың бірі болып табылады, олар іргелес тіктөртбұрыштар жиынтығы бір түзу сызықтың бойында орналасқанда туындайды. Бұл жағдайда тіктөртбұрыштардың негізі ретінде ені a болатын, бірнеше өлшеулер бөлінетін интервалдар алынады, ал ордината ретінде әр интервалға түскен мәндердің санын сипаттайтын h_i жиіліктер алынады.

Өндірістік практикада гистограммаларды өнімді дайындаудың сапасын бақылауда, өндірістік үдерістердің сапалық және сандық заңдылықтарын зерттегенде қолданады. Гистограмма көмегімен сапа көрсеткіштерін нормативті-техникалық құжаттама талаптарымен, ақауларды жоятын шараларды қолға алу немесе жетілдіргенге дейін және одан кейінгі технологиялық үдерістің күйін салыстырады. Гистограммаларды цехтардың және кәсіпорындардың шығарылатын өнімдерінің сапасы туралы айлық есептерін құрғанда, өнім сапасының дәрежесінің және бақылау мерзімі бойынша еңбектің өзгерісін бағалауда өте тиімді болып келеді.

Гистограмманы салу белгілі бір ретпен жүргізіледі. Алғаш бастапқы жоспарлар кестесін құрады. Кестені толтыру үшін алдын ала интервалдардың санын формула бойынша анықтайды:

$$K = I + 3{,}3\ lgn \qquad (1)$$

мұндағы n – іріктеу көлемі, яғни бастапқы мәліметтер саны (n 100-150 кезінде К-ны 6-10 аралығында, $n > 150$ кезінде К-ны 10-20 аралығында қабылдау ұсынылады; гистограмманы салу кезінде сенімді нәтиже алу үшін n 100-ден кем болмауы керек).

Шашылу диаграммасы (шашылу графигі) екі параметр арасындағы тәуелділік графигі сияқты салынады. Осындай тәуелділікті анықтаудың кең тараған статистикалық әдісі – корреляция коэффициентін бағалауға негізделген *корреляциялық талдау*. Корреляция коэффициенті бірге тең болғанда, зерттелетін параметрлердің өзара байланысы толық, яғни функционалды болуы мүмкін. Функционалдық байланыстың мысалы ретінде дайындама материалының қаттылығы және өңдейтін құралдың тозуын алуға болады: неғұрлым қаттылық жоғары болса, соғұрлым тозу қатты жүреді. Егер мүлдем өзара байланыс болмаса, корреляция коэффициенті нөлге тең болады. Байланысқан шамалардың тәуелділігі толық емес болса, аралық жағдай да болуы мүмкін. Мұндай корреляциялық байланыстың көрінісі ретінде білім, денсаулық, т.б. сияқты қосымша факторлар ықпал еткендегі жұмысшылардың еңбек өнімділігі мен өтілінің арасындағы тәуелділік болуы мүмкін. Осы қосымша факторлардың ықпалы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өтіл мен еңбек өнімділігінің арасындағы байланыс тығыз болады. Міне, осындай байланыстарды корреляциялық талдау зерттейді.

Корреляциялық байланыстар теңдеулермен сипатталады. Бір параметрдің бірнеше параметрлерге тәуелділігін анықтау қажет болған жағдайда *регрессиялық талдау* қолданылады.

Стратификация (мәліметтердің қабаттану әдісі) – үдеріс туралы қажет ақпаратты айқындайтын мәліметтердің селекциясын жүргізуге мүмкіндік беретін құрал. Ерекшеліктеріне байланысты мәліметтерді топтарға бөледі, оларды қабаттар (страталар) деп атайды.

Бөлу үдерісі қабаттану немесе стратификация деп аталады.

Қабаттану орындаушылармен; масштабпен және құрылғымен (жаңа және ескі, марка, конструкция, материал, өндіру орны, өндіруші фирмасы, партия, шикізат сапасы бойынша); өндіру әдісі бойынша (температура, технологиялық амалдар бойынша); өлшеулермен (өлшеу түрі, өлшеу дәлдігі бойынша) жүзеге асырылады.

Ұстануға қажет шарт – кездейсоқ шамалардың мәндері мен қабаттар арасындағы айырмашылықтар минималды болу керек; қабаттар арасындағы айырмашылықтар мүмкіндігінше көп болу керек.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Ефимов В.В. Статистические методы в управлении качеством. Ульяновск: УлГТУ, 2003-134 с.

Гусманов Д.А., Федоренко О.В., Нурмуханова А.З.

Анализ использования статистических методов по контролю технических процессов на строительном предприятии

Аннотация. В данной статье рассматривается контроль за качеством продукции, а также использование статистических методов на строительном предприятии.

Ключевые слова: метрология, контроль качества, строительные материалы, статистические методы, затраты, виды контроля.

Gusmanov D.A., Fedorenko O. V., Nurmukhanova A. Z.

Analysis the use of statistical methods for control technical processes in the construction company

Summary. This article rassmatrivaetsya control over the quality of the products, and the use of statistical techniques at a construction plant.

Key words: metrology, quality control, building materials, statistical methods, costs, controls.

УДК 004.522

Е. Н. Амиргалиев[1], Т. Р. Мусабаев[2], Р. Р. Мусабаев[1],
([1]Институт информационных и вычислительных технологий КН МОН РК,
Алматы, Республика Казахстан,
3. Жүректің ишемиялық ауруы және миокардтың жедел инфаркты бар науқастарда емделудің үшінші және тоғызыншы күндерінде экстрасистолдардың шынайы орта мәні үшін 95 % сенім интервалдары:

M_1=3,27±2,14×0,64=1,9-4,64 1/с;

M_2=30,2±2,26×2,39=24,8-35,6 1/с;

M_3=13,4±2,26×1,63=9,7-17,1 1/с;

M_4=4,7±2,26×0,73=3,1-6,3 1/с.

4. 95 % ықтималдықпен жүректің ишемиялық ауруы бар науқастарда экстрасистолдардың саны 1/с 0-ден 8,6-ға дейінгі мәндерді қабылдауы мүмкін, жедел инфаркты бар науқастарда экстрасистолдардың саны 1-тәуләкте 1/с 13,1-ден 47,3-ке дейінгі мәндерді; үшінші тәулікте – 1,8-ден 25,0 дейінгі мәндерді; тоғызыншы тәулікте 1/с 0-ден 9,9-ға дейінгі мәндерді қабылдауы мүмкін

X_1=3,27±2,14×2,49=0 - 8,6 1/с;

X_2=30,2±2,26×7,55=13,1 - 47,3 1/с;

X_3=13,4±2,26×5,15=1,8 - 25,0 1/с;

X_4=4,7±2,26×2,31=0 - 9,9 1/с;

5. Барлық топтардағы Х көрсеткішінің таралуын қалыптыға жуық деп ұйғару қажет, себебі орта мәндер жуық шамамен тең (орта арифметикалық мән мен медиана), минимальды және максимальды мәндердің орта мәнге қатысты симметриялығы, ассиметрия және эксцесс коэффициенттері абсолют шамасы бойынша асып кетпейді. Сондықтан, топтардағы көрсеткіштердің айырмашылығының мәнділігін бағалау үшін параметрлік Стьюдент критерийін қолдануға болады.

6. Ырғақ бұзылуының көрсеткіші – миокардтың жедел инфарктымен ауыратын науқастардағы экстрасистол саны 1-ші және 3-ші күндерде жүректің ишемиялық ауруымен ауыратын науқастармен салыстырғанда едәуір ұлғайған ($p<0.001$). Науқастарды клиникада кешенді емдеу кезінде тоғызыншы күні экстрасистол саны едәуір төмендеген және ол ЖИА науқастарының бақылау тобының көрсеткішінен сәл ерекшеленеді. ($p>0,05$) .

7. Алынған нәтижелер науқастарды клиникада емдеудің миокардтың жедел инфаркты кезінде ырғақтың бұзылуына тиімді әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Наследов, А. SPSS. Компьютерный анализ данных в психологии и социальных науках / А. Наследов. – СПб.: Питер, 2005.

[2] Новиков, Д.А. Статистические методы в медико-биологическом эксперименте (типовые случаи) / Д.А. Новиков, В.В. Новочадов. –Волгоград: ВолГМУ, 2005.

[3] Петри, А. Наглядная медицинская статистика / А. Петри, К. Сэбин. –Москва : ГЭОТАР-МЕД, 2010.

[4] Гланц, С. Медико-биологическая статистика / С. Гланц. – М. : Практика, 2007.

[5] Ланг, Т.А. Описание статистики в медицине. Руководство для авторов, редакторов и рецензентов / Т.А.Ланг, М.Сесик. - М. : Практическая медицина. – 2011.

[6] Юнкеров В.И., Григорьев С.Г. Математико-статистическая обработка данных медицинских исследований. СПбю: ВмедА, 2006.

Бекенаева К.С., Рыскан А.Р., Жыланбаева Б.К.

Применение пакета MS Excel в статистических исследованиях

Резюме: В современном обществе к статистическим методам проявляется повышенный интерес как к одному из важнейших аналитических инструментариев в сфере поддержки процессов принятия решений, не зависимо от области - : политическая, финансовая, техническая, научно-исследовательская. Поэтому изучение прикладной статистики и методов анализа данных является неотъемлемым компонентом образования на всех уровнях, а компьютерные пакеты для аналитических исследований и прогнозирования являются настольным рабочим инструментом любого специалиста, так или иначе связанного с информационной сферой. Большим шагом вперёд к развитию статистической науки послужило применение математических методов и использование компьютерной техники в анализе социально-экономических явлений.

Всесторонний и глубокий анализ статистических данных предполагает использование различных специальных методов, важное место среди которых занимают возможности табличного процессора MS Excel. Усвоив технологию использования табличного процессора MS Excel, можно применять его по мере необходимости, получая знание о скрытых связях, улучшая аналитическую поддержку принятия решений и повышая их обоснованность. В данной работе показано, что табличный процессор MS Excel обладает огромными возможностями для решения задач медицинской статистики, облегчая работу специалистов, работающих в этой области.

Bekenayeva K.S., Ryskan A.R., Zhylanbaeva B.K.

Application of MS Excel package in statistical analysis

Summary: In modern society to statistical methods great interest as to one of the major analytical tools in the sphere of support of decision-making processes is shown, it isn't dependent on area-: political, financial, technical, research. Therefore studying of applied statistics and methods of the analysis of data is the integral component of education at all levels and computer packages for analytical researches and forecasting is the desktop working tool of any expert anyway connected with the information sphere. As a big step forward to development of statistical science application of mathematical methods and use of the computer equipment has served in the analysis of the social and economic phenomena.

The comprehensive and deep analysis of statistical data assumes use of various special methods among which important place is taken by possibilities of the tabular MS Excel processor. Having acquired technology of use of the tabular MS Excel processor, it is possible to apply it as required, receiving knowledge of the hidden communications, improving analytical support of decision-making and increasing their validity. In this work it is shown that the tabular MS Excel processor has huge potential for the solution of problems of medical statistics, facilitating work of the experts working in this area.

УДК: 006.015.5

Ж. Қуанышбай, Ө. Мухаметкаримова, Э. М. Зульбухарова, А. З. Нұрмұханова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы қаласы, Қазахстан Республикасы)

ӨНІМ ТҮРЛЕРІ МЕН СЫНАҚ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Түйіндеме. Бұл мақалада әр топта өткізілген сынақтардың түрлері мен олардың әр топта өткізілу реті көрсетілген.

Түйінді сөздер: сапаны бақылау, сынақтардың методикасы, үлгілері, вибротөзімділік, теңіз туманының әсері, суыққа төзімділік.

Бұл сынақ өнім қасиеттерін алу жолындағы қиын процесстердің бірі. МЕСТ 16504-81 «сынақ» терминіне мынадай түсінік беріледі: оған әсер ету нәтижесі ретінде сынақ объектісінің қасиеті, көлемі мен сапасының экспериментальдық анықтамасы болады. Сынақ процессіне бірнеше белгілер тиесілі. Жұмыскерлердің сынақ процессі кезінде кездестірген терминдерді дұрыс түсіну мақсатында бірнеше мысал келтірейік.

Сынақ мақсаты мынадан тұрады:

-Берілген талаптарға сәйкес объектінің қасиетін сәйкестендіру;

-Объекті қасиеттерінің сапалы және жоғары бағасын алу.

Сынақ жүргізіліп жатқан кезде, ол объектінің барлық қасиеттері мен белгілерін біліп түсіну керек. Сынақ жүргізбес бұрын, міндетті түрде сынақты жүргізу нұсқаулығымен танысу керек. Сынақ жүргізуді жоспарлаған соң ол объектінің функцияландыру режимдерін, оған әсер етуші факторлардың бір-бірімен қатынасын ескеру керек.

Ықпал етуші факторлардың жиынтығының жүзеге асырылуы сынақ құралдарымен қамтамасыз етіледі. Олар: техникалық құрал, сынақ өткізуге қажет заттар мен материалдар. Оған мыналар жатады: өлшеу құралы, сынақ жабдығы және көмекші техникалық құрылғылар. Сынақ өткізу кезінде объектінің қасиеттерін анықтау сипаттамасын жүргізу үшін келесі әдістерді қолданады: өлшеу, сараптау әдістер, органолептикалық, салыстырмалы әдіс (үлгімен, өлшеммен), диагностикаландыру әдісі. Сынақ жүргізу кезінде тіркелген объект қасиеттері мен жағдайын қалыптастырып сынақ нәтижесін анықтайтын сынақ мағлұматтарын қалыптастырады.

Өнімге жасаған сынақтың нәтижесі төмендегідей болуы мүмкін:

-объект қасиетінің сипаттарын бағалауы;

-сынақ кезінде объектінің жұмыс істеуінің сапасының нәтижесі.

Өнімді өндіру және шығару жалпы жағдайда бірнеше қатар жұмыстар өткізуін қарастырады. Олардың ішінде маңыздысы-МЕСТ 15.001-73. Өнімге жасалатын негізгі сынақ түрлері МЕСТ 16504-81-пен анықталған.

Госқабылдаудың әдістемелі және квалификацияландырылған сынақтарға қатысуы. Әдістемелік сынақтардың сапалы өнім үлгілері бар. Жеке-дара өндіріс үшін бұл модельдерді эксплуатацияға жіберу көзделеді.

МЕСТ 26964-86 сәйкес госқабылдаудың өкілі қазылар алқасының құрамына енгізіліп, төмендегідей сұрақтарды шешуге ат салысады:

-үлгінің техникалық тапсырмаға сәйкестігін тексеріп құжатардың растығын зерттейді;

-бағдарламалардың жетісуі мен сынақтардың әдістерін бағалайды;

-өнімді эксплуатациялауға конструкторлық және техникалық құжаттарды бағалайды;

-сынақтардың сынақтарға жарамдығын бағалайды;

-серияны бекітіп құрау қажеттілігін бағалайды.

Осы мәселелерді шешу барысында госқабылдау «бағдарлама» және «методика» терминдерінен туатын мазмұнды ескеру керек.

Орындалуға тиісті сынақ бағдарламасының құрылымдық-методикалық құжаты. Бағдарламада орнатылған түсініктердің мазмұнын қарастырайық. Бағдарламада ол объект туралы мынандай мағлумат болуы тиіс: жасап біту мерзімі, құжат номері, құрылымның конструкциясы мен ерекшелігі, объекттің параметрлері мен қасиеті, өзгеріске енгізуге болатын заттың мерзімі, сыртқы көрінісі мен электрлік параметрлеріне деген талаптар. Олардың атауларынан-ақ көрініп тұратын ведомствоаралық, мерзімді, стендтік сынақтардың мақсаты белгілі болуы керек.

Жүргізілетін сынақтардың методикасы, түрі, көлемі және реті. Бағдарламалар бөлімінде сынақ жүргізілетін заттардың саны мен жалпы факторлардың әсері бола тура сынақтың жүргізілу мерзімі, сынақ жүргізу кезеңділігі, құрамы және сынақтардың жүргізілу реті, сынақ режимдерінің параметрлері және т.б. кейбір сынақтардың түрлері, көлемі және реті мемлекеттік стандарттарға сәйкес белгіленуі мүмкін.

Сынақ жүргізіп жатқан кезде оны жүргізу реті өте маңызды рөл атқарады. Параллельді, жүйелі және жүйеленген-параллелді сынақ әдістері қолданылады. Мысалы, жүйелі әдісте тура сол объект біртіндеп бағдарлама белгілеген сынақтардың барлығынан өтеді. Ал параллелді әдіс жүргізген кезде объект бір кезеңде бірнеше әсер етуші факторлардың әсерінде болады. Мағлұматты өте қысқа мерзімде алуға да болады, алайда ол үшін сынақ жүргізілетін объект көп болуы керек. Жүйеленген-параллелді әдіс нақты жағдайда әсерлі түрде белгілі бір әдісті қолдануға негізделген. Сынақ жүргізу үшін таңдап алынған барлық заттар параллелді әдіс жүргізілетін топтарға бөлінеді. Осы секілді топқа бөліп сынақ жүргізілу әдісі төмендегі 1-кестеде көрсетілген [1].

1-кесте

Топ	Сынақ түрлері
I	1.Вибротөзімділік; 2.Ұзақ уақытылы әсер кезіндегі вибротөзімділік; 3. Мықты беріктігі; 4. Мықты төзімділігі; 5. Ортаға тартқыш үдеу әсеріне төзімділігі; 6. Жалғыз соққылардың үдетіле берілген соққылары; 7. Температураның циклдік әсері; 8. Биіктігі; 9. Күн радиациясының әсері; 10.Шаңның әсері.
II	1. Ұзақ уақытылы жылуға төзімділігі; 2. Теңіз туманының әсері.
III	1. Ұзақ уақытылы ылғалға төзімділігі; 2. Суыққа төзімділігі; 3.Қырау және шық әсері.
IV	1. Саңырауқұлақтарға төзімділігі.

Сынақ методикасының негізгі мазмұнын ашайық. Методика мынаны қамтуы керек:

-анықтама берілетін объект қасиеттері бар қолдану аясы мен мақсатын;

-сынақ нәтижесі бола алатын түйін;

-сынақ шарттары мен қасиеттерінің жиынтығы;

-бұл нұсқау анықталмаса да сынақ нәтижесіне әсер ететін тиесілі қасиеттер;

-сынау әдісінің сипаттамасы мен атауы;

-тоқтатылу критерийлары бар сынақтардың жоспары;

-сынақ деректерінің нақтылығы мен нормалары;

-сынақтардың дұрыс немесе бұрыс болуының нәтижесі;

-объектпен қарым қатынасты қамтамасыз ететін, белгіленген мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін сынақ құралдарына талаптары;

-сынақ жүргізу үшін жұмсалған материалдардың нормасы;

-сынақ жасау үшін белгіленген үлгіні сақтау ережесі, таңдап алу әдісі мен процесстің жүргізілу ретін сипаттау.

-берілген сынақты өңдеу алгоритмі, мүмкін болған жағдайда деректерді ЭВМ арқылы бақылап деректерді өңдеу;

-мүмкін нәтижелердің барлығын қарастырып сынақ нәтижесін шығару;

-қоршаған ортаны қорғау және оның қауіпсіздік талаптары [2].

Сынақ методикасы әзірлеуші мекемемен жасалынып шығарылады. Сынақ методикасы аттестелуы тиіс және белгілі бір шарттарға негізделген аттестаты болуы керек. Оны сынақ мекемелері мен сынақ бөлімшелерінің қызметкерлері метрологиялық қызметкерлермен бірлесіп жүргізеді. Аттестация нәтижесі МЕСТ 7.32-81 техникалық есептермен ресімделеді.

Аттестат-аттестацияны жүргізген адамның қолымен расталуы керек.

Сынақтың әзірленген әдістемесі оны құраушы адамның қолымен расталады. Сынақ методикасының бағдарламасында жоқ болатын болса, ол жеке құжат ретінде бекітіледі. Бағдарламада осы құжатқа сілтеме берілуі керек. Сынақтың өту жағдайы, өтетін орны және мерзімі жайында шешім қабылдайтын кезде, жаңа бұйым жасап шығаруда зауыттың бірнеше бөлімшелері қатысатынын ескеру керек. Сондықтан, жеке орындаушылар мен бөлімшелердің мақсатты әрекеті келісімі осы тараумен ұсынылады. Тәжірибелік үлгі және бекіткіш серияның сынақ бағдарламасына механикалық және климаттық сынақтардың барлық түрлері кіруі керек, ал топтама болып өндірілетін үлгілер үшін тек стандарттарда және Техникалық шарттарда (ТШ-да) қарастырылған сынақтар өткізілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Малинский В.Д. Контроль и испытания радиоаппаратуры.-М.:Энергия, 1970-336 с.

[2] Мировская Е.А. Проведение испытаний и приемка продукции машиностроения -М.: Изд-во стандартов, 1988-64 с.

Қуанышбай Ж., Мухаметкаримова Ө., Зульбухарова Э.М., Нурмуханова А.З.

Анализ видов и методов испытаний продукции

Аннотация: В данной статье изложены виды испытаний на группы и последовательность их проведения в каждой группе.

Ключевые слова: контроль качества, испытание, методика испытаний, образцы, виброустойчивость, вибропрочность, воздействие морского тумана, холодоустойчивость.

Kuanyshbay J., Muhametkarimova O., Zulbuharova E.M., Nurmukhanova A.Z.

Analysis of the types and methods of product testing

Summary. This article describes the types of test group and sequential order in each group.

Key words: quality control, testing, test method, samples, vibration, vibration, the effects of sea fog, cold resistance.

УДК: 004.65

Н. Б. Құрбанқожаев, А. К. Нурсейтова, А. З. Нұрмұханова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қаласы, Қазахстан Республикасы)

КӘСІПОРЫНДАРДА МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫН ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ

Түйіндеме: Бұл мақалада негізінен кез-келген кәсіпорынның тиімділігі немесе мекеменің байланысты ақпаратты өңдеу жүйесінің маңызды категориясы баяндалған.

Түйін сөздер: бақылау, сапа, бағдарлама, аппараты, бағдарлама құралдары, деректер құрылымы.

Заманауи өмірді тиімді басқарусыз елестету мүмкін емес. Маңызды көрсеткіш кез келген кәсіпорынның немесе мекеменің тиімділігі тәуелді болатын ақпаратты өңдеу жүйесі болып табылады. Мұндай жүйе міндетті:

- жұмыс қорытындыслары бойынша жалпы және/немесе толық нақты есептерді қамтамасыз етуге;
- маңызды көрсеткіштердің өзгерістерінің беталысын оңай анықтауға мүмкіндік беруге;
- аз уақытта қандай да бір бөгелусіз ақпаратты алуды қамтамасыз етуге;
- мәліметтерді нақты және толық талдауды орындауға.

Заманауи ДББЖ негізінен Windows қосымшалары болып табылады, себебі бұл орта DOS ортасымен салыстырғанда дербес ЭЕМ мүмкіндіктерін толық қолдануға мүмкіндік береді. Өнімділігі жоғары ДК құнының төмендеуі бағдарламалық қамтамасыз етудің дайындаушысы ресурстардың таралуына көп алаңдамайтын Windows ортасына кең көлемде ауысуға негіз болады, сонымен қатар ДК және ЭЕМ аппараттық ресурстарына көп талап қоймайтын ДББЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді жасады.

Деректер базасын басқару жүйесінің өкілдерінің ішінде «клиент-сервер» технологиясы бойынша құрылған қосымшаларда қолданылатын келесілерін ерекше көрсетуге болады: LotusApproach, MicrosoftAccess, BorlanddBase, BorlandParadox. Іс жүзінде кез келген заманауи ДББЖ қолдану саласы және мүмкіндіктері ұқсас басқа компания шығаратын аналогы болады, кез келген қосымша мәліметтердің берілуінің көптеген форматтарымен жұмыс істей алады, конвертерлердің көп болуының арқасында мәлімттердің экспортын және импортын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар басқа қосымшалардың мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік беретін технологиялар, мысалы мәтіндік процессорлардың, графиктерді тұрғызу пакеттерінің және т.б., және жоғары деңгейдегі тілдердің орнатылған нұсқалары (көбінесе SQL диалектілері және/немесе VBA) және дайындалып жатан қосымшалардың визуалды бағдарламалау құралдары жалпы қабылданған технологиялар болып табылады. Сондықтан

нақты қосымша қай тілде және қандай пакеттің негізінде жазылғандығы және онда қандай форматтағы деректер қолданылатынының маңызды емес. Сонымен қатар «қосымшаларды жылдам дайындау» немесе кең аралықта декларацияланатын әдебиетте «ашық тәсілге» негізделген RAD яғни әр түрлі қолданбалы қосымшаларды және технологияларды мәліметтерді өңдейтін қолайлы және қуатты жүйелерді дайындау үшін қолдану қажеттігі және мүмкіндігі «де-факто» стандартына айналды. Сондықтан «классикалық» ДББЖ бір қатарда қосымшаларға қажетті құраушыларын жұмыс жылдамдығы бойынша жылдам жасауға мүмкіндік беретін, «классикалық» ДББЖ құралдарымен қиын, кейде тіпті мүмкін болмайтын VisualBasic 4.0 және Visual C++ бағдарламалу тілдері жиі айтылады. Деректер базасын басқаруға заманауи тәсіл сонымен қатар «клиент-сервер» технологиясын кең қолдануға негізделген [1].

Осылайша, бүгінгі күні қандай да бір нақты пакеттің аясына қатысы жоқ дайындаушы қойылған тапсырмаға тәуелді әр түрлі қосымшаларды қолдана алады. Сондықтан қазіргі кезде ДББЖ және қосымшаларды дайындайтын басқа құралдардың дамуының жалпы бағыттары маңызды болып табылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорында өндірісті техникалық дайындауды автоматтандыру туралы сөз болған кезде көптеген жағдайда бағдарламалық-аппараттық кешенді жаңадан құрастыру емес, жұмыс істеп жатқан зауытқа автоматтандырылған жүйенің құраушыларын енгізу туралы айтылады. Тапсырыс берушілердің барлығы жуық конструкторлық және технологиялық дайындықтың автоматтандырылған қандай да бір жүйесін қолданады, бірақ сонымен бірге жаңа технологияны қолдануды қажет етеді. Әркімнің бұл жөнінде өзінің себептері болуы мүмкін:

- қолданыстағы бағдарламалық құралдар жаңа талаптарға сай келмейді, кәсіпорынның алдында тұрған тапсырмаларды жылдам және сапалы шешуге мүмкіндік бермейді;
- қолданыстағы жүйе қызметі жағынан жарамды, бірақ оның өнімділігі жеткіліксіз, сондықтан заманауи және қуатты платформаға ауысу керек, бұл жаңа бағдарламаға ауысу немесе со бағдаралманы қайтадан жазу дегенді білдіреді;
- қолданыстағы жүйе жұмыс істейтін есептеуіш техника сапалық және физикалық ескірген және жұмыс жағдайына жарамсыз;
- нарықтағы жағдайдың өзгеруімен байланысты кәсіпорынның алдына принциптік жаңа тапсырмалар қойылады, оларды қолданыстағы құралдармен шешу мүмкін емес.

Жұмыс істеп жатқан технологиядан мүлде бас тартып жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану үнемі қатерлі, көбінесе – мүмкін емес болады: бұл жақсы деген жағдайда конструкторлық және технологиялық дайындық бойынша жұмысты қиындатады, ал тіпті нашар жағдайда – оларды белгісіз мерзімге мүлде тоқтатады.

Жүйенің құраушыларын бұрында құрылған деректер базасын – шығарылатын бұйымдар, материалдар, технологиялар, дайындауға еңбек нормативтері туралы электронды түрлегі ақпаратты қолдану мәселесін қатар шеше отырып бірнеше сатыда енгізген дұрыс. Жаңа бағдарламаларды қажетті парамтерлермен және кестелермен қолмен толықтыруға болады, бірақ жинақталған ақпараттың көлемін ескерсек, бұл процесс жылдарға созылуы мүмкін. Сатып алынатын БҚЕ негізгі құраушыларына енгізілген мәліметтермен шектелуге де болмайды – тапсырыс беруге қажетті ақпараттың біраз бөлігінің онда болмауы да мүмкін, себебі ол әрбір кәсіпорын үшін бірегей болады. Ең дұрыс шешім – қолданыстағы жүйенің ДБ автоматты түрде ауыстыру.

Автоматты түрде ауыстыруды сізде төмендегілер болған жағдайда жүзеге асыра аласыз:

- деректерді жаңа жүйеге импорттаудың принциптік мүмкіндігі;
- енгізілетін қосымшалармен қолданылатын және барлық қажетті ақпаратты жазуға мүмкіндік беретін деректер құрылымы.

Егер көрсетілген шарттар орындалса, онла осындай жұмыстың мүмкіндігі туралы емес, оның құны туралы айту керек.

Деректер базасын ауыстыру TechnologiCS - өндрісті конструкторлық-технологиялық дайындау үшін арналған жаңа бағдарламалық пакетті дайындау кезінде жақсы ойластырылған.

Пакет бұйымның құрамын жүргізуге, технологиялық процестерді жобалауға, конструкторлар және технологтар дайындаған ақпараттың негізінде әр түрлі салыстыру есептерін жүргізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, оны тиімді қолдану үшін ерекшеліктердің, материалдардың, жабдықтардың, құрал-саймандардың, технологиялық процестердің деректер базасы қажет. TechnologiCS енгізі осын-

дай ақпаратты (электронды түрде бар) пакеттің бірыңғай деректер базасына ауыстырады. Ауыстыру рәсімін барынша оңайландыру және меңілдету үшін арнайы механизм дайындалған.

Жалпы жағдайда ауыстыру құрылымы жүйенің құжаттамасынжа сипатталған аралық DBF-файл арқылы жүргізіледі. Бұл файлға жүктелген ақпарат автоматты түрде TechnologiCS жүйесіне көшіріледі. Аралық файлсыз деректер базасын ауыстыруға да болады, бірақ бұл оңай болсын бағдарламалауды талап етеді. TechnologiCS деректердің құрылымы оған кәсіпорынның деректер базасында жинақталған кез келген конструкторлық-технологиялық ақпаратты ауыстыруға болатындай жасалған.

TechnologiCS жүйесін тестілеген кезде бірнеше машина жасау кәсіпорындарының ДБ ауыстыру жүргізілген. Осындай базаның біреуін ConsistentSoftware Новосібірлік бөлімшенің мамандары Рубцов машина жасау зауытынан қарапайым қатты дискте төрт файл түрінде алған. ЕС есептеуіш машинасында бұл зауыт өндірісті техникалық дайындаудың бірқатар тапсырмаларын шешу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді (өздері дайындаған) орнатқан. Ескі компьютер толық істен шыққанға дейін деректер базасын PC көшіріп жазған және DBF форматқа ауыстырған. Бірақ деректер қайтадан қажет болған жағдайда онымен жұмыс істеген бағдарламалар болмаған, ал өндірушілерден оны табу мүмкін болмады. Берілген файлдарда қандай ақпарат бар екендігін бірден түсіне алмады: кейбір мәліметтерді деректер базасындағы өрістің атауы бойынша қалпына келтірген, ал басқаларына ескі жүйеде тұтынушы ретінде жұмыс істеген зауыттың мамандары көмектескен.

Шамамен мыналар анықталған. Деректер базасында өнеркәсіп өндіретін өнімдердің номенклатурасының толық тізімі, сонымен қатар қолданылатын стандартты және сатып алынатын бұйымдардың тізімі болған. Бұйымның құрылымы туралы ақпарат бөлімдерге бөлінбеген ерекшеліктер түрінде көрсетілген. Сонымен қатар бұйымның құрамы туралы деректер базасында бұйымдардың цехтардан өту бағыты енгізілген, бұл жиі қолданылатын бағдарға қатысты ақпаратты көшіруде қиындық тудырды. Материалдар кодтарына сілтememен нормативтердің базасы болған, бірақ материалдардың анықтамалығы табылмады. Еңбек нормативтерінің базасында жабдық немесе операциялар туралы ешқандай ақпарат болған жоқ, бірақ мамандық коды, еңбек шарттары және тарифтік тор, яғни жүктелімді және басқа құжаттарды басыпшығару үшін қолданылған мәліметтер болған.

Барлық ақпаратты TechnologiCS жүйесіне ауыстырумен бір бағдарлама жасаушы айналысқан. Процесс e-mail бойынша жазуға және зауытта қажетті ақпаратты іздеуге кеткен уақытты қосқанда бір аптаға созылған.

Нәтижесінде TechnologiCS номенклатуралық анықтамлығы, стандартты және сатып алынатын тетіктердің, құрастырылған бірліктердің және материалдардың анықтамалықтары қалыптастырылған; автоматты түрде барлық ерекшеліктер енгізілген; бұйымдардың құрамымен технологиялық процестер толықтырылған және байланыстырылған (әлбетте тек өту бағдарыс, сонымен қатар еңбек және материалдық нормалар).

Осы ақпараттың негізінде TechnologiCS пакетін орнатқаннан кейін бірден мына тапсырмаларды шешуге кірісуге болатын еді:

- жиынтық еңбек сыйымдылықтың және материал сыйымдылықтың тетіктерге және түйіндерге, сонымен бірге тұтастай бұйымға есептелуі; тапсырыстарды қалыптастыру;
- цехтар бойынша ерекшеленген материалдардың қажеттіліктерін есептеу;
- разрядтар, цехтар және т.б. бойынша ерекшеленген жиынтық еңбек сиымдылығын есептеу; өндірістік кезеңді есептеу.

TechnologiCS жүйесімен қағаз құжаттарды ыңғайлы және қарапайым генерирлеу тұтынушыларға барлық қажетті тізімдемелерді және есептерді үйреншікті түрде алуға мүмкіндік береді.

Технологиялық процестер электронды түрде берілген кәсіпорындара ерекшеліктер, материалдардың, технологиялық операциялардың және ауысулардың, жабдықтардың, құралдардың анықтамалықтары, барлық осы деректер өзгеріссіз TechnologiCS көшіріледі, бұл жүйемен оны орнатып және тұтынушыны алғаш үйреткеннен кейін бірден жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бағдарлама интерфейсінің қарапайымдылығын және қызметін ескере отырып, жаңа өнімді жылдам және қиындықсыз енгізу туралы айтуға болады [2].

Егер қағаз құжаттар және анықтамалықтар электронды түрге ауыстырылмаса жағдай басқаша болады. мұна автоматтандырылған жүйені қолмен енгізбесе болмайды. Тұтынушылардың өмірін барынша жеңілдету үшін TechnologiCS деректер базасын бағдарламамен жұмыс барысында өзгерту мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, технологиялық процесті жобалай отырып, бірден құралдардың

анықтамалығына жетпей тұрған бағдарды қосуға болады. Әрине көшірудің мұндай режимі тек бірінші сатыда деректер базасы аз кезінде орындалады, анықтамалықтарды жүргізу және оларды қолдану қызметін бөлген дұрыс. TechnologiCS бұл деректерге қол жетімділікті баптаудың көмегімен жүзеге асырылады.

Жаңа конструкторлық-технологиялық бағдаралмалық кешенді енгізгене туындайтын тағы бір мәселе бар. Ескі деректер базасын қолданудан толық бас тарту оларды жаңа жүйеге ауыстырғаннан кейін де қиынға соғады. Сондықтан, мысалы ескі базалардың құрылымымен өндірісті конструкторлық-технологиялық дайындауға қатысты қосымшалар ғана емес, сонымен қатар ары қарай толық көлемде қолдануға қажет болатын есептік және экономикалық тапсырмалар да жұмыс істейді. Бірін бірі қайталайтын базалардың бір мезгілде қолданылуы ерте ме кеш пе күрделі мәселеге алып келеді, себебі өзгерістерді толық синхрондау өте күрделі және оны басқару қиын, ал зауытта белгіленуі бірдей әр түрлі бекітілген құаттардың болуына рұқсат етілмейді. Ескі қосымшаларды жаңа ДБ жұмысқа бейімдеу де әрқашан мүмкін бола бермейді. Мұндай жағдайда жаңа жүйені өнеркәсіптік қолдануға ауысу сатысында онда ары қарай қолданылатын бағдарламаның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті құрылымдарға деректерді периодты түре көшіру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл процесс автоматты түрде немесе тапсырманың немесе тұтынушының талап етуі бойынша орындалуы мүмкін. Осы шешім техникалық тұрғыдан жеткілікті түрде оңай жүзеге асырылады.

ЛИТЕРАТУРА

[1] stud24.ru/information/.
[2] ru.wikipedia.org/wiki/TechnologiCS.

Құрбанкожаев Н.Б., Нурсейтова А.К., Нурмуханова А.З.

Анализ использования базы данных на предприятии

Аннотация: В данной статье рассматривается важная категория системы обработки информации, от которой во многом зависит эффективность работы любого предприятия или учреждения.

Ключевые слова: контроль, качество, программа, аппараты, программные средства, структура данных.

Kurbonkhojaev N. B., Nurseitova A. K., Nurmuhanova A.Z.

Analysis of the use of databases in the enterprise

Summary. This article discusses important category of information processing systems, which largely depends on the efficiency of any enterprise or institution.

Key words: control, quality, program, vehicles, software, data structure.

УДК: 531.391.2

Е. Абілмажім, М. Джуманова, Э. М. Зульбухарова, А. З. Нұрмұханова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы қаласы, Қазахстан Республикасы)

СҰЙЫҚ ЖӘНЕ ГАЗ ҚОСПАЛАРЫН БӨЛУ ПРОЦЕСТЕРІНДЕ МЕМБРАНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ, ТАЛДАУ

Түйіндеме. Бұл мақалада қос коагуляция ваннасы арқылы полиэфир сульфоны жасалған қуыс талшықтар түрінде асимметриялық мембраналар қарастырылады.

Түйінді сөздер: мембрана, сұйық және газ қоспасы, процесс, тығыздық, мембрана құрылымы, геометриялық сипаттамалары.

Қос коагуляция ваннасы полиэфирсульфон әдісін жасалған қуыс талшықтарды түрінде асимметриялық мембраналар құру. Пайдаланылатын мембранасының сипаттамалары, сондай-ақ, атап айтқанда мембрананың геометриялық сипаттамаларына байланысты мембраналық модулінің құрылымы, ғана емес арқасында сұйық және газ қоспаларын бөлу мембраналық технологияны қолданудың тиімділігі. Тегіс, прокат, құбырлы және қуыс талшықты: бүгін біз шамамен төрт тән геометриялық конфигурацияларды айтуға болады. 50% коэффициенті орау 1987 жағдай, қуыс талшықтар газ

көптеген жетекші өндірушілердің газ қоспаларын коммерциялық бөлу негізгі құралы болып отыр. Асимметриялық қуыс талшықтар сұйық қоспаларды бөлу үшін пайдаланылуы мүмкін: мысалы, компания «Монсанто» (АҚШ) органикалық сұйықтар дегидратация әдісі әзірленді. Кеуекті мембраналық газдар және сұйықтар өнеркәсіптік өндірістік процестерді көпшілік үшін жоғары селективті алуға мүмкіндік бермейді. Тері тесігі мөлшерін функциясы ретінде кеуекті мембрана арқылы газдардың өткізгіштігінің бірі Кнудсен ағымдары немесе Пуазейль болып табылады [1]. Бірінші жағдайда, молекулалық массалар қатынасы квадрат түбірінің селективтілігі, және құрамдастары сіңетін екінші мөлшері молекулалар. Газ тәріздес және сұйық қоспаларды бөлу үшін, тығыз пористі емес қабаты мембраналар. Онда тығыз құрылымы бар қуыс талшықты қалыптастыру екі негізгі жолы бар: сұйықтан және ерітіндіден балқыту.

Бірінші жағдайда, термопластикалық полимер осылайша талшықты қажетті пішінді қол жеткізу, бір бөлу арқылы экструзиядан кейін инертті атмосферада, 470 К жылытуға ұшырайды. Мембрананың құрылымы салқындату және қататын шарттарымен анықталады. Мұндай мембрананың қабырға қалыңдығын азайту мақсатында 50 мм және 5 мкм қабырға қалыңдығы бар диаметрі қуыс талшықтарды алуға мүмкіндік береді, ол созылуға ұшырайды.

Бұл әдістің кемшілігі бүкіл қабырғаның қалыңдығы арқылы анықталатын мембранасының орындалуы, салыстырмалы төмен болып табылады. Одан әрі механикалық мембранасының беріктігі мен, жалпы, олардың өндіріс мүмкіндігі бар проблемаларды қабырға қалыңдығын әрекеттерін азайтуға болады. Полимер ерітіндіден қуыс талшықтар жасау әдістері тығыз құрылымын құру әдісіне байланысты түрлерге бөлуге болады. Бірінші әдіс полимер жұқа қабаттың қоспасын бөлу қамтамасыз етіледі және кеуекті қабаты материяның тасымалдау және мембрана механикалық беріктігі үшін ғана жауапты кезде кеуек ұлтанды композитті мембрана құру негізделген.

Бұл әдістің кемшілігі көп сатылы процесс болып табылады: шын мәнінде, өндіру операция екі кезеңде жүзеге асырылады - кеуектілігі мембраналар өндіру, содан кейін композициялық. Сонымен қатар, қаптау процесі QA соңғы қабықты мүмкін болмаған күрделі техникалық мәселе болып табылады.

Екінші әдіс селективтілікті қамтамасыз етеді және кеуекті қолдау бірыңғай қадам процесінде мембрананың механикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жұқа тығыз қабаты тұратын мембраналық болып аталатын асимметриялық қабықты жасау болып табылады. Полимерлік шешімнің өтініш боынша фаза процесінде ағынның қатайтылған жауын-ванна нәтижесінде, ішіне өлу арқылы Экструдировкаға ұшырайды. Онда тұнбаның тереңдігін сіңіп шешуінің екі беті бар. Жалпы алғанда, сыртқы және ішкі RH құрамы әр түрлі болуы мүмкін. Әдетте, бұл операция нәтижесінде, асимметриялық талшықтар мен асимметрия сипаты ретінде, селективті және кеуек қабаттар көптеген факторларға байланысты, сондай: полимерлі шешу, ішкі және сыртқы RH құрамы, температурасы және концентрациясын; фильеру және сыртқы RH арасындағы әуе соққылары болуы; пайдаланылатын ерітіштерді құбылмалылығы, және сүзгілері т.б. Мақсатты - өзгерту осы параметрлер қажетті қасиеттері бар мембрана алуға мүмкіндік береді. Осылайша, басқа тең жағдайларда, балқымасының жасалған мембрана салыстырғанда, теориялық сол сайлаудан бұл мембраналық 15 есеге жоғары қуаты болады. Композитті салыстырғанда, осы мембраналық арзан және одан өндірілген болады. Ең белгілі полимерлер жазық мембранасының олардың өндіру тұрғысынан зерттелді. Полимер «физикалық жайкүйі» тақырыбында қатты тәуелді емес кеуекті мембраналық өткізгіштігінің үшін. Аморфты полимерлер ең газдардың жоғары өткізгіштігінің қамтамасыз тізбектерінің жоғары қозғалғыштығын, бар. Тегіс полимерлер, керісінше, қатаң құрылымы бар және үлкен дәрежеде олар арқылы газдардың көлік полимер тізбегінің арасындағы еркін қашықтығына байланысты. Мәселе қуыс талшықты қалыптастыру үшін осы деректерді тікелей пайдалану салдарынан бірінші және соңғы іс қалыптастыру үрдісі жағдайында елеулі айырмашылықтар қиын болып табылады. Полимерлік таңдау мембраналардың өндіру үшін айрықша жарамдылығы негізделген. Полимер қасиеттерін бағалы комбинациясы бар: Тс= 230°С Tg, аморфты тегіс мемлекеттік, жылу тұрақтылық пен қарсылық тотығу, жоғары беріктігі мен серпімділік, тіпті жоғары температурада төтенше pH құндылықтар мен төмен аққыштық кезінде тұрақтылық. Қышқылы және полярлық еріткіштерде еритін. Салыстыру үшін, газ жүйесін бөлу мембраналар дайындауға арналған типтік полимер өз поли-4,4 селективті бар. PES 4 жасалған нақты мембраналық селективті кезде орындау азот 1,97 л/(м*сағ*атм) бар. Диафрагма жоғары және төмен, жоғары дифференциалдық қысым ұзақ әсерінен жоғары механикалық беріктігі және тұрақты

қасиеттері: коммерциялық газ бөлу процестерді пайдалану үшін жарамды мембраналар, мынадай сипаттарға ие болуы қажет талшықты ішкі/ сыртқы диаметрі оңтайлы қатынасы. Қуыс талшықты мембраналық орау тығыздығы сыртқы диаметрімен байланысты. Талшықты ішкі диаметрі мөлшері, сондай-ақ маңызды болып табылады. Талшықты ішіндегі қысым төмендейді жасаған кезде, талшықты ұзындығы бойымен вакуумдық деңгейін тамшы бар [2]. Газ бөлу жағдайда, вакуумдық тамшы қозғаушы күші елеулі болуы мүмкін процесінің қозғаушы күшіне өзгеруін, бірақ талшықты тамшы ішкі диаметрі шағын мәні әсер етпейді. Мембраналық осы талшықтардың коммерциялық пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін, бөлу сипаттамаларын болуы тиіс. Селективті және өткізгіштігінің: бөлу мембранасының үшін процесі екі параметрлері сипатталады. Өнімділік құрылғы арқылы қозғаушы күші бірлігіне уақыт бірлігіне жұмыс бетін өтетін материал сомасы болып табылады. Мембрана арқылы газ өткізгіштігінің үш факторлармен анықталады-мембрананың физикалық және химиялық құрылымы; газ қасиеттері; мембрананың және ену газ материал арасындағы өзара байланыс. Алғашқы екі факторлар осы мембрана арқылы ағындық газ диффузиялық сипаттамалары анықталады, және осылайша, диффузия коэффициентін сипаттауға болады. Үшінші фактор ерігіштік коэффициенті анықталады. Сондықтан өткізгіштікті мынандай формуламен жазуға болады:

$$P = D * S \qquad (1)$$

мұндағы P - өткізгіштік;
D - диффузиялық коэффициенті;
S - ерігіштік коэффициенті.

Қоспасы компоненттерінің ерігіштік айырмашылығы бөлінеді және мембрананың еріген компоненттерін диффузиялық жылдамдықта айыру болып табылады. Осылайша, мембрана селективті екі факторлармен анықталады. Пайдалану өнеркәсіптік жағдайларын ескере отырып, мембрана орындау уақыт бірлігінде заттың берілген шамаға мүмкіндік береді, аппараты өлшемін анықтайды. Жабдықтардың өнімділігі нақты, көлемі жоғары болып келеді. Өнімнің қажетті таңдаулы концентрациясын алу үшін және (бірлік) санын анықтау үшін әртүрлі қадамдар мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] http://reftrend.ru/298977.html.
[2] Дытнерский Ю.И. Мембраналық сұйық қоспалардың бөлу процестері М.:. Химия. 1975 - 232 б.

Абілмажім Е., Джуманова М., Зульбухарова Э.М., Нурмуханова А.З.

Анализ использования мембранной технологии в процессах разделения жидких и газовых смесей

Аннотация: В данной статье рассматривается асимметричная мембрана в виде полых волокон из полиэфирсульфона методом двойной коагуляционной ванны.

Ключевые слова: мембрана, жидкая и газовая смесь, плотность, процесс, структура мембраны, геометрические характеристики.

Abilmazhim E., Djumanova M., Zulbuharova E.M., Nurmukhanova A.Z.

Analysis of the use of membrane technology in processes of separation of liquid and gas mixtures

Summary. This article describes asymmetric membranes in the form of hollow fibers made of polyether sulfone by double coagulation bath.

Key words: membrane, liquid and gas mixture, density, process, structure of the membrane, the geometrical characteristics.

УДК: 657.6 (574)

Е. Ы. Құралбай, А. К. Нурсейтова, А. З. Нұрмұханова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы қаласы, Қазахстан Республикасы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ САПА АУДИТІН ТАЛДАУ

Түйіндеме:Берілген мақалада ұйымның СМЖ дамуының маңызды құралдарының бірі болып табылатын аудиттің түрлері және жіктелуі талданады.

Түйін сөздер: бақылау, сапа, аудит, тексеріс, аудиторлық тексерістер, сапа менеджмент жүйесі, құжат айналымы.

Өз тәжірибесінде табысты жұмыс істейтін ұйымдар қаржылық, технологиялық, экологиялық аудиттерді (тексерістерді) және сапа аудиттерін қолданады.

Жалпы жағдайда аудиттің келесі түрлері болады: қаржылық, экологиялық, технологиялық, энергетикалық және сапа аудиті (1- сурет) [1].

Аудиттер ұйымның СМЖ дамуының маңызды құралдарының бірі болып табылады. Аудитты зерттеуге қомақты үлесті Б. Робертсон енгізген. Оның аудит туралы жұмыстарында тексерістің мазмұны туралы сұрақтар қозғалады, бақылаудың әр тармағында не себепті, нені және қалай тексеру қажеттігін анықтайтын нұсқаулықтар болуы керектігі жөнінде айтылады. Таңдамалы бақылаудың принциптеріне бас назар аударылған. Робертсон сонымен қатар түзетуші әрекеттердің маңызын көрсетеді және олар тексеріс айналымының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі екендігін айтады.

Аудиттің көмегімен компанияның жетекшілері және сапа қызметінің қызметкерлері СМЖ нақты немесе ресми түрде болуы туралы, оның қызмет етуінің тиімділігі туралы түсініктерді алады.

Аудиторлық тексерістер қазіргі таңда менеджменттің аса қуатты құралы болып саналады. Бүкіл әлемде сапаны жақсарту мәселесінің қарқынды дамуымен байланысты аудит сапа менеджментінің нәтижелігін арттыратын құрал ретінде өзіне басым назар аудартты.

Аудит, сапа менеджмент жүйесінің аясындағы басқа қызмет сияқты үрдіс ретінде қарастырылады. Аудитке үнемі бақылау, мониторинг, талдау және жақсарту жүргізуп тұру керектігі белгілі, яғни аудитті сәйкес құжаттарға сәкес белгілі бір талаптар қойылатын үрдіс ретінде басқару қажет.



1-сурет. Аудит түрлері

Үрдісті басқару әр түрлі құралдардың көмегімен жүзеге асырылады, және біріншіден жағдайды алдын ала бағалауға, екіншіден үрдістің қызметтік әрекеттерін басқаруға негізделеді.

Аудитті үрдіс ретінде басқару үздіксіз тұйықталған кезеңді орындауды талап етеді: аудитті жоспарлау сатысы - түзетуші әрекеттерді орындау сатысы - өзгерістерді басқару сатысы.

Кез келген үрдіс сияқты ішкі аудит нәтижелілік және тиімділік сияқты сипаттамаларың тобымен бағалануы мүмкін. Алайда нәтижелілікті өлшеу үшін көбінесе тек «әсер/шығын» типтегі үлгі, оларда экономикалық нәтижелерді анықтауға басымдылық беріледі, немесе негізінде бағалау әдістемесі мүлде болмайтын сипаттау тәсілдері қолданылады.

Аудиттің нысаны не екендігіне, ол кіммен және қандай әдіспен жүргізілетіндігіне байланысты аудиттің бірнеше түрлері болады.

Аудиттер түрі, жүргізу әдісі, таралу саласы, тексеріс нысаны бойынша жіктелуі мүмкін.

Аудит ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Бірінші жақтың аудиті (ішкі аудит) - бұл ұйым өзінде жүргізетін аудит, яғни ұйымнан оның өзінің жеке жүйелерін, рәсімдерін және жұмыстарын олардың дұрыстығын және сәйкестігіне көз жеткізу үшін тексеруді талап ететін ішкі тексеріс.

Ішкі аудит ұйымда «байланыс арналарын» қамтамасыз етуге және жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Ішкі аудит міндетті түрде бір алаңда жүргізілмейтіндігін айтып өтейік. Ішкі тексерістер мысалы бөлімшелерде жүргізілуі мүмкін.

Аудит әр түрлі ақпарат көздерінен жоспарлы түрде ақпарат жинау және ұйымда бәрі дұрыс орындалуын анықтау мақсатында оны талдау болып табылады.

Екінші жақ аудиті-бұл ұйымды тұтынушының немесе басқа қызығушылық танытқан жақтың тексерісі. Екінші жақтың аудитінің мақсаты-тұтынушының айрықша талаптары кепілді және тұрақты түрде орындалатындығына сенімділікті қамтамасыз ету үшін ұйымның сапа менеджмент жүйесі туралы жеткілікті ақпаратты алу.

Үшінші жақтың аудиті-бұл сыртқы тәуелсіз жақ жүргізетін тексеріс (мысалы сертификаттау бойынша орган). Көбінесе үшінші жақтың бағалауы сертификаттау мақсатында жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Трофимов А.В. Аудит качества: учебное пособие/А.В. Трофимов. - Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2009-96 с.

Куралбай Е.Ы., Нурсейтова А.К., Нурмуханова А.З.

Анализ аудита качества на предприятиях Республики Казахстан

Аннотация: В данной статье анализируются виды и классификация аудитов, которые являются одним из важнейших инструментов развития СМК организаций.

Ключевые слова: контроль, качество, аудит, проверка, аудиторские проверки, система менеджмента качества, документооборот.

Kuralbay E.Y., Nurseitova A.K., Nurmukhanova A.Z.

The analysis of audit quality in the Republic of Kazakhstan

Summary. This article analyzes the types and classification of audits, which are one of the most important tools for the development of the QMS organizations.

Key words: control, quality, auditing, validation, audits, quality management system, document management.

УДК: 006.015:665.7

М. М. Абдыкаримова, А. К. Нурсейтова, А. З. Нұрмұханова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы қаласы, Қазахстан Республикасы)

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨЛШЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ АНАЛИЗІ

Түйіндеме. Бұл мақалада қолдануға қолайлы және заманауи жинақы тығыздық өлшегіштер сұйықтықты соның ішінде агрессивті сұйықтық тығыздығын лабораториялық анықтауға және де мұнай және мұнай өнімдерінің тығыздығын өлшеуге тағайындалған.

Түйінді сөздер: техникалық сипаттамалар, мұнай өнімдерін өлшеуге арналған құрал, мұнай, бақылау анализдері, сынама, шығарылатын жанар-жағармай материалдарының сапа бақылауы.

Мұнай өңдеу зауытында мұнай базасы жүйесінде мұнай өнімдерінің сапасына жеткізуші жауап береді. Алайда мұнай базасының 80%-ында және барлық АЖҚС (Автожанармай құю станциялары)

өздерінің зертханалары жоқ және мұнай өнімдерінің сапа бақылауын өткізбейді. Сондықтан, мекемелер мен кәсіпорындар АЖҚС мұнай базасының мұнай қоймасы жүйесінде стандарт сапа көрсеткіштеріне сай емес мұнай өнімдері оңай түсіп кетуі мүмкін.

Техникалардың сенімді және берік жұмысын қамтамасыз ету үшін мұнай өнімдерінің сапасын тұрақты бақылау және келесідей бақылаулар жүргізіледі: мұнай өнімдерінің физика-химиялық қасиеттерінің техникалық шарттар және әрекеттегі стандарттар талаптарына сәйкестігін анықтау, сұрып орнату, кондицияға сай емес өнімдерді қолданыстан шығару, транспорттау, сақтау және қолдану кезіндегі қасиеттерінің нашарлауы,сапаның мерзімді түзелуі, техниканың техникалық қызмет көрсету кезіндегі өткізу мерзімімен және өнімнің белгілі маркаларының қолдануының негіздемесі, мұнай базаларына наразылық көрсету.

Көп және сериялық өндіріс мұнай өнімдерінің бақылау анализі және сынауы үш түрде тіркелген: қабылдау-өткізушілік, периодты бақылаулық және тексерулік сынаулар. Өндірістің үздіксіз процессі кезіндегі сынау реті технологиялық регламенттерде және қажет кезінде нормативті-техникалық құжаттамада көрсетілген. Қабылдау-өткізушілік және периодты сынаулардың көлемі мұнай өнімдерінің маркаларын мен арнайы түрлерінің техникалық шарттарында, стандарттарда сондай-ақ ведомстволық нұсқауларда регламенттелген [1].

Шығарылатын жанар-жағармай материалдарының сапа бақылауы бекітілген техникалық құжаттамамен сәйкес келетін кәсіпорын басқармасы бойынша орнатылған техникалық бақылау қызметі және кәсіпорын-дайындаушының зауыттық зертханалары жүзеге асырады. Қабылдау-өткізу тексерісінің нәтижесі сынаулардың (анализдердің) нақты нәтижелері және қабылдау ережесі көрсетілген тауар жөнелтпе құжаттамасында көрінеді. Периодты бақылау сынамасына және тексерісіне қабылдау-өткізу сынамасынан өткен өнім өтеді.

Бақылау сынамасы және тексерістер сақтау кезіндегі резервуарларға мұнай өнімдерін құюдан кейін және тұтынушының талаптарын есепке алумен өткізеді.

Толық анализді сапаның қайта қалпына келгеннен кейін, сақтау процесі кезінде, кейбір жағдайда қабылдауда, сондай –ақ мұнай өнімінің нақты сапасын орнату қажет болғанда ұзақ сақтау алдында жүргізеді. Бақылау және толық анализдер мұнай өнімдерінің сақтау кезіндегі сапасының нашарлауының бастауын орнатуға және оның мерзімді жаңару белгілеуге көмектеседі.

Мұнай өнімінің алу кезіндегі сапасын куәландыратын негізгі құжаты болып тұтынушы талаптары бойынша мұнай өнімінің мұнай базасында міндетті түрде берілетін оның паспорты болып табылады. Сапа паспорты сақталған мұнай өнімдерінің күйін бақылауға және машиналардың бұзылған жұмыстарының рекламациясының ауытқуы кезінде техниканың зауыт-дайындаушыларымен талаастарды шешуге мүмкіндік береді.

Сапа бақылауы сынамалардың көзбе-көз тексеру және анализдердің сұрыпталуында, сондай–ақ мұнай өнімдерін алуға арналған сапа паспорттарын зерттеуде жасалады. Бұл кезде негізгі назарды мұнай өнімдерінің сапасының нашарлауын туғызатын объекттерге арналады. Сонымен, жанар-жағармай материалдарын қабылдау кезінде тексереді: цистернаның техникалық күйін; бітеулікті қамтамасыз ететін төсемдермен орнатылған қақпақтардың, люктардың және жапқыштардың ұқыптылығы; алынатын сорт бойынша стандарт талаптарына сай екенін салыстыратын келген мұнай сапасын көрсеткіштері; бітеменің бар болуы және дұрыстығы; жүккұжатта көрсетілген нөмірге цистернаның номерінің сәйкес келуі; мұнай өнімдерінің сапасының зертханалық және визуалды бақылауы үшін сынамаларды іріктеу реті; келген өнімді қабылдауға дайындау немесе резервуарлар тазалауының сапасы;

Мұнай өнімдерін жіберу және қолдану кезінде келесі рет қолданылады: бірінші ретте алғашқы келген жанар-жағармай материалдарын жүзеге асыру; су және механикалық қосылыстардың құрамын, ыдыстың тазалығын, бактың ауызын және сапа паспортының бар болуын тексеру; мұнай өнімдеріне шаңның, кірдің және судың түсіп кетпеуін алдын алу үшін шара қолдану. Мұнай өнімдерінің кондицияға сай емес сұрыбын анықтаған кезде сәйкес келетін актпен олардын сапасының қайта қалпын келу әдістері мен жолдарын шешу қолданады.

Қолдануға ыңғайлы жинақты тығыздық өлшегіштер сұйықтықтың соның ішінде агрессивті сұйықтықтың тығыздығын өлшеуге арналған. ASTM D4052 және ASTM D5002 сәйкес мұнай өнімдері және мұнай тығыздығын өлшеуге сай келеді. Тығыздықты анықтауға ең тиімді тәсіл-зерттелетін сұйықтықпен толтырылған жұмысы U-түрді түтікше тәріздес өзінің тербеліс периодтарын өлшеуге

негізделген электронды тығыздық өлшегіш көмегі арқылы жасалатын тәсіл. Өлшенетін ұяшықтың жинақылығы осындай құралдарға термоэлекрлік элементтерде орнатылған термостаты бар болуына мүмкіндік береді. Тығыздықты вибрациялық тығыздық өлшегіш арқылы өлшеу минималды еңбек сыйымдылығы кезінде болмашы мерзімдік шығындардың нақты нәтижесін алуға мүмкіндік береді.

ВИП-2М және ВИП-2МР сұйықтық тығыздықтарын вибрациялық өлшегіштері – шетелдік өндірушілердің тығыздық өлшегішіне бюджеттік балама. Олардың жұмыстары сондай-ақ зерттелетін сұйықтықпен толтырылған түпнұсқалық түрлерінің түтікше тәріздес тербелісінің периодын өлшеуде және белгілі тығыздықты мысалға, су мен ауа бойынша алдын ала калибрлеу нәтижелерін қолданумен оның тығыздығының мәнін есептеуге негізделген. Құралдарда алынған нәтижелерді автоматты түрде концентрацияға, меншікті салмағына және басқа да тығыздықпен байланысты көрсеткіштерді түрлендіру жүргізіледі.

ВИП-2М және ВИП-2МР ерекшеліктері:

– Барлық дымқылданған бөлшектер тефлоннан және борсиликатты шыныдан жасалған;

– Орнатылған электронды термостат;

– Құрал жұмысының басқаруы қарапайым ұйымдастырылған және интуитивті түсінікті;

– Жарқын жарықты графикалық ЖК-индикатор;

– Өлшегіш ұяшықтың құрылымы сынаманы келтіру қателігін ықшамдайды және келтірілген сынамада газ көпіршіктерінің пайда болу мүмкіндігіне әкелмейді;

– Калибрлеу екі танымал тығыздықты заттар бойынша яғни құрғақ ауа мен дегаздалған суда жүргізіледі;

– Жұмыс үстелінде орын үнемдеуге мүмкіндік беретін жинақы өлшем;

– Сынаманы қосу үшін медициналық бір қолданатын арзан шприцтерді пайдалану.

– Ағында өлшеудің мүмкіндігі;

– Компьютермен байланысу үшін оптоизоляцияланған RS-232 интерфейсі.

Техникалық сипаттамалары [2]

1	Көрсетілген тығыздықтың диапазоны, г/см^3		0.0...3.0
2	Тығыздықтың өлшеу диапазоны, г/см^3		0.0...2.0
3	Тығыздықты өлшеудің рұқсате етілген абсолютті қателігінің шегі г/см^3	ВИП-2МВИП-2МР	±0.0003 ±0.0001
4	Өлшенетін шамалардың индикациясы		цифровая
5	Өлшенетін тығыздықтың кіші разряд бірлігінің бағасы, г/см^3	ВИП-2МВИП-2МР	0.0001 0.00001
6	Бақыланатын ортаның тұтқырлығы, мПа•с, не более		300
7	Өлшенетін ұяшықтың номиналды көлемі, мл		1.5
8	Өлшенетін ұяшықта орнатылған температурада бір өлшеудегі уақыты		20
9	Үлкен өлшемдер, мм		205x200x80
10	Орнатылған термосттаттың температуралық диапозоны °С		15...60
11	Орнатылған термостаттағы температураны ұстау тұрақтылығы, °С		±0.05
12	Орнатылған термостаттың температурасының орнату нақтылығы, °С		±0.1
13	Тығыздық өлшегіш массасы, кг		3
14	Тұтынылған қуат, Вт		12

ӘДЕБИЕТТЕР

1.ros-pipe.ru/clauses/kontrol_"РосПайп".

2.nvsi.ru/productions/tank/199-kip.Оборудование, КИПиА для АЗС и нефтебаз.

Абдыкаримова М.М., Нурсейтова А.К., Нурмуханова А.З.

Анализ технических характеристик приборов для измерения нефтепродуктов

Аннотация: В данной статье изложены современные и удобные в использовании компактные плотномеры предназначены для лабораторного определения плотности жидкостей, в том числе агрессивных, а также для измерения плотности нефти и нефтепродуктов.

Ключевые слова: технические характеристики, прибор для измерения нефтепродуктов, нефть, контрольные анализы, проба, контроль качества выпускаемых горюче-смазочных материалов.

Abdykarimova M., Nurseitova A. K., Nurmukhanova A. Z.

Performance analysis of instruments for the measurement of petroleum products

Summary. This article covers modern and convenient to use compact density meters are designed for laboratory determination of density of liquids, including aggressive, as well as for measuring the density of petroleum and petroleum products.

Key words: технические характеристики, прибор для измерения нефтепродуктов, нефть, контрольные анализы, проба, контроль качества выпускаемых горюче-смазочных материалов.

УДК 62- 82 (075.8)

[1] А. М. Дараев, [2]Ю. И. Шадхин, [3]Д. А. Нурпеисова
([1]Казнациональный технический университет им К.И. Сатпаева,
[2]АУЭС, [3]У. Туран.
Алматы, Республика Казахстан, majit_2006@mail.ru)

СИНТЕЗ ПАРАМЕТРОВ УПРАВЛЯЮЩЕГО УСТРОЙСТВА ДВУХДВИГАТЕЛЬНОГО ЭЛЕКТРОПРИВОДА ПЕРЕМЕННОГО ТОКА

Аннотация:Рассматривается алгоритм синтеза параметров управляющего устройства асинхронного электропривода с системой преобразователь частоты - асинхронный двигатель на ЭВМ

Натрий хлоридінің, толық жансыздану түскенше бұлшық ет талшықтарына өтуі 4-9 сағат шамасында гликогеннің сүт қышқылына дейін ыдырау процессін тез арада тоқтатады. Ал бұл арнайы уақыт өткеннен кейін сутек иондарының концентрациясын қалыптастыра отырып мүлдем тоқтайды. Мұнымен бірге авторлардың ойынша, редуцирленген заттардың жиналуы күшейеді, нәтижесінде активирленген амилаза натрий хлоридінің әсерінен гликоген амилолит жолымен ыдырауға түседі. Бұл белгілі фактормен беттеседі, амилазаның активтілігіне хлор ионының ықпалы өте күшті болады. Булы етті тұздау күйінде pH - шамасы екі тәулік өткен соң 6,2-ден 5,92-ге дейін төмендейді, бұл ұлпадағы автолитті өзгерістермен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Ал 24-48 сағат суытылған етті тұздауға жіберген үлгілерде pH - шамасы біршама көтерілген. Мұндай көрсеткіш тәуелділігі бұлшық ет ақуыздарының гидратациалық қасиетімен расталған [5].

Он екі тәулік бойы тұздықта ұсталған булы еттің субайланыстырғыштық қасиеті барлық тұздау кезеңінде сақталып, /67-69/ шамасына тең келеді, салқындатылған етін тұздау кезіндегі субайланыстырғыш қасиеті 15 тәулік тұздау алдында ұсталған тұзды шошқа етінің мөлшеріне сәйкес.

Булы етті тұздау ақуыздың жоғары субайланыстырушылық қасиеті АТФ ыдырауының бәсеңдеуі есесінен бірнеше күн бойы тұрақтанады. Натрий хлоридінің толық жансызданууы түскенге дейін ұлпаға өтуі миозин және актиннің диссоцирленген жағдайын белгілейді. Осы мен толық жансыздануды бөгейді. Етті жұмсартуда хлор ионы қатысады. Мұның үстіне миофибрилл құрылымындағы әлсіз байланыс болып келген z- жолағының жоғалуы байқалады [6].

Натрий хлоридін қосуы есесінен еттің субайланыстырушылық қасиетінің жоғарлауы, электростатикалық итеру күшінің өсуінен миофибриллалардың арасындағы аралықтың ұлғаюы негізделген, маңызды қызметті хлор иондары атқарады, әрі ол миофибриллалармен араласып ұлпалардың ісінуінің ұлғаюына ықпал етеді. Сондай-ақ талшықтардың ісінуі структуралық байланыстардың бұзылуымен тұстас келеді. Натрий хлоридінің коцентрациясын азайтудан талшықтардың ісінуін натрий пирофосфатың қосылуымен көтеруге мүмкін, ал миофибриллалардағы А-жолы экстралирлеуге ықпал етеді.

Зерттеу объектісі

Зерттеу объектісі ретінде қой еті алынды. Автолиз процессінде еттегі ақуыздар өзгерістерге ұшырайды, олардың тереңдігі мен мінездемесі көптеген факторларға байланысты. Сонымен қатар әдебиеттерде дәстүрлі емес автолиз жолындағы еттегі ақуыз жағыдайы аз көрсетілген және де мал жансызданған кейін натрий хлоридінің ақуыз құрылымының өзгерістеріне әсерін байқатады.

Гликогеннің жойылуы нәтижесінде, суытылған етті тұздауда негізгі өзгерулер протелитикалық ферменттер комплексімен ақуыз макро молекулаларында жүреді, олар бұлшық ет талшықтарындағы өзгерістерді католиздейді.

Бұлшық ет ұлпасының тұздықты сіңіруі кезінде, иондардың адсорбциясы мен ақуыздардың ыдырауы белгіленген уақыт аралығында жүреді, еттің қасиеті тұздықта ұсталғаннан кейін ғана айқындалады [7].

Көп ретті зерттеулердің қорытындысы бойынша, тұздау ингридиенттерінің бұлшық ет ұлпасына ену жылдамдығы еттің күйін анықтайды. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, майлы ет натрий хлоридінің аз мөлшерін сіңіреді.

Протеалитикалық процесстердің қарқындылығы етті тұздау кезінде маңызды қызмет атқарады және өсімінің қасиетіне айтарлықтай әсер етеді. Еттің пісіп жетілуіне натрий хлоридінің қатысы бар, ол оған қажетті технологиялық қасиет пен жоғары сапалы өнім алуға көмектеседі. Натрий хлориді актин мен миозин стабилизаторының есебінен еттің субайланыстырғыш қабілетін көтере отырып, бұлшық ет ұлпасының протеалитикалық ферменттердің активтілігіне әсерін тигізеді.

Нәтиже және талқылау

Қой етінің өндірістік өңдеуге жарамдығын бағалау кезінде pH көрсеткіші маңызды роль атқарады. Жаңа сойылған етте бұлшықет босаң, бірақ субайланыстырғыш қабілеті жоғары, pH кәдімгі тепе-тең көрсеткішке ие болады.

Қой және жылқы етіндегі pH көрсеткішінің өзгеруінде өзіндік ерекшелік бар. Қойдың бұлшық ет ұлпасында pH- мөлшерінің төмендеуі, сиыр мен шошқа етіндегідей жүреді, сөйтіп ең ұзақ уақыт 24-48 сағат сақтауға жарайды. Осы кезде сүт қышқылының түзілуінің әсерінен барлық гликоген гидролизделінеді. Жылқы етінің гликолиттік өзгеруі қой етіне қарағанда өте жәй жүреді. Яғни автолиздың бастапқы фазасында – жануардың тіршілігін тоқтатуы қойда 24 сағат болатынын байқатады, ал pH –тың өсуі 48 сағаттан кейін басталады.

Жануарлар тіршілігін тоқтатқаннан соң болатын түрлі өзгерулердің нәтижесінен ақуыз ортасындағы биохимиялық өзгерулер анық байқалады. Ақуыз макромолекула өзгерулерінің тереңдігін көрсететін көрсеткіштің бірі, оның ерігіштік қасиеті. Қой етіндегі саркоплазматикалық ақуыздың ерітінділері бойынша мәлімет 24 кестеде берілген.

1 кесте. **Автолиз процесінде саркоплазматикалық ақуыз ерітінділерінің өзгеруі (жалпы азотқа қатысты, %)**

Ет түрі	Автолиз ұзақтығы, сағ.					
	0	24	48	72	96	120
Қой еті	27,3±1,3	25,6±1,2	26,4±1,3	25,8 ±1,2	26,3±1,2	25,6±1,4

Алынған мәліметтерге қарағанда қой етіндегі саркоплазматикалық ақуыздың ерігіштігі автолиз тереңдігіне байланысты аздап өзгеріп отырады. Сонымен қатар салқындату мен сақтау процесінде миофибриллярлы ақуыздың ерігіштік айырмашылығы анықталды. Автолиз барысында қой етіндегі миофибриллиярлық ақуыздың ерігіштігі сойылған малда төмендейді, сонан соң бірте-бірте көбейе түседі. Автолиз процесінде миофибриллярлы ақуыз ертіндісінің өзгерісін 25 кестеден көре аламыз.

Автолиз барысында қой етінің су байланыстырғыш қабілеті төмендейді және 48 сағат арасында (53,25±0,47 %) көрсеткішіне ие болады, сонан соң малдың сойғаннан кейінгі күйінің тұрақтануының әсерінен су байланыстырғыш қабілеті жоғарылайды. Бұл миофибриллярлы ақуыздардың еруі көрсеткіштерімен түсіндіріледі. Етті жетілдіру кезіндегі ақуыз жүйесіндегі биохимиялық өзгеріс оның құрылымды-механикалық көрсеткішінің өзгерісіне әкеледі.

2 кесте. **Автолиз процесінде миофибриллярлы ақуыз ерітіндісінің өзгеруі (жалпы азотқа қатысы, %)**

Ет түрі	Автолиз ұзақтығы, сағ.					
	0	24	48	72	96	120
Қой еті	15,6±1,3	11,8±1,4	13,4±1,2	14,1±1,4	14,3±1,6	13,9±1,3

3 кесте. **Автолиз барысында қойдың бұлшық ет ұлпасының су байланыстырғыш қабілеті мен құрылымды-механикалық қасиетінің өзгеруі**

№	Автолиз ұзақтығы, сағат	Су байланыстырғыш қасиеті және құрылымды-механикалық қасиетінің өзгеруі		
		Су байланыстырғыш қасиеті, %	Кесу әсері, Н/м^2	Қозғалу күшінің көрсеткіші, кПа
1	0	64,89 ±0,54	17,2 ±0,2	24,6 ±0,3
2	24	51,56 ±0,48	18,3 ±0,4	27,0 ±0,4
3	48	54,35 ±0,37	19,4 ±0,3	27,8 ±0,3
4	72	54,68 ±0,35	16,7 ±0,4	26,9 ±0,4
5	96	55,78 ±0,44	15,9 ±0,3	25,5 ±0,3
6	120	56,57 ±0,55	16,1 ±0,4	24,7 ±0,3

Жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып қой бұлшық ет ұлпасының мықтылығы автолитикалық процесстердің тереңділігімен анықталатынын байқаймыз және ол ұлпаның құрылымына байланысты болады. Автолиз ұзақтығы 72 сағат аралығында қой етінің кесу әсері 16,6 ±0,4 Н/м^2 көрсеткішінен 18,5±0,6 Н/м^2 көрсеткішіне дейін жоғарылайды, сонан соң кесу әсері төмендейді.

Қорытынды

Еттің негізгі компоненттері-су, май және ақуыз бір-бірінен сандық тәуелділікте болады, әрбір жағдайда ұша бөліктерінің майлы жерлерінде су мен ақуыз аз болады.Бұл әсіресе сүбе мен жамбасты майы мол (12,8±0,6%), ал ылғалы (68,2±0,5%) көп болады. Осы түрде, жоғарыда келтірілген бөліктердің барлығы биологиялық құндылығы жоғары болып, көп ақуыз мөлшерімен және майы бірқалыпты орналасуымен ерекшеленеді, бұл олардан жоғары сапалы деликатес өнімдерін алуға жағдай жасайды.

Яғни, қой етіндегі автолитикалық процесстердің ерекшеліктері оның жетілдіру уақытына байланысты мықтылық көрсеткішіне әсер ететіні дәлелденген. Қорыта келе айтқанда, қой етін осы қасиеттеріне байланысты өндірісте пайдалануға ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] А.Б.Лисицын., Н.Н.Липатов., Л.С.Кудряшов. и др.Производство мясной продукции на основе биотехнологии.-М-2005-369 с.

[2] А.Б.Лисицын., Н.Н.Липатов., Л.С.Кудряшов. и др. Теория и практика переработки мяса.-М-2008-308 с.

[3] А.Б.Лисицин., Е.И.Сизенко., И.М.Чернука. и др.Мясо и здоровое питание.-М-2007-289 с.

[4] Я.М.Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения.-Алматы,2005-193 с.

[5] Лисицын А.Б., Чернуха Т.Г., Кузнецова О.Н. и др. Химический состав мяса.-М. ВНИИМП.-2011-160 с.

[6] Я.М. Узаков. Убой скота и производство мясных продуктов по технологии «Халяль». Издательство «Эверо»– Алматы.: 2014.

[7] Uzakov Y.M. D.A.Ospanova. Study of the Morphological Structure and Nutritional Value of Lamb. World Applied Sciences Journal 2013, 27 (4): 479-482c.

Я.М. Узаков, Д.А. Оспанова, С.Е. Шукешева, Н.С. Маудинова, М. Акуов

Физико-химические и биохимические изменения мяса в процессе автолиза

В статье приведены результаты физико-химических и биохимических исследований мяса в процессе автолиза. Доказано, что особенность автолитических процессов баранины зависит от времени ее совершенствования. Полученные данные дают основание для целенаправленного использования мясного сырья - баранины в производстве и обоснования рецептуры мясных изделий.

Ключевые слова: автолиз, белок, баранина, биохимические изменения, физические изменения, мышцы, фермент, биологическая ценность.

Ya.M. Uzakov, D. A. Ospanova, S.E. Shukesheva, N. S. Maudinova, M. Akuov

Physical and chemical and biochemical changes of meat in the course of avtoliz

In article results of physical and chemical and biochemical researches of meat in the course of an avtoliz are given. It is proved that feature of autolytic processes of mutton depends on time of her improvement. The obtained data give the grounds for purposeful use of meat raw materials - mutton in production and justifications of a compounding of meat products.

Keywords: avtoliz, protein, mutton, biochemical changes, physical changes, muscles, enzyme, biological value.

УДК. 637.525

Я. М. Ұзақов, Д. А. Оспанова, С. Е. Шукешева, Н. С. Маудинова, М. Акуов

ҚОЙ ЕТІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Аннотация. Мақалада қой етінің химиялық құрамы жайлы нәтиже берілген. Қой етінің химиялық құрамы малдың жасына, тұқымына, қоңдылығына, оларды азықтандыру жағдайына байланысты болатыны дәлелденген. Қой етінің биологиялық құндылығы оның құрамындағы ақуыздың мөлшерімен және аминқышқылдардың болуымен анықталады. Анықталған нәтижелер қой етті шикізатын тиімді мақсаттарда қолданып, осы қасиеттеріне байланысты өндірісте ет өнімдерін жасауға негізделеді.

Негізгі сөздер. қой еті, химиялық құрам, биологиялық құндылық, тағамдық құндылық, ақуыз, аминқышқылы, селекция, сапа.

Кіріспе

Еттің ақуыз көзінің өнімі болып табылуы оның құрамындағы ақуыз және аминқышқылдарының болуында. Еттің сапасы химиялық құрамы – ақуыз, май, дәрумендер мен минералдық заттар арқылы анықталады. Су, май және ақуыз еттің негізгі компоненттері, олардың мөлшерлі арақатынасы үлкен рөлді атқарады. Еттің химиялық құрамын біле отырып, оның сапасын дәл анықтауға болады [1]. Қой етінің химиялық құрамы малдың жасына, тұқымына, қоңдылығына, оларды азықтандыру жағдайына байланысты.

Еттің химиялық құрамы малдың қондылығын дәлелдейді және ұша категориясын анықтаудың критериі қызметін атқарады. 4,5 және 7,5-8 айлық пішпелер мен 1,5 және 2,5 жасар ісектер етінің химиялық құрамы ең жоғары шегіне жақын.

Әр түрлі тұқымының пішпелері етінің химиялық құрамын салыстырған кезде барлық құйрықты қой тұқымы мен тұқымдық топтары қозыларының етінде етті-жүнді бағыттағы биязы және биязылау жүнді қой тұқымы қозыларының етіне қарағанда ылғал мен ақуызы аз, майы едәуір көп, құндылығы анағұрлым жоғары болды [2,3]. Еділбай тұқымы ісектерінің еті де майлы. Бұл жергілікті қазақ халқының ет пен майды көп беретін жоғары өнімді қой тұқымын дұрыс іріктеп отырғанын көрсетеді. Бәрінен де құйрықты, ірі қойларға көбірек мән берілді. Малды бұлай селекциялау көшпелі халық үшін құйрық майының ең негізгі тағамдық азық-түлік болып табылғандығынан келіп туды. Екінші жағынан майдың құйрықта көп жиналуы малды шөл және шөлейт жерлердің қатаң ауа райында жыл бойы жайылымда бағуға қолайлы мүмкіндік туғызады [4].

Биязылау және биязы жүнді тұқым мен тұқымдық топтың ішінде ұшалары бірінші категорияға жатқызылса да, қазақтың биязы жүнді қойының етінде ылғал мен ақуыз көп те, май аз болады.

Тағамдық құндылығы аса жоғары келетін ақуыздың негізгі бөлігі бұлшық етте болады. Бұлшық еттің ең құнды бөлігі – саркоплазмалық және миофибриллярлық ақуыздарда таптырмайтын аминқышқылдарының болуы оны аса құнды ақуыздар күрт өсіп, 68,88% -77,18% жетеді. Одан кейін бір деңгейде сақталады да, бір жарым жасынан бастап аздап төмендейді [4,5].

Еттің биологиялық, тағамдық құндылығының ең жоғары объективті көрсеткіші – ақуыздардың құндылық және құнсыздық арақатынасымен анықталатын сапалы ақуыздық көрсеткіш болып табылады. Қозы етінің сапасы ақуыздық көрсеткіші жағынан сақа қойға қарағанда жоғары. Ол қозының тоғыз айлығына дейін күрт өседі де, содан соң төмендейді.

Зерттеу объектісі

Еттегі ақуыздың биологиялық құндылығы бұлшық еттің құрылысы мен функционалдық мақсатына байланысты. Басым көпшілігі жұмыр формалы динамикалық және динамостатикалық функционалды маңызы бар бұлшық еттен тұратын бірінші сортты етте толық құнды ақуыздар мол және олардың сапалы ақуыздық көрсеткіші жоғары болады. Екінші сортты етке қатпарлы және көп таралуы бұлшық ет, шандыр мен қалақ сіңірі кіреді. Құнды ақуызы аз да, құнсыз ақуызы көп.

Сапалы ақуыздық көрсеткіші ең төменгі және құрамында дәнекер ұлпа ақуыздары аса мол үшінші сортты ет болып табылады. Оған негізінен статодинамикалық және статикалық функционалды көп көпіршікті бұлшық ет, шандыр және сіңір жатады.

Сақа қой етінің қозы етіне қарағанда құрамындағы ақуызы аз және сапасы нашар әрі биологиялық және тағамдық құндылығы төмен болады [5,6].

Қозы етінің аспаздық құрамы да өте жақсы. Олардың етінен әзірленген сорпада сақа қой етінен әзірленген сорпаға қарағанда ақуыз бен азотты экстрактивті заттар бір жарым есе көп.

Экстрактивті заттар сорпаға хош иіс және өзіндік дәм беріп, ас қорыту бездерін қатты қоздырады. Мұның өзі қарын сөлінің жақсы және толық сіңуіне мүмкіндік береді.

Майдың құндылығы оның ұшадағы орнына, малдың жасына, оларды азықтандыру, күтіп бағу жағдайларына байланысты. Тағамдық құндылығы жоғары, қанықпаған, таптырмайтын май қышқылы көп, еру температурасының төмендігімен, қату температурасының жоғарылығымен ерекшеленетін, рефракциясы мен йод саны көп май жатады. Ол майларға құйрық, тері асты және төс майын жатқызуға болады. Олардың еру температурасы төмен, құрамында йоды мен қанықпаған май қышқылы өте көп.

Сақа мал майының тағамдық құндылығы едәуір төмен, өйткені онда көміртегі басым келеді. Олардың майы баяу ериді, құрамында қаныққан май қышқылы көп болады. Енелерін еміп жүрген қозылардың майы негізінен енелерінің сүтімен келетін сүт майының есебінен жиналады.

Нәтиже және талқылау

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша ұшаның әр бөлігінің салмағының бірдей болғанына қарамастан, әр бөлігінде әртүрлі мөлшерде май жиналады, соның салдарынан ұшаның ең жақсы бөліктері (жамбасы, құйымшақ және арқа) протеиндер мөлшерінің көптігімен және майдың жиналуының қалыптылығымен ерекшеленеді.

Қой ұшасында арқа бөлігіндегі (18,8 %) және жамбаста (18,9 %) (1 кесте) бөліктерінде азотты заттардың көп болуы ұлпаның құрамының өзгешелігімен түсіндіріледі. Мысалы, арқа және құйымшақ бөліктері бұлшық ет ұлпаларынан, ал төс жағы – май ұлпаларынан тұрады.

1 кесте. **Қой ұшасының бөліктеріндегі тұзда еритін ақуыз гидролдизатындағы аминқышқылдардың мөлшері (%, ақуызды азотқа қатысты)**

Аминқышқылдардың аталуы	Ұша бөліктерінің атауы					
	мойын	төс	жауырын	арқа	құйымшақ	жамбас
Лизин	7,0	7,1	7,7	7,8	7,8	8,0
Гистидин	4,4	4,8	4,1	3,5	3,1	3,8
Аргинин	6,9	7,1	7,3	6,7	6,8	6,5
Валин	4,3	3,8	4,0	4,4	4,8	4,8
Треонин	4,1	4,0	4,4	4,8	4,0	4,4
Метионин	1,5	1,08	1,8	2,0	2,0	2,5
Фенилаланин	4,5	4,5	4,8	5,4	4,9	4,6
Триптофан	1,5	1,1	1,5	1,3	1,4	1,6
Лейцин	13,8	14,5	15,7	15,8	16,2	16,8
Аланин	6,0	6,0	5,5	5,1	5,0	5,4
Глицин	7,6	7,2	6,4	6,8	6,9	7,0
Аспарагин	10,7	11,6	11,9	11,4	10,5	10,7
Глутамин	7,4	7,0	7,5	7,6	7,2	7,8
Серин	3,4	3,6	3,8	3,2	3,2	3,5
Тирозин	2,8	2,7	2,9	3,0	3,0	3,1

Азотты экстрактивті заттар еттің дәміне және ароматына әсер етеді және де ақуыз ауысуындағы соңғы өнімі болып табылады. Қой ұшасының әрбір бөлігінде олардың мөлшері әртүрлі: арқа бөлігінде – 13,7% бүкіл азотқа қатысты, мойында – 10,3 %. Зерттеулер нәтижесі азотты экстрактивті заттар толық құнды ақуыздарға қатысты жүретінін және еттің дәмдік қасиеттерін жақсартатынын дәлелдеді.

Мойын бөлігіне суда және тұзда еритін ақуыздардың 13,9 %, арқа және жамбаста – 17,5- 17,7 % келеді, сонда 3,5 -3,7 % артық. Толық құнды ақуыздардың көп бөлігін азотты экстрактивті заттарға бай сілтіде еритін ақуыздар құрайды: олар – арқа бөлігінде 55,1 %, жамбаста 54,9 %. Тұзда және сілтіде еритін ақуыздардың негізгі суммарлы құрамы тамақтанудағы маңызды роль алатын және тамақ өнімі ретіндегі еттің биологиялық құндылығын анықтайтын толық құнды ақуыздар комплексін құрайды. Толық құнды ақуыздардың көп мөлшері арқа және жамбас жағында – 72,5 % және 73,3 % болады. Мойын және төс бөлігінде олардың мөлшері азаяды – 67,8 % және 68,7 % дейін.

Қой ұшасының жұмсақ бөлігі толық емес құнды ақуыздардың коллаген түріндегі көп бөлігін құрайды, олар көбіне мойын, төс және жауырын бөліктерінде кездеседі. Толық құнды емес ақуыздардың ет ұшасының бөліктерінде кездейсоқ таралуы анық байқалынады. Мысалы, мойын және төс бөліктерінде олардың мөлшері 20,6 % -дан 19,1 % дейін болса, онда арқа, жамбас және құйымшақ бөліктерінде – 11,7 % -15,3 % болады.

Еттің биологиялық құндылығын және ақуыздың сапалық көрсеткішін көрсететін көрсеткіш толық құнды ақуыздардың толық құнды емес ақуыздарға арақатынасы болып табылады. Арқа бөлігі үшін ақуыздың сапалық көрсеткіші 7,17% тен, құйымшақ және жамбас бөлігі үшін – 4,55% және 5,39%, мойын және төс – 3,21-3,51% сәйкесінше. Осыған байланысты еттің жоғары биологиялық құнды жері ұшаның жамбас бөлігі болып табылады. Аминқышқылдарын зерттеу кез-келген тамақ өнімдерінің, сонымен қатар еттің тағамдық және биологиялық құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеулер барысында табылған су, тұз және сілті фракцияларында еритін ақуыздардың гидролизатын құрайтын аминқышқылдарының мөлшері 1 және 2 кестеде берілген.

Алынған мәліметтер бойынша қой ұшасының барлық бөліктерінде тұз және сілті ақуыз фракцияларының құрамындағы лизин, гистидин және аргинин сияқты аминқышқылдарының мөлшері жоғары екенін дәлелдейді. Мысалы, тауық ақуызында лизин мөлшері 6,4 %, қой етінің ұша бөлігіне байланысты тұзда еритін фракциясында – 7,0-8,0 %, сілтіде еритін фракциясында – 7,3-8,8%. Анықталған аминқышқылдарының мөлшері ет ақуызының ФАО/ВОЗ стандарттары бойынша сәйкес келеді. Ақуыздың тұзда еритін фракциясында осы аминқышқылдарының мөлшері 13,7-ден – 16,6 %, сілтіде еритін – 14,5-16,3 %. Ұша бөліктерінің ұлпа құрамына байланысты құйымшақ және жамбас жағында валиннің, метиониннің және фенилаланиннің мөлшері 14-16% артық, мойын мен төс бөліктеріне қарағанда.

2 кестеден көріп тұрғанымыздай қой етінің биологиялық құндылығы жоғары болып келеді. Толық құнды ақуыздар мөлшері бойынша тағамдық жағынан қой ұшасының арқа, құйымшақ және жамбас бөлігі құнды болып табылады.

Ұшаның бөліктерінен алынған қой майының йод саны мөлшерінің айырмашылығы онша емес 80,6-82,1% құрайды (3 кесте). Қой майын сиыр және шошқа майымен салыстырып қарағанда қанықпаған линол, линолен және арахидон қышқылдарымен бай. Ондағы йод саны сиыр майындағыдан (2-57%) 2,5 есе жоғары.

Қанықпаған май қышқылдары мөлшерінің жоғары болуы қой майының (29,7-30,3^0 С) сиыр майымен салыстырғанда (42-52^0 С) балқу температурасының төмендігімен ерекшеленеді. Қой етінің қату температурасы төмен (23,2-24,0^0 С).

2 кесте. **Қой ұшасының бөліктеріндегі сілтіде еритін ақуыз гидролдизатындағы аминқышқылдардың мөлшері (%, ақуызды азотқа қатысты)**

Аминқышқылдардың аталуы	Ұша бөліктері					
	мойын	төс	жауырын	арқа	құйымшақ	жамбас
Лизин	7,5	7,2	7,9	8,0	8,4	8,8
Гистидин	2,5	2,2	2,5	2,3	1,9	2,3
Аргинин	8,0	7,9	7,5	7,6	7,2	7,0
Валин	3,9	3,7	3,9	4,0	4,3	4,6
Треонин	4,1	3,3	4,0	4,3	4,7	4,7
Метионин	1,8	2,0	2,2	2,8	2,5	2,7
Фенилаланин	4,4	4,5	4,9	5,4	5,8	5,5
Триптофан	0,5	0,4	0,5	0,6	0,6	0,7
Лейцин	14,4	14,9	15,0	15,9	16,2	15,5
Аланин	6,0	5,9	58,5	5,4	5,9	5,7
Глицин	4,9	5,4	4,4	4,6	4,7	4,8
Аспарагиновая	12,1	12,5	11,7	11,9	12,3	12,6
Глутаминовая	8,2	8,5	9,2	8,5	8,8	9,7
Серин	2,5	2,9	3,1	3,0	2,7	2,8
Тирозин	3,2	3,5	2,8	3,0	3,2	3,5

3 кесте. **Қой майының физикалық константасы**

Ұша бөліктері	Йод саны	Температура, ^{0}С	
		балқу	қату
Мойын	81,3	47,2	37,6
Төс	82,1	47,7	38,2
Жауырын	81,5	46,2	38,5
Арқа	80,6	46,3	37,1
Құйымшақ	80,7	47,4	37,3
Жамбас	81,8	47,7	38,8

Қой еті санитарлық жағынан жоғары дәрежеде тұрады, себебі қой кейбір қауіпті инфекциялық ауруларға төтеп береді. Қой етінің диеталық және шипалы қасиеттері өте жақсы белгілі. Оны қолдану қан тамырлардың қабырғасына холестериннің жиналуына бөгет болады, ақуыздардың тез қалыптасуына әсер етеді. Әлсіздік сезінгенде, бойдың өсуі баяулағанда және де анемия мен құрт ауруы кезінде өте пайдалы. Қой етіндегі майдың құрамындағы холестериннің (28 мг%) мөлшері сиыр етіндегі (75 мг%) және шошқанікімен (74,5-126 мг%) салыстырғанда аздығымен ерекшеленеді. Қой етінде (120 мкг) сиырдікіне қарағанда фтор 2 есе көп (100 г піскен өнімге 63 мкг). Қой етін пайдалану тіс эмалінің кариеске төзімділігін және көмірсу ауысуының бұзылуын алдын алады. Қой ұшасының әрбір бөлігінің химиялық құрамын 4 кестеден көруге болады.

Еттің негізгі компаненттері – су, май және ақуыз бір-бірімен мөлшерлік арақатынаста болады. Құрамында майы көп ұшаларда су мен ақуыз мөлшері аз болады. Әсіресе бұл кезде сүбе мен жауырын және жамбасты салыстырғанда анық байқауға болады. Жауырында майдың көп мөлшері 12,8±0,6 %, ылғалдың аз мөлшері 68,2±0,5 % кездеседі. Ақуыздың мөлшері 18,6±0,5 % жамбаста көп болады. Осыған байланысты ұшалардың осы бөліктері ақуыздың көптігімен, майлылықпен ерекшеленіп, биологиялық жағынан құнды болғандықтан, олардан жоғары сапалы деликатес өнімдерін өндіруге болады.

Еттің ақуыз көзі болып табылуы оның құрамындағы ақуыздың мөлшерімен және аминқышқылдардың болуымен анықталады.

4 кесте. **Қой ұшасының жұмсақ бөліктерінің химиялық құрамы**

Ұша бөліктері	Құрамы, %				Триптофан/ оксипролин
	ылғал	май	ақуыз	күлі	
Бірінші категориялы					
Жамбас	68,5±0,6	11,5±0,4	18,6±0,5	0,72±0,04	4,42±0,11
Жауырын	68,2±0,5	12,8±0,6	17,5±0,5	0,70±0,07	3,29±0,12
Сүбе	70,6±0,3	8,8±0,3	19,1±0,4	0,74±0,02	4,39±0,10
Екінші категориялы					
Жамбас	70,4±0,3	9,4±0,4	18,7±0,4	0,76±0,02	4,40±0,10
Жауырын	69,6±0,5	11,8±0,3	17,2±0,3	0,69±0,03	3,20±0,12
Сүбе	70,8±0,4	9,5±0,2	18,5±0,4	0,72±0,04	4,21±0,14

Берілген анализ мәліметтері бойынша 4-кестеде ұшаның жамбас, жауырын және сүбе бөліктерінде аминқышқылдары құрамы бойынша ерекшеленбейді, осыған қарамастан қой етінің ақуыздарында ФАО/ВОЗ-дың ақуыз аминограммасына сәйкес ауыстырылмайтын аминқышқылдарының қоры болады. Бұл қордың көлемі әртүрлі аминқышқылдар үшін бірдей емес және де бөлек топ құруға мүмкіндік береді, оқшауландыратын аминқышқылдарын, мысалы күкірті бар. Олардың жетіспеушілігін шикізат құрамына әртүрлі өсімдік ақуыз компазициясын қосу арқылы байытуға болады.

5 кесте. **Қой ұшасының әртүрлі бөліктеріндегі аминқышқылдарының құрамы**

Аминқышқылдардың атауы	Мөлшері, %		
	Жамбас	Жауырын	Сүбе
Лизин	1,64	1,66	1,65
Гистидин	0,84	0,86	0,88
Аргинин	1,14	1,12	1,12
Аспарагин	1,87	1,87	1,85
Треонин	0,96	0,92	0,95
Серин	0,64	0,67	0,66
Глутамин	3,12	3,10	3,17
Пролин	0,69	0,64	0,69
Глицин	0,81	0,81	0,80
Аланин	0,96	0,92	1,01
Цистин	0,54	0,50	0,56

5-кестенің жалғасы

Валин	1,10	1,12	1,10
Метионин	0,61	0,64	0,60
Изолейцин	1,29	1,29	1,28
Лейцин	1,64	1,66	1,65
Тирозин	0,70	0,74	0,71
Фенилаланин	0,91	0,94	0,96
Триптофан	0,30	0,31	0,30
Оксипролин	0,07	0,08	0,07

Ет сапасының құнды көрсеткіші оның құндылығы болып табылады. Ол ақуыздың, майдың және көміртегінің жылу бергіштік қабілетін есептеу жолымен анықталады. Ағзаға 1 г май ыдырағанда 9,3 килокалория, 1 грамм ақуыз ыдырағанда 4,1; 1 г көміртегі ыдырағанда 4,2 килокалория жоғалатыны анықталды. Еттің калориялығы негізінен оның май құрамына, яғни малдың қоңдылығына байланысты болады. Малдың жасы өскен сайын оның етінің калориялығы арта түседі.

6 кесте. **1 категориялы қоңдылықтағы қой етінің химиялық құрамы**

Атауы	Сорт	Мөлшері, %			
		Ылғал	Май	Ақуыз	Күлі
Тәжірибе	с/сорт	75,30	3,65	19,70	1,01
	1 сорт	74,58	4,95	19,17	1,00
	2 сорт	65,74	14,48	18,37	1,01
Бақылау	с/сорт	75,50	3,75	19,62	1,01
	1 сорт	75,01	4,60	19,15	1,00
	2 сорт	66,10	14,27	18,30	0,97

Еттегі минералды заттар тұрақты түрде не аз, не көп мөлшерде болады. Олар май ұлпаларында аз, ал бұлшық етте, әсіресе сүйекте көп.

7 кесте. **2 категориялы қоңдылықтағы қой етінің химиялық құрамы**

Атауы	Сорт	Мөлшері, %			
		Ылғал	Май	Ақуыз	Күлі
Тәжірибе	с/сорт	75,30	3,93	20,55	1,00
	1 сорт	74,54	4,93	19,18	1,01
	2 сорт	68,46	11,99	18,22	1,01
Бақылау	с/сорт	75,28	3,98	19,40	1,01
	1 сорт	74,61	4,80	19,29	1,01
	2 сорт	68,54	4,80	18,39	1,01

Қорытынды

Осы мәселелерді бақылап, қозыны туған жылы етке өткізу қой шаруашылығын интенсивтендірудің, тауарлылығы мен рентабельділігін көтерудің ең негізгі шараларының бірі деуге болады. Өсірудің дұрыс ұйымдастыру және осы жылы туған, әсіресе енелерін еміп жүрген қозыларды етке өткізу жоғары өнімді қозы етін мол алуға жағдай жасайды.

Осы маңызды шараны күнделікті өмірде іске асыруға сойылатын қозының қоңдылығын, олардың етінің биологиялық құндылығы мен сапасына сай сатылып алынатын және өткізілетін қозының бағасын арттыру жөніндегі мемлекеттік стандарттың енгізілуі зор ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] А.Б.Лисицын., Н.Н.Липатов., Л.С.Кудряшов. и др.Производство мясной продукции на основе биотехнологии.-М-2005-369 с.

[2] А.Б.Лисицын., Н.Н.Липатов., Л.С.Кудряшов. и др. Теория и практика переработки мяса.-М-2008-308 с.

[3] Я.М.Узаков. Биотехнологические аспекты создания продуктов из баранины нового поколения.-Алматы,2005-193 с.

[4] Лисицын А.Б., Чернуха Т.Г., Кузнецова О.Н. и др. Химический состав мяса.-М. ВНИИМП.-2011-160 с.

[5] Я.М. Узаков. Убой скота и производство мясных продуктов по технологии «Халяль». Издательство «Эверо»– Алматы.: 2014.

[6] Uzakov Y.M. D.A.Ospanova. Study of the Morphological Structure and Nutritional Value of Lamb. World Applied Sciences Journal 2013, 27 (4): 479-482c.

Узаков Я.М., Оспанова Д.А., Шукешева С.Е., Маудинова Н.С., Акуов М.

Химический состав и биологическая ценность баранины

В статье приведены результаты химического состава баранины. Доказано, что химический состав баранины зависит от возраста, породы, упитанности животных. Биологическая ценность баранины определяется количеством белков и содержанием аминокислот в мясе. Полученные данные дают основание для целенаправленного использования мясного сырья - баранины в производстве и обоснования рецептуры мясных изделий в производстве.

Ключевые слова: баранина, химический состав, биохимическая ценность, пищевая ценность, белок, аминокислоты, селекция, качество.

Ya.M. Uzakov, D. A. Ospanova, S.E. Shukesheva, N. S. Maudinova, M. Akuov

Chemical composition and biological value of mutton

In article results of chemical composition of mutton are driven. It is well-proven that chemical composition of mutton depends on age, breed, fatness of animals. The biological value of mutton is determined by the amount of proteins and maintenance of amino acids in meat. The obtained data ground for the purposeful use of meat raw material - mutton in a production and ground of compounding of the manufactured meats in a production.

Keywords: mutton, chemical composition, biochemical value, food value, albumen, amino acids, selection, quality.

УДК 622.276.66

Г. А. Баймаханов, О. П. Помашев, Р. Слиханов, Н. Амирханов
(Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И Сатпаева, Казахстан, Алматы, Galymbek01@rambler.ru)

О ПРОЧНОСТИ ХРУПКИХ МАТЕРИАЛОВ НА РАСТЯЖЕНИЕ

Аннотация: Авторы статьи произвели анализ результатов работ по прочности хрупких материалов на рсвтяжение. Применение методов линейной механики разрушения (ЛМР), удобно использовать для описание бетонов или горных пород, а в горных породах всесторонне-сжатых не возможны при гидроразрыве нефтяного пласта (ГРП) в условиях масива. Приведенный подход к определению длины зоны предразрушения базируется на эксперементальных данных по наиболшей ширене раскрытия трещины. Подобные различия в длине зоне

предразрушения, несомненно, связаны с существенными различиями в микроструктуре названных материалов и различной степенью влияний масштабных факторов при проведении экспериментов.

Ключевые слова: Линейная механика разрушения, ЛМР, гидравлический разрыв пласта, ГРП, бетон, горная порода.

При расчете на прочность материалов с трещинами учитываются размеры трещины и напряжения. Применение методов линейной механики разрушения (ЛМР) к описанию поведения бетонов различной структуры и горных пород является полезным при подборе состава и структуры бетонов, отвечающих заранее заданным требованиям, применительно к креплению горных выработок глубокого заложения и отрицанию оброзований горизонтальных и вертикальных трещин при гидроразрыве нефтяного пласта (ГРП) в условиях масива [1].

Попытки применить аппарат ЛМР для описания поведения бетона в целом (в предположении его однородности) оправдывает себя при весьма больших размерах поперечного сечения рассматриваемой конструкции (порядка нескольких квадратных метров); такие размеры поперечных сечений характерны для крупных структурных блоков породной толщи массива, гидротехнических (плотины) и некоторых специальных сооружений (корпуса высокого давления для атомных ректоров, плавучие и гравитационные платформы для нефтедобычи в зоне морского шельфа и т.п.).

Железобетонные конструкции широко применяемые в горном деле (тюбинги и др.), в промышленном, гражданском и сельскохозяйственном строительстве, размеры поперечного сечения имеют до долей метра квадратного, а подземные слои горных пород - десятки метров квадратных, и методы ЛМР, предполагающие однородность бетона и горных пород, приводят в этом случае к правильным результатам.

Рассматривая развивающуюся в бетоне или в горной породе трещину (нормального разрыва, см. рис 1 а), видим, что по длине трещина может быть разделена на два участка: участок длинной l_a, где берега трещины не контактируют между собой, и участок длиной l_p, где между берегами действуют силы ослабленных связей между частицами, распределенных по некоторому закону, рис 1, б. При это фактически трещина может быть представлена в виде с некоторой условной (эффективной длиной $l_{eff.} = l_a + l_p$.



Рис. 1. Идеализированная модель трещины зоны предразрушения

При таких допущениях напряжение и деформации в теле, содержащем рассматриваемую трещину, могут быть найдены методами ЛМР. При заданной нагрузке трещина перейдет в состояние предельного (подвижного) равновесия и начнет развиваться, если раскрытие трещины на границе между зонами l_a и l_p достигнет некоторого критического значения η_{max} (рис. 1, в). В подобной постановке данная задача применительно к материалам и другим квазиоднородным материалам рассматривалась в известных работах Дж.Ирвина, Д. Дагдейла, Г.И. Баренблатта, В.В. Панасюка и других исследователей.

При переходе к хрупким горным породам и бетону возникает вопрос: Как оценить критическое раскрытие трещины η_{max}, раскрытие трещины $\eta(x)$ в зоне предразрушения и распределение сил сцепления б(х) между частицами ? Для этого имеются различные предложения, некоторые из которых приведены ниже.

В работах США из Северо-Западного университета (г. Эвонсон, США) предлагается, чтобы величину критического раскрытия трещины η_{max} и зависимости $\sigma[\eta(x)]$ устанавливать экспериментально испытанием на осевое растяжение.

Так как требуемое для нахождения величины σ_x распределение смещений $\eta(x)$ зависит, в свою очередь, от приложений нагрузки, геометрии образца, длины зоны предразрушения и от самой величины силы сцепления $\sigma(x)$ между частицами, то для решения задачи предлагается использовать итерационный метод.

При этом алгаритм решения задачи следующий:

1. Рассматривается трещины длиной l в состоянии предельного (подвижного) равновесия.

2. Задаются длиной зоной предразрушения l_pи профилем эффективной трещины.

3. Зная l_pи профиль трещины в зоне предразрушения, вычисляют межчастичные силы сцепления на основе диаграммы $\sigma - \varepsilon$ для осевого растяжения. Таким образом, форма и эпюры $\sigma(x)$ зависит от принятого профиля трещины и характера диаграммы $\sigma - \varepsilon$.

4. По геометрии образца велечине внешной нагрузки и эпюре силы сцепления $\sigma(x)$ между частицами, на основе методов теории упругости вычесляют взаимные перемещения берегов для условной (эффективной) трещины длиной l_{eff}.

5. Если ширина раскрытия реальной трещины в устье $\eta(x)|_{x=}l_p$ равна критическому раскрытию n_{max}, то принятая длина зоны предразрушения найдена корректно. В противном случае задаются другой длиной зоны предразрушения l_p и повтроряют счет до тех пор, пока не будет достигнуто равенство.

6. Для найденного значения длины зоны предразрушения вычисляют наибольшую ширину раскрытия трещины $l\,\eta(x) = l_a + l_p$, т.е. ширину ее раскрытия на внешней поверхностей образца. Если это значение не соответсвует экспериментальным данным, то изменяют задаваемый профиль трещины и повторяют счет, начиная с пункта 2.

Приведенный подход к определению длины зоны предразрушения базируется на эксперементальных данных по наиболшей ширене раскрытия трещины.

Вычисления, выполненные на основе приведенного выше алгоритма и их сапостовление с результатами эксперемента на образцах из бетона состава 1:1:2:0,5 (Ц:П:Щ:В), позволили оценить необходимую точность, требуемую при задании тех или иных характеристик, входящих в расчетную модель. Было установлено, что удовлетворительные результаты дает предположение о линейном (треугольном) профиле раскрывшейся трещины. Далее использование кроволинейной эпюры силы сцепления $\sigma(x)$ между частицами и равновеликой прямоугольной эпюры с интенсивностьюσ_0 дали приктически идентичные результаты.

Измениения инетенсивности межчастичных сил сцепления σ_0 (оно осуществлялось в пределах от 0,115 до 0,6 σ_0, где σ_0 - прочность бетона на растяжение) также не повлияло на расчетную длину зоны предразрушения, не смотря на варьирования σ_0 , полученные расчетам значения раскрытия трещины на внешней поверхности образца совпадали с измерениями в опыте. Было установлено, что длина зоны предразрушения в процессе роста трещины остается практически постоянной, равной около 75 мм (при максимальной крупности заполнителя d=6.35 мм).

Таким образом, отношение длины зоны предразрушения к максимальному размеру зерна заполнителя составило l_p / d=75 / 6,35= 12, на образцах типа «двойное кручение» из бетона того же состава дали значения l_p=25 мм, чему соответствует l_p/ d = 4. Авторы исследования объясняют подобное расхождение различиями в геометрий фронта трещины для образцов названных типов. Заслуживает внимания так же тот факт, что значения длины зоны предразрушения, найденные в работе Лота, Каслера и Науса прямыми измерениями на бетонных образцах с надрезами при помощи системы тензодатчиков, дали значения длины зоны нелинейных деформаций перед кончиком развивающейся трещины, равной так же 75 мм.

Значения длины зоны предразрушения, найденные экспериментально (методами акустической эмиссии, микроскопической интерферометриии) для других материалов, также не зависят от длины развивающейся трещины и равны примерно 3 мм для асбестоцемента 0,04 мм для стеклопластика.

Подобные различия в длине зоне предразрушения, несомненно, связаны с существенными различиями в микроструктуре названных материалов и различной степенью влияний масштабных факторов при проведении экспериментов.

Необходим отметить, что рассмотренное выше модель оказалось чрезвычайно чувствительной к величине критического раскрытия трещины η_{max} : увеличений значении η_{max} требует увеличения расчетной длины зоны предразрушения. Совпадение расчетного и опытного значений максимальной ширины раскрытия трещины (на наружной поверхности образца) достигалось только при единственном значении η_{max}= 0,025 мм.

Для практических целей авторы рассматриваемой модели предлагают принимать величину η_{max} по результатам испытаний бетонного образца на растяжение с записью полной диаграммы $\sigma - \varepsilon$. При этом значение η_{max} равно ширине раскрытия трещины, соответствующей к самому концу нисходящей ветви диаграммы $\sigma - \varepsilon$, при $\sigma \to 0$.

Естественно, состоятельность изложенных экспериментальных результатов можно более дополнить и усилить, проведя испытания бетонных образцов различного размера с выявлением влияний масштабных факторов [2].

Эти же экспериментальные результаты, полученные испытанием бетонных образцов, показывают, что в условиях массива они не характерны горным породам, последние не разрываются от действия жидкости, то есть «гидроразрывы горных пород нефтяных пластов невозможны» [3-5].

ЛИТЕРАТУРА

[1] Зайцев Ю.В. Механика разрушения для строителей. -М., Выс. шк. 1991, 288 с.

[2] Помашев О.П. О прочности горных пород на разрыв и влияющих на нее масштабных факторов. Новости науки Казахстана (научно-техн. сборник), №1 (104), типография НЦ НТИ. С.64-70, Алматы - 2010 .

[3] Помашев О.П., Сарыбаев М.А. Татишев «О невозможности гидроразрыва нефтяного пласта». Материалы VIII Международной научно-практической конференции «Стратегия развития науки-2012», часть 31, 112 стр.

[4] Казбулатов И.Г., Рубцова А.В., Юнусов Р.Р. и др. Многостадийный гидроразрыв пласта в горизонтальных скважинах в комплексе с микросейсмическим мониторингом и кросс-дипольным акустическим каротажем. // Нефтяное хозяйство, 2014, № 9, 93-95 с.

[5] Саттаров Р.З. Исследование прироста коэффициента охвата пласта при проведении гидроразрыва на основе геостохастического моделирования. // Нефтяное хозяйство, 2014, № 9, 104-107 с.

Баймаханов Г.А., Помашев О.П., Слиханов Р., Амирханов Н.

Созылу кезінде сынғыш материалдардың беріктігі туралы

Мақаланың авторлары шиеленісті сынғыш материалдар кедергісі жөніндегі жұмыстың нәтижелеріне байланысты талдау жасады. Сызықты жару механикасымен (LRM), бетонның немесе тау жыныстарының сипаттау үшін қолалйлы, ал тау жыныстарының жан-жақты қысу кезінде қабатты гидрожару (ҚГЖ) жүргізу мүмкін емес.

Жарықшақтар ашу ең үлкен ені бойынша эксперименттік деректер негізінде сыну аймағының ұзындығын анықтау үшін жоғарыда тәсіл қолайлы. Алдын-ала сыну аймағының ұзындығы материалдарды микрокұрылымын айырмашылықтар мен өлшемі масштабты факторларға эксперимент түрінде сөзсіз байланысты.

Кілтті сөздер: Сызықты жару механикасы, СЖМ, қабатты гидравликалық жару, ҚГЖ, бетон, горная жыныс.

Baimakhanov G.A., Pomashev O.P., Slihanov R., Amirhanov N..

On the strength of brittle materials in tension

The authors have made an analysis of the results of work on the strength of brittle materials rsvtyazhenie. Application of linear fracture mechanics (LRM), useful for the description of concrete or rocks, and rocks thoroughly compression is not possible with an oil hydraulic fracturing (HF) under an array.

The above approach to determining the length of the zone is based on the pre-destruction of experimental data naibolshey expansion crack opening. Such differences in the length of pre-fracture zone is undoubtedly related to the significant differences in the microstructure of these materials and the varying degrees of size effect in experiments.

Keywords: linear fracture mechanics, LRM, hydraulic fracturing, HF, concrete, rock.

УДК 681.518.5:51

А. Б. Закиржан, Г. С. Набиева, К. Н. Сагалова
(Қ.И.Сатпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, email:Zakirjan_aidana@mail.ru)

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР ЖИНАҒЫ МЕН ЭЛЕКТРОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИГНАЛДАРДЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӨҢДЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҮЛГІСІН ЖАСАУ

Түйіндеме. Осы жұмыста ақпараттық үлгілер негізінде тіркеудің компьютерлік биомедициналық жүйелері мен электрофизиологиялық ақпаратты математикалық өңдеу туралы қарастырылады. Осы диссертациялық жұмыстың зерттеу обьектісіне медициналық зерттеу кешеніндегі кардиограмма тіркеуінің сигналдары жатады. Зерттеу пәндеріне ЭКГ сигналдарын өңдеу мен демонстрациялау қондырғысы жатады.

Түйін сөздер: биомедициналық жүйе, ЭКГ, электрофизиологиялық ақпарат, фильтрлеу, электрокардиографтар, электроэнцефалографтар, эхокардиографтар, ангиографиялық кешендер, томографиялық.

Адмның физиологиялық ақпаратын жинақтау, өңдеу және автоматтандырылған талдауы заманауи медицинаның көптеген диагностикалық әдістерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Электрофизиологиялық сигналдардың компьютерлік жүйелер жинағы мен математикалық өңдеуі биомедициналық ақпаратты тіркеудің, оның талдауын және диагностикасы қызметтерін атқаратын көптеген бағдарламалық компоненттерден тұратын күрделі аппараттық-бағдарламалық кешендері болып табылад [1].

Заманауи диагностикадағы электрофизиологиялық сигналдар рөлін қайта бағалау қиынға соғады. Алайда клиникадағы бар аппараттық жазу кешендері мен электрофизиологиялық сигналдарды талдау түзілісі әр түрлі қателіктер қатарынан тұрады. Бұл электрокардиографтардың, электроэнцефалографтардың, эхокардиографтардың, ангиографиялық кешендердің, томографиялық аппараттың тоқтардың шамаларының аз болуымен және кернеулердің милливольт және микроампер деңгейінде жұмыс істеуіне байланысты болып отыр. Бұл жағдайда аппатураның жетілмегендігі мен кедергілердің болуы жалпыға белгілі түрлі приборлармен жүргізілетін сол бір физиологиялық процестің бақылауы бақыланатын параметрлердің түрлі мәндерін береді [2].

Кез келген бағдарламалық жүйесіне жобалау өнімнің сапасын арттыруға бағдарланған жобалау әдістемелігін таңдаумен, бағдарламалық архитектураны жасау мен бағдарламалық платформаны таңдаумен, бағдарламалық қосымшалар сапасын бағалау әдістерін қолданумен, функционалды құрамның өткізілу икемділігі мен тестілеуімен, ұсныстық сипаттағы талаптардың қалыптасуымен тығыз байланысты толық сауалдар кешені кіреді. Жобалаудың маңызды кезеңіне бірыңғай талаптарды шығаруды іске асыратын құрылымның жалпы элементтерін айқындау мақсатында ұқсас жүйелер класының құрылысын зерттеу жатады. Бұл жүйелердің толық класын құруға арналған бірыңғай әдістерді пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап ыңғайдың көзқарастарын жасауға мүмкіндік береді. Мәселелерді шешуден тұратын бірінші кезеңді қоса алғандағы зерттеудің кезең бойынша құрылысы зерттеудің мақсаттары мен мәселелерін қалыптастырады.

Осы зерттеудегі құрылымданудың негізгі әдісіне жүйелік талдаудың негізгі теориясы болып табылатын жүйелік әдіс болып табылған болатын. Жүйелеу-құрылымдық әдісте ішкі жүйелер құрылымын зерттеуге, ішкі байланысты зерттеуде өзінің артықшылықтары бар. Мұның астарында сонымен қатар жүйе тап болатын жағдай шығу-тегінен, байланыстардың сыртқы ортаға тәуелділік элементтерін және жүйенің тәртібін зерттеуге негізделген. Құрылымы ұғымында белгілі өзара байланыстардың бейнелену мәні, жүйенің құрамдас бөліктерінің өзара орналасуы, оның жайластырылу мәні жатыр. Жүйелік-құрылымдық әдістің маңызды белгісіне оның құрылымдық байланыстарды қарастырумен қатар, жүйенің құрылымдық қызметін қарастыруда жатыр (құрылымдық-функционалдық әдістер аспектілері).

Жүйелік талдау әдісі техникалық жүйелерді, оның ішінде бағдарламалық қамсыздандыруды жасаудың Рационалды сәйкестендірілген процесінің негізі болып табылады. РСП ПО жоспарлау процестерін жүйелер үлгілерін құру мен сүйемелдеу кезеңіне басталып тестілеу мен енгізу фазасына дейін регламенттейді.

Тұжырымдамалық үлгілердің негізгі параметрлеріне жүйе элементтері, ақпарат көздері, сыртқы орта саналады, олардың әрқайсысы өзіндік қасиеттерімен сипатталады, ал жүйе – өзіндік тұтасытығымен сипатталады. Бұл қасиеттер жүйенің тәртібіне әсер ететін факторлар жиынтығын қалыптастырады. Зерттеудің маңызды кезеңіне жүйе туралы жасақталған құрылымдық түсініктерден бағдарламалық архитектураға ауысуына және оның одан әрі қарай орындалуы жатады. Архитектуралық шешімдер жүйенің толық құрылымы белгілі болғанда, яғни жүйеге қойылатын талаптар толығымен қалыптасқанда қабылданады.

Қойылған мәселелрді шешу үшін шешімдерді қабылдаудың негізгі жиынтығын білу қажет, оның ішінде пайдаланылатын аппараттық құралдардың топологиясын бейнелейтін параллелизм мен синхронданудың механизмдерін қалыптастыратын процестердің үлгілері нәтижелі болып отыр. Орындау үлгісі жүйенің покомпонентті конфигурациясын шығаратын қорытынды түсінік болып табылады.

Үлгілеу мен нақты мәліметтер кезінде алынған нәтижелердің салыстыру жолымен үлгілік сипаттамалардың қолданылу дәрежесі жалпылай бағаланып, содан кейін олардың зерттеу мақсаттары мен қозғалған талаптарына сәйкестігі анықталады, яғни, нәтижелерді шығару тәсілдері мен бағыттарын дәлелдеуге мүмкіндік беретін зерттеудің синтез мәселесі шешіледі.

Зерттеу әдістемесінің қорытынды кезеңіне тақырып бойынша қалыптастыруға алып келетін зерттеу мақсаттарына толық жетуді дәлелдеу болып табылады.

Қорытынды

Талдау биофизикалық сигналдардың физикалық табиғатына сәйкес биофизикалық сигналдардың типтеріне жасалды, адамның негізгі физиологиялық сигналдарының динамикалық сипаттамалары жүйелендірілген.

Бағдарламалық жүйелерді жобалау кезіндегі зерттеулерді жүргізудің кезеңдері мәселені зерттеу кезеңі мен зерттеудің базисті әдісін таңдаудан басталып бағдарламалық архитектураны қалыптастыру мен шығаруға дейінгі кезеңдері қарастырылған. Биомедициналық ақпараттың тіркелуі мен талдауының полиморфиялық жүйесінің тұжырымдамалық үлгісі берілген, осындай жүйелердің архитектурасын оңтайландыру кезіндегі сапа көрсеткіштері берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Е.В. Аксенов және бсақалары. Ұқсас-цифрлық түрлендірудің сигма-дельта негізінде электрофизиологиялық ақпаратты жинау мен өңдеу жүйелері. //Биомедициналық технологиялар мен радиоэлектроника. - №12-2001. - стр. 56-65.

[2] Файнзильберг Л.С. Физиологиялық сигналдарды ақпараттық технологиялық өңдеудегі шулардың бейімділдірілген деңгейлестірілуі. - Математикалық машины мен жүйелер.-2002, № 3.- С. 96-104.

[3] http://ru.wikipedia.org/wiki/Электрокардиография (Электрокардиография)

[4] http://www.biosignal.ru (ООО Биосигнал – бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау)

[5] http://www.sciteclibrary.ru/rus/catalog/pages/5757.html (SciTecLibrary -Мақалалар мен басылымдар)

Закиржан А.Б., Набиева Г.С., Сагалова К.Н.

Разработка модели и методов распределенных компьютерных систем сбора и математической обработки электрофизиологических сигналов

Аннотация. В работе рассматривается о компьютерной биомедицинской системе регистрации и математической обработки электрофизиологических информации на основе информационных моделей. Объектом исследования в данной диссертационной работе являются сигналы регистрации кардиограмм в медицинских исследовательских комплексах. Предметами являются устройство обработки и демонстрации ЭКГ сигналов.

Ключевые слова: биомедицинская система, ЭКГ, электрофизиологическая информация, фильтрация, электрокардиографы, электроэнцефалографы, эхокардиографы, ангиографические комплексы, томографическая.

Zakirzhan A.B., Nabiyeva G.S., Sagalova K.N.

Development of models and methods of distributed computing systems of collection and mathematical processing of electrophysiological signals

Summary. In this paper we consider a biomedical computer registration system and mathematical processing of electrophysiological data on the basis of information models. The object of study in this thesis are signals registering cardiograms in medical research complexes. The subjects were processing device and display ECG signals.

Key words: biomedical system, ECG, electrophysiological information, filtration, electrocardiographs, EEG, echocardiography, angiographic complexes, Tomographic**.**

УДК 303.091.7:665.637.048.5

[1]С. Т. Танашев, [2]У. У. Умбетов, [1]Г. Ж. Пусурманова, [1]Б. М. Усентаев, [2]Ж. К. Шуханова, [1]У. Б. Тилеубердиев

([1]М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)
Шымкент, Қазақстан Республикасы,.
[2]Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті,
tanashev56@mail.ru)

ҚҰМКӨЛ МҰНАЙЫН АТМОСФЕРАЛЫҚ-ВАКУУМДЫҚ ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА TRACE MODE®G БАҒДАРЛАМАСЫН ВИЗУАЛДЫ-ИМИТАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Түйіндеме. Бұл мақалада Құмкөл мұнайына әсер етудің жаңа әдістерін іздеу, мұнай мен мұнай өнімдерін фракциялау көрсеткіштерін жақсарту үшін аппараттардың конструкциялық ерекшеліктерін өзгертуге, буландыру үшін әр түрлі орталарды қолданылуы көрсетілген. Мұнай мен мұнай өнімдерін оңтайлы араластыру мақсаттарына бағытталған арнайы құрастырылған мұнайды бір реттік буландыру қондырғысында зерттеулер жүргізілген. Сондай-ақ мұнайды бір реттік буландыру қондырғысында атмосфералы-вакуумдық жүйеде айдау, қондырғының материалдық тепе-теңдігін құрастыруға мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: мұнай, вакуумдық қондырғы, көмірсутек, шикізат, сутек, бензин, дизель, фракция, гудрон, белсенді қоспа.

Мұнай мен газды өндіруді ұлғайту энергия мен отынды өндіруді едәуір қамтамасыз ету қажеттілігімен ғана емес, жоғары сапалы мотор отыны мен дамып келе жатқан мұнай химиясы өнеркәсібі үшін шикізат базасын құру мақсатына да байланысты.

Мұнай және ауыр мұнай қалдықтарын ұтымды пайдаланудың жолы отын дистилляттарының шығымын ұлғайту атмосфералық-вакуумдық (АҚ және АВҚ) қондырғыларда өңдеу болып табылады.350^{0}С-қа дейін қайнайтын мөлдір фракциялардың мүмкін шығымы мен АВҚ қондырғыларындағы мөлдір мұнай өнімдерін бөліп алудың арасындағы айырмашылық өңделетін мұнайлардың сапасына, алынатын өнімдердің ассортименті және олардың ара қатынасына байланысты мұнайға шаққанда 5-7% мас. құрайды.Мұнай және мұнай қалдықтарын атмосфералық-вакуумдық айдау мұнай өңдеу зауыттарының бастапқы үрдісі болып табылады, оның тиімділігі өндірістің экономикалық көрсеткіштерін анықтайды, ал оны жетілдіру мұнай өңдеудің өзекті міндеті [1-3].

Г.Л. Луканкин «Педагогикалық институттарда математика мұғалімдерін кәсіби дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты еңбегінде болашақ мамандарды кәсіби дайындағанда оларды белгілі бір математикалық курстың негізінде қазіргі заманауи математикалық идеялармен таныстыру керектігін айтады. Ол «Бұл жағдайда болашақ мұғалімдердің: 1) математиканың үздіксіз дамып отырған ғылым екендігіне көздері жетеді; 2) зерттеу жұмысымен шұғылдану және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады; мектепте математикадан факультативтік сабақтар жүргізгенде, саралап оқытуда қолдана алады», - деді. [4].

«Аналитикалық функциялар теориясы» негізінде құрылған арнайы курстар, негізгі «Комплекс айнымалы функциялар теориясы» курсы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының арасын байланыстырушы буын болып табылады. Арнайы курстар белгілі бір бағытта студенттердің үздіксіз дайындығын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асыра алатын математика мұғалімін дайындау үшін алгебра, геометрия, математикалық анализ, комплекс айнымалы функциялар теориясы және т.б. математикалық курстардан теориялық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар сол математикалық курстар арасындағы байланыстарды көрсетіп отыру маңызды.

Екіншіден, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары арнайы курстар мен семинарлар жүргізгенде оқушыларды шығармашылыққа баулу қажет. Бұл әрине аса күрделі жұмыс. Ал арнайы курстар мен семинарлар, заманауи математикалық біліммен қаруландырып қана қоймай, оларға проблемалық тапсырмалар беру арқылы зерттеу жұмысымен айналысуларына мүмкіндік жасайды [5].

Физика-математика факультеттерінің бакалавриатының жоғары курстарына арналған арнайы курстардың құрылымы бакалавриаттың төменгі курс студенттеріне арналған арнайы курстардан өзгеше болуы және оның қосымша мақсаттары болу керек. Осы арнайы курстардың негізгі міндеттерінің бірі, біздің ойымызша, математикалық анализдің бірнеше бөлімдерін оқып үйрену нәтижесінде алынған білімдерді синтездеу, яғни оларды біртұтас дүниетанымға айналдыру. Университеттің көптеген түлектері қызмет барысында практикаға бой ұсынып, уақыт жетпегендіктен теориялық проблемалардан алшақтайды. Ал бұл, өз кезегінде, олардың практикалық жұмысының сапасына әсер етеді. Осы себепті алған білімдерін жинақтау (синтездеу) университет қабырғасында жүргізілу қажет деп ойлаймыз.

Университетте білімін табысты аяқтау үшін, студенттер математикалық анализдің түрлі тарауларынан алған ақпараттарын бір жүйеге біріктіру қажет. Математикалық анализдің түрлі

тарауларының арасындағы шекаралары шартты. Сондықтан көптеген теориялық және практикалық маңызды мәселелерді бір тараудың көлемінде шешу мүмкін емес.

Бұл мәселені шешудің бір жолы – әртүрді теорияларды салыстыруға мүмкіндік беретін проблемаларды қарастыру.

Сонымен қатар, комплекс айнымалы функциялар теориясының нақты ұғымдарының әдіснамалық көздерін айқындау қажет. Мысалы, нақты айнымалы функциялар теориясы мен оған негізделетін комплекс айнымалы функциялар теориясының әдістемелік қырларын салыстыру арқылы комплекстік жазықтықтағы нақты ұғымдардың әдіснамалық көздерін ашуға болады.

Комплекс айнымалы функциялар теориясының материалы математик-студенттердің теориялық және практикалық дайындықтарына байланысты мынадай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

• математикалық анализдің көптеген тарауларының өзара байланыстарын түсінеді және алған іргелі білімдерін практикада қолдану біліктілігіне ие болады;

• студенттер шығармашылық және тұлғаның өзін-өзі білімге жетелеу қабілеттеріне ие болады;

• студенттер теориялық қақтығыстардан туатын проблемаларды түсіндіріп нақты көрсете алады;

• мұғалім әртүрлі теориялық құрылымдардың және олардың практикалық салдарларының проблемалық сипатын көрсете алады;

• оқытушының студенттерді шағын шығармашылық сипаттағы заманауи теориялармен таныстыруға мүмкіндік болады;

• жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, математиканың практикалық бағыттылығы мәселелеріне студенттердің назарларын аудару жүзеге асады.

Арнайы курстар студенттерді математиканың қолданбалы жерлерімен танысуларына мүмкіндік туғызады. Мұның *маңызы зор*, себебі болашақ мұғалім мектепте жұмыс істегенде оқушыларға сандар туралы ұғымды, функционалдық байланыс туралы ұғымды қалыптастырудың соңғы деңгейінде, комплекс сандардың және комплекс айнымалы элементар функциялардың қасиеттерін факультативтік сабақтарда және элементар математиканың есептерін шығарғанда, сонымен қатар физиканың, механиканың т.б. жаратылыстану пәндерінің кейбір есептерін шығарғанда қолданысымен таныстырып, алған білім, білік және дағдыларын қолдануларына болады.

Тағы бір ерекшелігі физика-математика факультеттерінің бакалавриатының жоғары курстарына арналған арнайы курстар проблемалық әдіспен жүргізіледі. Себебі жоғарғы курста қойылған нақты проблеманың шешімі ізделінеді және олар шығармашылық жұмыспен айналысуға дайындықтары бар. Ал бакалавриаттың төменгі курс студенттеріне бұл әдіс жиі қолданылмайды.

Сондай-ақ, оқу курстарының кәсіби-педагогикалық бағдарын іске асыруда мектеп математикасы және жоғары педагогикалық университетінің математика курстары арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуде де арнайы курстардың мәні зор. Сонымен қатар арнайы курстар болашақ мұғалімге ғылыми-әдістемелік жағынан математиканың кәсіби бағдарын жүзеге асырудың рөлі мен орнын түсінуге де жағдай жасайды.

А.Г. Мордкович [6] диссертациялық зерттеуінде: «Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқылатын математикалық пәндер кешені бір жағынан негізгі ұғымдар мен фактілерді заманауи ғылыми түсіндірілуін қамтамасыз етсе, екінші жағынан мектеп математикасын оқыту әдістерімен таныстыруға тиіс», - дейді.

М.В. Потоцкой [7] педагогикалық жоғары мектепте математиканы оқыту екі бағытта жүргізілу жайлы былай дейді: «біріншіден, математикалық ғылымның фундаменталдық жетістіктерін қазіргі деңгейінде қатаң түсіндіру қажет; екіншіден, студенттер алған білімдерінің мектеп математика пәнінің мұғалімі ретінде болашақтағы кәсіби қызметіне қажеттігін және маңызын білулері керек.

Және бұл проблема педагогикалық жоғары оқу орындарында жүргізілетін таңдаулы курстар арқылы табысты шешіледі. Ал келешекте осы таңдаулы курстар негізінде мектеп оқушыларына жоғары сынып оқушылары үшін факультативтік сабақтар құрылуы мүмкін».

Біз іс-тәжрибемізде «Комплекс айнымалы функциялар теориясының қосымша тараулары», «Комплекс айнымалы функциялар теориясына элементар кіріспе» таңдаулы курстары әзірленді. Сонымен, «Аналитикалық функциялар теориясы» курсының негізінде әзірленген арнайы курстар студенттерді аналитикалық функциялар теориясының қосымшаларымен таныстыруға және болашақ бакалаврларды мектепте факультативтік курс жүргізуге дайындауға мүмкіндік берді. Болашақ математика мұғалімі алған білім, білік және дағдыларын мектепте жұмыс істегенде сандар ұғымын,

функционалдық тәуелділікті оқытқанда, факультативтік сабақта элементарлы математиканың, физиканың, механиканың есептерін шығарғанда пайдалануларына болады.

«Аналитикалық функциялар теориясының» экономикадағы қолданысын және комплекс анализдегі дәрежелік қатарлар теориясын оқытып үйреткенде математикалық анализдегі дәрежелік қатарлар теориясымен салыстырып оқытуды келтірейік.

Мәселен, «Аналитикалық функциялар теориясының» төмендегі үзіліссіздік критериі экономикада тұтыну теориясында коммуналдық функцияның үзіліссіздігін дәлелдегенде қолданылады.

Теорема.

Егер, мәндер жиыны арқылы тұйық болатын функцияның кері бейнесі оның анықталу облысы арқылы да тұйық болса, тек сонда ғана функция өз анықталу облысында үзіліссіз болады.

Енді $\sum_{n=0}^{\infty} c_n \left(z-z_0\right)^n$ - дәрежелік қатардың жинақтылығын қарастырайық. Дәрежелік қатардың нақты анализдегі тамаша қасиеттерін еске түсірейік:

- Қатардың жинақталу интервалы центрі x_0 нүктесіндегі симметриялық интервал. Бұл интервалдың сыртында қатар жинақталмайды;
- формалды дифференциалдау жинақталу интервалының радиусын кемітпейді де, өсірмейді де;
- жинақталу интервалының ішінде дәрежелік қатар бірқалыпты жинақталады.

Келтірілген дәрежелік қатарлардың қасиеттері жинақталу интервалын жинақталу дөңгелегіне ауыстырғанда комплекстік жазықтықтағы дәрежелік қатарлар үшін орындалады. Онымен қоса, егер абсолют шамаларды комплекс санның модулі деп түсінсе, математикалық анализдегі дәрежелік қатарлар үшін келтірілген дәлелдеулер де орындалады.

Мысалы. Егер дәрежелік қатар $z_1 \neq z_0$ нүктесінде жинақталса, онда ол $\left|z-z_0\right| < \left|z_1-z_0\right|$ теңсіздігін қанағаттандыратын барлық z үшін бірқалыпты жинақталады.

Дәлелдеуі: Дәлелдеу үшін қатарды өзіне эквивалентті түрде жазса жеткілікті $\sum_{n=0}^{\infty} c_n \left(z_1-z_0\right)^n \frac{\left(z-z_0\right)^n}{\left(z_1-z_0\right)^n}$ және $\left\{c_n \left(z_1-z_0\right)^n\right\}$ тізбегі шектелген. Мына қатынастың модулі $\left|\frac{\left(z-z_0\right)^n}{\left(z_1-z_0\right)^n}\right|$ бірден кіші.

Осыдан салдар ретінде жинақталу радиусы дөңгелек екені анықталды.

Жинақталу радиусын Коши-Адамара формуласымен анықтауға болады.

Осы келтірілген мысал арқылы математикалық анализдің тарауларының өзара байланыстарын түсініп, алған іргелі білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретінін көріп отырмыз

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы, 2014жыл. Астана.

[2] «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қаласы, 2004 жылғы 19 наурыз).

[3] «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму»

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.

[4] Луканкин Г.Л. Научно-методические основы подготовки учителя математики в пединституте: Дисс. ... д-ра пед. наук в форме научного доклада. -Л., 1989.-59 с.

[5] Гнеденко Б.В. Развитие мышления и речи при изучении математики //Математика в школе. - 1991. - № 4. - с. 3-9.

[6] Мордкович А.Г. Профессионально-педагогическая направленноегь специальной подготовки учителя математики в педагогическом институте: Дисс. ... д-ра пед. наук. - М., 1986. - 355 с.

[7] Потоцкий М.В. Преподавание высшей математике в педагогическом институте. - М.: Просвещение, 1975. - 208 с.

Касқатаева Б.Р., МедеуовЕ.У., Абишев Н.К.

Роль и место курсов по выбору в реализации профессиональной направленности курса «Теория аналитических функций»

Резюме. В данной статье: выявлены роль и место курсов по выбору в реализации профессиональной направленности курса «Теория аналитических функций»; приведен критерии непрерывности, который используется в экономической теории потребления.

Ключевые слова: профессиональная направленность, творчество, практическая направленность математики.

Kaskatayeva B.R., Medeuov E.U., Abishev N.K.

The role and place of elective courses in the course of implementation of professional orientation "Theory of analytic functions."

Summary. In this article: identifed the role and place of elective courses in the implementation of a professional orientation of the course "Theory of analytic functions" and is presented the criteria of the continuity used in the economic theory of consumption

Keywords: professional orientation, creativity, practical orientation of mathematics.

УДК 532.517.65

Д. Маратулы, С. Н. Марданов, Р. А. Махмутов, Қ. Е. Алматов, Ш.С.Оспанова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, marat_daulet@mail.ru)

РЕЙНОЛЬДС САНЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ МӘНДЕРІНДЕГІ СҰЙЫҚ ОТЫННЫҢ ЖАНУ ДИНАМИКАСЫ МЕН ДИСПЕРСИЯСЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Аннотация. Сұйық отынның жану кезіндегі жүретін физика-химиялық процесстерді жан-жақты зертеу әр түрлі техникалық құрылғылардың жұмыс істеу тиімділігіне, сондай-ақ тұтануды дәл болжауға қойылатын талаптардың және қоршаған ортаны қорғауға қатысты заманауи экологиялық талаптардың артуына негізделген. Әр түлі техникалық құрылғылардың тиімділігі, соның ішінде, іштен жану қозғалқыштарының дәрежелері жану кезіндегі физика-химиялық процесстерді фундаментальды зерттеудің нәтижесіне байланысты.

Бұл жобаның өзектілігі казіргі кезде негізгі өндірілетін энергия көзі болып, әр түрлі отындардан алынатын энергия (шамамен 80%) болып табылады. Өнеркәсіп жақсы дамыған елдерде ядролық энергияны қолдану, сонымен қатар жел, күн энергияларын өндіру қарқынды түрде дамуына қарамастан, әр түрлі отындарды жануы кезінде алынатын энергия әлі көптеген жылдар бойы негізгі энергия көзі болып қала береді. Жанудан кейінгі әр түрлі зиянды қалдықтардың пайда болуы және отын ресурстарының аздығы жанудың әр түрлі экономиялық әдістерді қарастыру қажеттілігін тудырады.

Түйін сөздер: статистикалық модельдеу, бүрку, сандық модельдеу, турбуленттілік.

Жүргізілген сандық зерттеу нәтижелеріне сәйкес мынадай қорытынды жасауға болады. Тетрадеканның тиімді жану параметрлері Re=25000 мәнінде орнайды. Осындай дамыған ағыста тетрадеканның жану температурасы максимал мәніне жетіп, камера өсіндегі көмірқышқыл газының концентрациясы минимум мәніне жетеді. Алайда, тетрадекан 15000-ға тең Рейнольдс саны мәнінде нашар жанады, аталған мәнде тұтану процесі толық орындалмай, бөлшектердің температурасы тез төмендеп кетеді. Берілген Рейнольдс санының мәнінде камера ішіндегі толық жану кезінде түзілетін көмірқышқыл газының концентрациясы салыстырмалы түрде төмен болады[1].

Төменде тиімді жану режиміндегі тетрадеканның жануын сандық модельдеу нәтижелері келтірілген. Бастапқы шарттарға жүгіне отырып, тетрадекан тамшыларының камера биіктігі бойымен өлшемдері бойынша таралуы 1 суретте келтірілген. Бастапқы тұтану уақытында t=0,8 мс кезінде жану камерасындағы бөлшектер буланып, камера биіктігі бойымен жоғары қарай көтеріледі[2]. Ал кейінгі жану уақыттарында бөлшектердің дисперсиясы азайып, жану процесі көбінесе камераның төменгі бөлігінде өтеді.



а) t=0,8 ә) t=1,2 б) t=2,5

1-сурет. Тетрадекан тамшыларының радиус бойынша камера кеңістігіндегі дисперсиясы

Келесі 2 суретте жану камерасы биіктігі бойымен максимал температураның таралуы кескінделген. Суреттен көрініп тұрғанындай, жану камерасындағы максимал температура мәні t=0,8 мс мәнінде 1972,76 К құраса, жалпы максимал температура 2645,2 К тең болды[3]. Жану камерасындағы темпаратуралық алау мәні камераның 2,3 см биіктігінде орнайды. Графиктерден камера ішіндегі температураның 2,5 мс ішіндегі өзгерісін көруге болады. Бастапқы уақыт мезетінде бүрку облысында жылудың сұйық тамшыларының буланууына жұмсалуы есебінен температура аздап төмендейді. Басқа уақытта камера 915,064 К дейін қыздырылады. Отын буының қоспасы тотықтырғышпен араласып жанған кезде жылдам жанып, жану камерасының жарты облысын алау алып жатыр [4].



а) t=0,8 ә) t=1,2 б) t=2,5

2-сурет. Жану камерасының биіктігі бойымен максимал температураның таралуы

3 суретте жану камерасындағы жылдамдықтың көлденең құраушысының таралуы бейнеленген. Жану камерасындағы жылдамдықтың мәні 4,40904 м/с тең болды. Қалған уақытта камера ішіндегі бөлшектер 0,345 м/с жылдамдықпен қозғалады[5].

4 суретте тетрадеканның жануы нәтижесіндегі камера ішіндегі қысымның таралуы сипатталған. t=0,8 мс уақыт мезетінде жану камерасындағы қысым 247 бар, t=1,2 мс және t=2,5 мс уақыт мезеттерінде P=248 бар қысымды құрайды.



а) t=0,8 ә) t=1,2 б) t=2,5

4-сурет. Тетрадеканның жануы нәтижесіндегі көлденең жылдамдық құраушысының өзгерісі

Жұмыста жоғары турбулентті ағыстарды сипаттайтын екіөлшемді дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешу негізінде және статистикалық модельдеу әдістерін басшылыққа ала отырып, сұйық отынның тұтануы мен жану процестеріне компьютерлік тәжірибелер жүргізілді[6]. Есептеу жұмыстарын жүргізу үшін іргелі физикалық сақталу заңдары мен заманауи сандық әдістер қолданылады[7]. Олар өз кезегінде сұйық отынның жануының нақты процесін дұрыс, жеткілікті жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Жұмыс барысында алынған нәтижелер өзге авторлардың есептік тәжірибелерінің нәтижелерімен жақсы сәйкес келеді[8].



а) t=0,8 ә) t=1,2 б) t=2,5

5-сурет. Тетрадеканның жануы нәтижесіндегі камера ішіндегі қысымның таралуы

Төмендегі 6 және 7 суреттерде жану камерасының өсінде бөлінетін оттегінің концентрациясы мен отын буының таралуы бейнеленген. Барлық уақыт мезеттерінде оттегінің концентрациясы бірдей 0,218448 г/г мәнге тең болды. Камераның шығысында осы аталған мән сақталады. Re=25000 тиімді мәнінде отын буының концентрациясы 0,15 г/г тең болды. Бұл жалпы жану процесіндегі минимал концентрация мәні болды [9].

8 суреттен көрініп тұрғанындай, камера ішінде оттегінің концентрациясы максимал мәніне жетеді. Өйткені, жалпы камера ішінде толтырылған ауаның құрамындағы негізгі әрекеттесуші зат – оттегінің мөлшері 78%-ды құрайды. Сонымен қатар 23 суретте алғашқы уақыт мезеттеріндегі камера ішіндегі тетрадеканның концентрациясының таралуынан бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады. Алғашқы уақыттарда камера ішіндегі отын буы максимал мәнге жетсе, уақыт өте келе ол камераның шығысына қарай жақындап, минимал мәніне ұмтылады[10].



а) t=0,8 ә) t=1,2 б) t=2,5

6-сурет. Тетрадеканның жауы нәтижесіндегі камера ішіндегі оттегінің O_2 таралуы

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Абрамович Г.Н. Теория турбулентных струй. – М.: Гос. изд-во физ.-мат. литературы. – 1960.- С. 113-122.

[2] Rosen G. Turbulence Theory and Functional Integration // Phys. Fluids. - 1960. - Vol. 3, 4. – P. 519-525.

[3] Lundgren T.S. Distribution Function in the Statistical Theory of Turbulence // Physics of Fluids. - Vol. 10. – 1967. - 969 p.

[4] O'Brien E.E. Statistical Methods in Reacting Turbulent Flows // AIAA Journal. – 1981. - Vol. 19, № 3. – 1981. - 366 p.

[5] Аскарова А.С., Болегенова С.А., Бекмухамет А., Оспанова Ш.С., Ергалиева А. Влияние степени турбулентности на тепломассоперенос при сжигании энергетического топлива // Материалы Международной научно-практической конференции «Теория и практика актуальных исследований». - Краснодар, 2012. – С. 194-197.

[6] Brown A.J., Heywood J.B. A fundamentally based stochastic mixing model method for predicting NO and soot emissions from direct injection diesel engines // Comb.Sci. And Tech. – 1988. - Vol. 58. - P. 195-207.

[7] Zellat M., Rolland T.H., Poplow, F. Three-dimensional modeling of combustion and soot formation in an indirect injection diesel engine // SAE 900254. – 1990. - P. 397-406.

[8] Smith O.I. Fundamental of soot formation in flames with application to diesel engine particulate emissions // Prog. Energy Combust. Sci. 1981. - Vol.7. - P. 275-291.

[9] Аскарова А.С., Болегенова С.А., Бекмухамет А., Оспанова Ш.С., Ергалиева А.Б. Влияние спутности на формирование вредных выбросов при горении метана // International scientific journal «Global science communications». – Cranendonck, 2012. - №4 (17). – P. 59-62.

[10] Аскарова А.С., Болегенова С.А., Березовская И.Э., Оспанова Ш.С. Изучение влияни температуры окислителя на процесс горения впрыска жидкого топлива при высоких давлениях // II Международная научно - практическая конференция «Технические и математические науки: актуальные проблемы и перспективы развития». – Киев, 2013. – С. 30-35.

Маратулы Д., Марданов С.Н., Махмутов Р.А., Алматов Қ.Е., Оспанова Ш.С.

Динамика численности различных значениий статистического моделирования горения жидкого топлива и дисперсия рейнольдс

Реферат. Необходимость детального исследования физико-химических процессов, протекающих при горении жидких топлив, определена возросшими требованиями к эффективности работы различных технических устройств, точности прогнозирования воспламенения и обусловлена современными экологическими требованиями по охране окружающей среды. Эффективность работы различных технических устройств, в частности, двигателей внутреннего сгорания в значительной степени базируются на результатах фундаментального исследования физико- химических процессов горения.

Ключевые слова: статистическая моделирование, впрыск, численное моделирование, турбулентность.

Maratuly D., Mardanov S.N., Makhmutov R.A., Almatov K.E., Ospanova S.S.

The quantity dynamics of statistical modeling different values of burning oil fuel and reynolds dispersion

Summary. The need for a detailed study of physical and chemical processes that occur during combustion of liquid fuels, determined the increased demands on the efficiency of various technical devices, the accuracy of forecasting and ignition caused by modern ecological environmental requirements. The effectiveness of various technical devices, including internal combustion engines is largely based on the results of basic research of physical and chemical processes of combustion.

Keywords: statistical modeling, injection, numerical modeling, turbulence.

УДК 629.7.036.23

Қ. Е. Алматов, Р. А. Махмутов, С. Н. Марданов, Д. Маратұлы, Ш. С. Оспанова
(әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, kudr_@mail.ru)

ЗЫМЫРАНДЫҚ ТЕХНИКАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АВИАЦИЯЛЫҚ ОТЫННЫҢ ҚЫСЫМҒА ҚАТЫСТЫ ЖАНУ ПРОЦЕСІН КОМПЬЮТЕРЛІК ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Қазіргі таңда жылуфизиканың көптеген есептері сандық тәжірибеге негізделе отырып жүргізіледі. Осыған сәйкес есептеу техникасының озық үлгілерін жұмылдыра отырып, сандық тәжірибені қолдану шығынды аз талап ететін және жану камерасындағы жылумасса тасымалы процестерін сипаттайтын дифференциалдық теңдеулер жүйесі негізінде жаңа технологияларды қалыптастыруға мүмкіндік туады. Қазіргі таңда зымырандық техникада қолданылатын авиациялық отынның жану процесін зерттеу өзекті жобалардың бірі болып саналады. Бұл мақалада отын жануының негізгі ерекшеліктері және октан және синтин отындарын компьютерлік модельдеу есептеулері көрсетілген.

Түйін сөздер: қысым, бүрку, зымырандық техника, авиациялық отын

Қазіргі кезде сұйық отынның жануы кезіндегі жылу және масса алмасу процестерін теориялық зерттеу айтарлықтай дәрежеде химия мен физиканың іргелі заңдарына негізделген жылумасса тасымалы теңдеулерін шешуге негізделеді. Осындай теңдеулерді заманауи есептеу машиналарының қуатының артуының және осының салдарынан дербес туындылы теңдеулерге арналған есептерді есептеу әдістерінің дамуындағы алға жылжудың арқасында сандық модельдеу әдістерінің көмегімен ғана шешуге болады. Қолданбалы және есептеу математикасының жетекші орталықтарында жасалынған алгоритмдер мен бағдарламалар кешендері шарттардың кең ауықымында, сонымен қатар жану және химиялық ауысулар болған кезде жылу және масса тасымалы процестерін есептеуге мүмкіндік береді.

Сұйық отынның жану процесі камераның төменгі бөлігінде центрде орналасқан форсункасы бар модельдік жану камерасында жүзеге асырылады. Камераның пішіні цилиндр формалы, биіктігі 15 см, радиусы 2 см. Жану камерасындағы ауаның бастапқы температурасы 900 К. Сұйық отын 300 К температурада бүркіледі. Бақылаушы ұяшықтардың саны – 600. Жану камерасының қабырғаларының температурасы 353 К құрайды. Бүркілетін тамшылардың бастапқы радиусы 3 мкм. Инжектор соплосының ауданы $2\cdot10^{-4}$ $см^2$ тең. Тамшыларды бүрку бұрышы 10^0. Отын 4 мс жанып кетеді. Жану камерасындағы қысым $4\cdot10^6$ Па тең.

Біздің жұмысымызда негізгі екі отын түрі қолданылды: Октан және Синтин.

Октан(C_8H_{18}) – алкандар класына жататын органикалық қосылыс. Ерекше иісі бар түссіз сұйық. Октанның қайнау температурасы 216,2 ^{0}C тең.Изооктан және өзге изомерлерімен қоса мұнайдың, тікелей қуалау арқылы алынатын бензиннің, сонымен қатар көп мөлшерде синтетикалық бензиннің құрамында кездеседі. Синтин – КСРО-да жасалған синтетикалық жоғары энергетикалық көмірсутектік ракеталық отын. Синтинді қолдану керосин қолдануына ұқсас. Химиялық формуласы – 1- метил-1,2- дициклопропилциклопропан ($C_{10}H_{16}$). Синтиннің қайнау температурасы 158 ^{0}C тең.Синтин басқа жоғары тиімді көмірсутектік отындарға қарағанда, химиялық тұрақты және ұзақ уақытқа дейін сақтала алады. Синтин «Союз-У2» тасығыш-зымыранында және қанатты зымырандарда пайдаланылған. Және де көпретті пайдалынатын «Буран» ғарыштық зымыранының біріккен қозғалтқыш қондырғысында қолданылған. 2013 жылдың 31 тамызы күні Байқоңыр ғарыш аймағынан «Зенит» тасығыш зымыранында «Амос-4» байланыс спутнигі ұшырылған болатын. «ДМ-SLБ» үдеткіш блогы осы синтин отынымен жанармайланған болатын. Октан мен синтиннің химиялық жану реакцияларының өрнегі төменде келтірілген:

$$2C_8H_{18} + 25O_2 = 16CO_2 + 18H_2O,$$
$$2C_{10}H_{16} + 28O_2 = 20CO_2 + 16H_2O$$

Біздің зерттеу жұмысымызда жану камерасындағы әр түрлі қысым мәндеріндегі синтин және октан сұйық отындарын бүрку, тұтану және жану процесітерін сандық модельдеу нәтижелері келтірілген. Компьютерлік модельдеу нәтижесінде жану камерасындағы бастапқы қысымның 80, 100, 120, 140 Бар мәндеріндегі бөлшектердің радиус бойынша таралуы, жану камерасындағы максимал температура мәндері, сонымен қатар жану өнімдерінің (CO_2, N_2, soot) концентрацияларының камера биіктігі бойымен таралу графиктері алынды.

1-3 суреттерде әр түрлі қысымдардағы жану камерасындағы ағыстың аэродинамикалық және жылулық сипаттамаларының өзгеріс заңдалықтары келтірілген. 1 суретте синтин мен октан тамшыларының әр түрлі қысым мәндерінде сәйкес орташа радиустарының камера биіктігі бойымен таралу қисығы келтірілген. Суреттен көрініп тұрғанындай, синтин тамшыларының радиусы қысым артқан сайын қоса артып отырады екен. Қысымның мәні P=140 бар болғанда синтин тамшыларының ең үлкен максимал радиусы 0,093938 мкм құрайды. Ал октан тамшылары радиус бойынша аса өзгере қоймады. Мысалы, 100 және 120 бар қысым мәндерінде тамшылардың радиустары бірдей мәнге, яғни 0,093 мкм мәнге ие болды[1].

Төмендегі 2 суретте жану камерасында жану процесі барысында орнайтын максимал температураның қысымға қатысты өзгерісі бейнеленген. Қысым артқан кезде жану камерасында қос отын үшін қарама-қарсы жағдай орнайды. Синтиннің жануы барысында жану камерасындағы максимал температура мәні қысым артқан сайын кеми түседі, P=140 бар қысымда температураның минимумы 1214,94 К байқалады. Ал октан үшін алғашқы екі қысымда температура артатын болса, керісінше соңғы қысым мәндерінде кемиді. Октанның жануы кезіндегі максимал температура мәні 100 бар қысымда 2418,31 К, ал синтин үшін 80 бар қысымда 2459,27 К максимал мәніне жетеді.



1-сурет. Әр түрлі қысым мәндеріндегі сұйық отын тамшыларының радиус бойынша таралу (көк сызық – синтин, қызыл сызық – октан)



2-сурет. Әр түрлі қысым мәндеріндегі жану камерасындағы максимал температураның таралуы (көк сызық – синтин, қызыл сызық - октан)

3 суретте жану камерасында сұйық отынның жануы нәтижесінде бөлінетін жану өнімдерінің бірі – көмірқышқыл газының CO_2 концентрациясының қысымға қатысты таралуы бейнеленген. Синтин жанған кезде көмірқышқыл газының концентрациясы қысым артқан сайын артады. Тек 140 бар қысымда оның мәні алдыңғы қысымдармен салыстырғанда төмен болды. Ал октанның жануы кезінде керісінше жағдай байқалды. 80, 120, 140 бар қысымдарда CO_2 мәні шамамен бірдей болса, 100 Бар қысымда оның мәні ең төмен 0,031419 г/г көрсетті.20 суретте октан мен синтиннің жануы нәтижесінде бөлінетін күйенің концентрациясының камера биіктігі бойымен таралуы келтірілген. Күйенің концентрациясының максимал мәні синтин үшін 120 Барда 54,3497 г/г, ал октан үшін 80 барда 60,8137 г/г құрады.



3-сурет. Әр түрлі қысым мәндеріндегі жану камерасындағы максимал көмірқышқыл газы CO_2 концентрациясының таралуы (көк сызық – синтин, қызыл сызық - октан)

4-9 суреттерде тиімді жану қысымындағы октан мен синтин отындарының жану процесін сандық модельдеу нәтижелері келтірілген. 4 және 5 суреттерде синтин мен октан тамшыларының жану камерасы биіктігі бойымен дисперсиясы бейнеленген. Алынған суреттерден жүгіне отырып, қысым артқан сайын октан тамшыларының көлемі аз болса да артатындығын айтуға болады. 80 бар қысымда синтин тамшылары 0,62 см максимал биіктікке, ал ені бойынша 0,05 см таралады. Ал октан тамшылары 0,55 см биіктікке таралады.



4-сурет. Синтин тамшыларының P=80 бар қысым мәніндегі камера биіктігі бойымен радиус бойынша таралуы



5-сурет. Октан тамшыларының P=100 бар қысым мәніндегі камера биіктігі бойымен радиус бойынша таралуы

6-7 суреттерде синтин мен октанның жануы нәтижесінде камера ішінде температураның таралуы бейнеленген. 6 суреттен көрініп тұрғанындай, 80 бар қысымдағы синтиннің жануының максимал температура мәні 2459,27 К, ал октан үшін 100 бар қысымда 2418,31 К құрады. Камераның қалған бөлігі 920,45 К температурада қалыпты ұзақ сақталады. Суреттерден көрініп тұрғанындай, бастапқы уақыт мезеттерінде камера ішінде температура бірқалыпты таралады. Сонымен қатар температурлық алу камераның өсінде тіркелді.



6-сурет. P=80 бар қысым мәніндегі синтиннің жануы кезіндегі камера ішіндегі максимал температураның таралуы



7-сурет. P=100 бар қысым мәніндегі октанның жануы кезіндегі камера ішіндегі максимал температураның таралуы

Төмендегі суреттерде синтин мен октанның жануы нәтижесінде бөлінетін жану өнімдерінің концентрацияларының камера биіктігі бойымен таралуы бейнеленген. 8-9 суреттерде көмірқышқыл газы бейнеленген. Суреттен көрініп тұрғанындай, синтин үшін CO_2 концентрациясының мәні тиімді қысымда 0,039544 г/г, ал октан үшін 100 бар қысымда 0,031419 г/г тең болды[2].



8-сурет. P=80 бар қысым мәніндегі синтиннің жану нәтижесіндегі көмірқышқыл газының концентрациясының камера биіктігі бойымен таралуы



9-сурет. P=100 бар қысым мәніндегі октанның жану нәтижесіндегі көмірқышқыл газының концентрациясының камера биіктігі бойымен таралуы

Қорытынды.

Қазақстанда және шетелде жану және жарылыс физикасы саласында белсенді түрде зерттеулер қазіргі кезде қарқынды жүзеге асырылуда. Алайда, бейсызық жылумасса тасымалы теңдеулері негізіндегі, турбуленттіліктің заманауи модельдері мен жану камерасындағы сұйық отынның жануының аралық химиялық реакцияларын ескеретін модельдерді қолдана отырып жүргізілген сұйық отынның жануына байланысты зерттеулер жоқтың қасы. Біздің жұмысымызда АҚШ-тың Калифорния университетінің Лос Аламос зертханасындағы химиялық әсерлесетін ағындардың бүрку арқылы жануын модельдеуге арналған компьютерлік бағдарлама кеңінен қолданылды, оның негізінде көптеген есептік тәжірибелер жүргізілді. Сұйық тамшыларының соқтығысу эффектілерімен және аэродинамикалық үзілулерімен қоса модельдеуге негізделген осыған ұқсас зерттеулер ресейлік ғалымдардың жұмыстарында қарастырылған[3].

Жұмыста әр түрлі бастапқы бүрку қысымдарының октан және синтиннің жануына әсері сандық тұрғыдан зерттелінді. Октан мен синтин үшін бастапқы 6 мг тең тиімді масса мәндеріндегі сұйық отындардың жану процесі зерттелінді. Жану камерасы ішіне бүркілетін сұйық отынның бастапқы қысымы 80, 100, 120, 140 бар тең етіп таңдап алынды. Сандық модельдеудің соңында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- Синтин мен октан тамшыларының әр түрлі қысым мәндерінде сәйкес орташа радиустарының камера биіктігі бойымен таралуы алынды. Синтин тамшыларының радиусы қысым артқан сайын қоса артып отыратындығы белгілі болды. Қысымның мәні P=140 бар болғанда синтин тамшыларының ең үлкен максимал радиусы 0,093938 мкм құрайды. Ал октан тамшылары радиус бойынша аса өзгере қоймады. Мысалы, 100 және 120 бар қысым мәндерінде тамшылардың радиустары бірдей мәнге, яғни 0,093 мкм мәнге ие болды;

- Жану камерасында октан мен синтиннің жану процесі барысында орнайтын максимал температураның қысымға қатысты өзгерісі зерттелінлі. Қысым артқан кезде жану камерасында қос отын үшін қарама-қарсы жағдай орнайды. Синтиннің жануы барысында жану камерасындағы максимал температура мәні қысым артқан сайын кеми түседі, P=140 бар қысымда температураның минимумы 1214,94 К байқалады. Ал октан үшін алғашқы екі қысымда температура артатын болса, керісінше соңғы қысым мәндерінде кемиді. Октанның жануы кезіндегі максимал температура мәні 100 бар қысымда 2418,31 К, ал синтин үшін 80 бар қысымда 2459,27 К максимал мәніне жетеді;

- Жану камерасында октан мен синтиннің жануы нәтижесінде бөлінетін жану өнімдерінің бірі – көмірқышқыл газының CO_2 концентрациясының қысымға қатысты таралуы зерттелінді. Синтин жанған кезде көмірқышқыл газының концентрациясы қысым артқан сайын артады. Тек 140 бар қысымда оның мәні алдыңғы қысымдармен салыстырғанда төмен болды. Ал октанның жануы кезінде керісінше жағдай байқалды. 80, 120, 140 бар қысымдарда CO_2 мәні шамамен бірдей болса, 100 бар қысымда оның мәні ең төмен 0,031419 г/г көрсетті;

- Сандық модельдеу нәтижесінде октан мен синтиннің жануы нәтижесінде бөлінетін күйенің концентрациясының камера биіктігі бойымен таралуы келтірілген. Күйенің концентрациясының максимал мәні синтин үшін 120 Барда 54,3497 г/г, ал октан үшін 80 барда 60,8137 г/г құрады[4];

- Синтин мен октан тамшыларының камера кеңістігіндегі жану аймағына ену тереңдігі сандық зерттелінді. Октан тамшылары қысым артқан сайын жану аймағына терең ене түседі, ал синтин тамшылары керісінше, баяу таралып, камераның төменгі бөлігінде көп тұрақталып қалады. Яғни, қысым артқан сайын октанның жануы нашарлап, оның жалыны уақыт өте келе өшетіндігіне көз жеткіздік;

- Сонымен қатар октан мен синтиннің қысымға қатысты жану камерасында бөлінетін азот пен ылғалдың концентрацияларының таралуы зерттелінді. Синтин жанған кездегі азоттың концентрациясы бастапқыда баяу кеміп, соңғы 140 бар қысымда күрт артып кетеді. Ал октанда керісінше уақыт бойынша баяу артады. Екі сұйық отын үшін де азоттың концентрациялары шамамен бірдей болды. Синтиннің жануы нәтижесінде бөлінетін ылғал қысым артқан сайын баяу кемісе, октан жағдайында алғашқыда артып, соңына қарай минимумға ұмтылады;

- Сандық зерттеу нәтижелері бойынша синтин мен октан отындарының тиімді жану режимдері анықталды. Талдау жүргізе отырып, синтин отыны үшін тиімді жану қысымы 80 бар, ал октан 100 бар қысымда жақсы жанатындығы белгілі болды. Аталған қысым мәндерінде температура максимум мәніне жетеді, камера жоғары температураға дейін қыздырылып, отын қалдықсыз толық жанады;

- Тиімді жану қысымындағы октан мен синтин отындарының жану процесін сандық модельдеу нәтижелері талданды. Синтин мен октан тамшыларының жану камерасы биіктігі бойымен дисперсиясы талданды. Қысым артқан сайын октан тамшыларының көлемі аз болса да артатындығын айтуға болады. 80 бар қысымда синтин тамшылары 0,62 см максимал биіктікке, ал ені бойынша 0,05 см таралады. Ал октан тамшылары 0,55 см биіктікке таралады[5];

- Сонымен қатар синтин мен октанның жануы нәтижесінде камера ішінде температураның таралуы сандық зерттелінді. 80 бар қысымдағы синтиннің жануының максимал температура мәні 2459,27 К, ал октан үшін 100 бар қысымда 2418,31 К құрады. Камераның қалған бөлігі 920,45 К температурада қалыпты ұзақ сақталады;

- Синтин мен октанның жануы нәтижесінде бөлінетін жану өнімдерінің концентрацияларының камера биіктігі бойымен таралуы зерттелінді. Көмірқышқыл газы CO_2 мен күйенің таралуы бейнеленген. Синтин үшін CO_2 концентрациясының мәні тиімді қысымда 0,039544 г/г, ал октан үшін 100 бар қысымда 0,031419 г/г тең болды. Soot мәні сәйкесінше, синтин үшін тиімді қысым мәнінде 37,3078 г/г, ал октан үшін 20,6025 г/г минимум көрсеткіштеріне жетті[6];

- Октан мен синтиннің жануы нәтижесінде бөлінетін отын буының камераның шығысындағы концентрацияларының таралуы бейнеленген. 80 бар қысымда синтин отынының буы 0,284316 г/г құрады, ал октан үшін тиімді қысымда максимал 0,714544 г/г тең болды. Қысым жоғарылаған сайын октан тамшылары оттегімен қарқынды әрекеттесіп, отын буы көбірек бөлінді. Соңғы 4 мс жану уақытында отын буы нөлге тең болды, өйткені, осы мезетте отын тотықтырғышпен толық әсерлесіп, нәтижесінде көмірқышқыл газы мен су бөлінді;

- Тиімді қысым мәндеріндегі синтин мен октанның жануы нәтижесінде бөлінетін азот концентрациясының таралуы зерттелінді. Камера ішінде жану процесі барысында синтин үшін азоттың неғұрлым көбірек сақталатын концентрациясы 0,799392 г/г, ал октан үшін 0,798921 г/г мәнін көрсетті. Синтин үшін төменгі қысым мәндерінде азоттың бөлінуі қарқынды жүретіндігі, ал октан үшін керісінше барлық қысым мәндерінде азоттың концентрациясында едәуір өзгеріс байқалған жоқ;

- Жану камерасындағы қысымның уақыт бойынша өзгерісін зерттеу нәтижесінде екі отын үшін қысымның айқын өзгерісін көрдік. Синтин үшін бастапқы тиімді қысым мәнінде соңғы шекті қысым 887 кПа, ал октан үшін 895 кПа орташа қысым мәнін көрсетті. 120 және 140 бар жоғары қысымдарда жану камерасындағы қысым азайып, төменгі мәндерге жетті[7].

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Askarova A.S., Bolegenova s.A., Gorokhovski M.A., Berezovskaya I.E., Ospanova Sh.S. Numerical study of the influence of the spray velocity on the tetradecane's combustion // Известия НАН РК. Серия физико-математическая. – Алматы, 2014. - №3. – С. 32-37.

[2] Askarova A., Bolegenova S., Gabitova z., Bekmukhamet A., Ospanova Sh., Beketaeva M., Ergalieva A. Thermal characteristics at combustion of solid pulverized coal fuel in the furnace chamber of TPP // Materials of the IV

International research and practice conference «Science, Technology and Higher Education». – Westwood, 2014. – P. 323-329.

[3] Ярин Л.П., Сухов Г.С. Основы теории горения двухфазных сред. - Л.: Энергоатомиздат. Ленингр. отд-ние, 1987.

[4] Основы практической теории горения. Под ред. В.В. Померанцева. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Л.: Энергия, 1973 г.

[5] Вулис Л.А., Ярин Л.П. Аэродинамика факела. Л.: Энергия, 1978.

[6] Хитрин Л.Н. Физика горения и взрыва.- М.: Изд.-во МГУ, 1957.

[7] Оспанова Ш.С., Мукашева Г.К., Турсынбаева А.Е., Алматов Қ.Е. Зымырандық техникада қолданылатын авиациялық отынның қысымға қатысты жану процесін компьютерлік зерттеу // Международна научная конференция студентов и молодых ученых «Фараби әлемі». – Алматы, 2015. – 140 с.

Алматов К.Е., Махмутов Р.А., Марданов С.Н., Маратулы Д., Оспанова Ш.С.

Компьютерное моделирование процесса горение авиационного топливо в зависимости от давление используемое в ракетной технике

Аннотация. В настоящее время многие тепловые расчеты основаны на цифровой опыт. Соответственно, используя передовые компьютерные технологий, требующие недорогой цифровой опыт и на основе системы дифференциальных уравнений, описывающих процессы тепло- и массообмена в камере сгорания будет возможность развивать новые технологии. В настоящее время изучение сгорания авиационного топлива , используемого в ракетной технике является одним из ключевых проектов. В этой статье показаны основные особенности сгорания и расчеты компьютерного моделирования топлив октана и синтина.

Ключевые слова: давления, впрыск, ракетная техника, авиационная топливо.

Almatov K.E., Mahmutov R.A., Mardanov S.N., Maratuly D., Ospanova S.S.

Computer modeling of the combustion of aviation fuels, depending on the pressure used in rocketry

Summary. At present, many heat calculations based on digital experience. Accordingly, the use of advanced computer technology, requiring a low-cost digital experience and on the basis of a system of differential equations describing the heat and mass transfer processes in the combustion chamber will be able to develop new technologies. In the current study the combustion of aviation fuel used in rocket technology is one of the key projects. This article shows the main features of combustion and computer modeling calculations octane fuels and syntin.

Key words. Pressure, injection, rocketry, aviation fuel

УДК 536.247.6

Б. Б. Ораков, Б. Ш. Опаханов, А. А. Куйкабаева
(Казахский национальный университет имени аль-Фараби)
Алматы, Республика Казахстан, bakhytzhan.bolatov@mail.ru

ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНО – РАЗНОСТНЫЕ МОДЕЛИ ТЕПЛОПЕРЕНОСА

Аннотация. Во многих интенсивно развивающихся отраслях науки и техники прогресс зависит от решения проблемы прикладной теплометрии — измерения локальных плотностей тепловых потоков на поверхностях объектов исследования, контроля или управления. В частности, это теплоэнергетика, тепловые двигатели, металлургия, электроника, ракеты и космические летательные аппараты, медицина, биология, теплоизмерительные приборы различного назначения: приемники теплового излучения, измерители тепловых потерь промышленных и жилых объектов, теплофизических характеристик материалов. В настоящее время разрабатываются и широко используются для прикладной тепло метрии различного типа приемники тепловых потоков (в дальнейшим изложении — плотностей тепловых потоков), которые, как правило, представляют собой автономные достаточно миниатюрные устройства с одномерным теплопереносом, а в некоторых вариантах при упрощающих допущениях — одноемкостное.

Ключевые слова: теплометрия, тепловой поток, теплоизмерительный прибор.

При разработке методов нестационарной теплометрии усложняющим обстоятельством является разнообразие плотностей тепловых потоков по типам и разновидностям конструкций, тепловых и измерительных схем и, что весьма важно, по виду математических моделей теплопереноса в плотностей тепловых потоков. Математических моделей теплопереноса должны адекватно описывать процессы в плотностей тепловых потоков с учетом всех значимых особенностей: наличия элементов из разнородных материалов, армирующих и защитных слоев, контактных тепловых сопротивлений,

воздушных зазоров и др.; зависимость теплофизических характеристика материалов от температуры и другие нелинейности; различные граничные условия на тыльной поверхности плотностей тепловых потоков и т.д.[1]. Математических моделей теплопереноса должен соответствовать метод решения прямой задачи теплопроводности, обладающий приемлемой точностью и вычислительной эффективностью. Кроме того, желательна общность как вида самих математических моделей теплопереноса, так и их программного обеспечения по отношению к различным видам плотностей тепловых потоков. Предварительный анализ показал, что подобным требованиям удовлетворяют дифференциально-разностные модели. Однако доказательство общности дифференциально-разностные модели для всех известных разновидностей плотностей тепловых потоков, а также возможности использования их для получения динамических характеристик последних требует проведения соответствующих исследований. Цель работы и задачи исследований.[2]. Целью работы является создание общей, по отношению к различным типам плотностей тепловых потоков и условиям измерений, методологии нестационарной теплометрии пригодной для использования в теплоизме-рительных системах реального времени, а также экспериментальная проверка и использование этой методологии при комплексных исследованиях сложных те-плогазодинамических процессов. Для достижения этой цели были поставлены и решены следующие основные научные задачи. Разработаны общие для плотностей тепловых потоков различных типов: метод моделирования динамики теплопереноса в плотностей тепловых потоков, позволяющий решать как прямые, так и обратные задачи теплопроводности; метод восстановления плотности входящего теплового потока q(x) путем решения в реальном времени обратной задачи теплопроводности; метод, позволяющий оценить погрешности восстановления теплового потока д (т). Экспериментально подтверждены предложенные методы и обеспечено использование их при исследованиях с целью энерго - ресурсосбережения высокотемпературных технологических процессов, в частности, с использованием техники псевдоожижения.[2]. И рассмотрены методы и устройства для исследования процессов теплообмена и качества псевдоожижения в высокотемпературных промышленных установках. Известно, что эффективность промышленных установок, использующих технику псевдоожижения, во многом зависит от таких параметров, как температура, тепловой поток и коэффициент теплоотдачи. Как правило, при штатном ходе процесса необходимо знать только их средние значения. Вместе с этим, для стабилизации процесса, например, при изменении дисперсности или влажности сырья и др., возникает необходимость определения мгновенных значений. Такая же необходимость возникает и при исследованиях, направленных на повышение эффективности и более рационального управления процессом. В главе рассмотрены как методы и устройства для определения основных параметров, так и способы управления процессами. Для измерения температуры и теплового потока, меняющихся во времени по произвольному закону, используются высокотемпературные (~800 °С) ПТП (ВПТП) с платиновыми чувствительными элементами, которые получены вжиганием в корундовую подложку платинокерамической пасты. Разработаны, изготовлены и проградуированы две модификации ВПТП – с защитной фольгой и без нее, с одним или двумя чувствительными элементами на поверхностях.[3]. Перед началом экспериментов на высокотемпературных промышленных установках определены возможности разработанных ВПТП, а именно: получены передаточные функции ВПТП и динамические характеристики (переходная, импульсная, амплитудо- и фазочастотные). Численное моделирование процессов теплообмена в ВПТП позволило восстановить плотность теплового потока $q(\tau)$ при различном характере воздействий $t(\tau)$ (скачкообразном, периодическом, импульсном и произвольном) и уровне шумов в измерениях температуры $t_1(\tau)$.[3].



Рис. 1. Устройство зонда для исследования теплообмена:
1 – корпус; 2 – стакан; 3 – подающая трубка; 4, 5 – спаи термобатареи на входе и выходе соответственно; 6 – высокотемпературный ПТП (ВПТП).

Использовались как автономные ВПТП, так и смонтированные на водоохлаждаемых зондах (рис. 1). Зонд предназначен для определения как средних, так и мгновенных значений температур, тепловых потоков и коэффициентов теплоотдачи. Он представляет собой комбинацию калориметра 1 и ВПТП 6. Средние значения параметров определялись из уравнения теплового баланса для калориметра 1. Мгновенные значения определялись с помощью ВПТП путем решения ОЗТ. В главе, кроме того, рассмотрены комбинированные водохлаждаемые зонды для измерения пульсаций теплового потока, а также порозности и уровня дисперсного материала. В ряде случаев необходимо раздельно определить конвективную и радиационную составляющие теплового потока. В работе предложен и исследован динамический метод раздельного определения указанных составляющих по измерениям температуры поверхности ВПТП.[4]. Для восстановления суммарной плотности теплового потока использовался алгоритм фильтра Калмана по искомым параметрам, рассмотренный в третьей главе. Приведены результаты экспериментальных исследований процесса обжига пирита в псевдоожиженном слое. В главе предложены способы количественной оценки качества псевдоожижения в этом процессе. На основании исследований, выполненных на лабораторных и промышленных установках, предложено определять качество псевдоожижения ξ по зависимости $\xi = (1-\varepsilon)\sqrt{f_T \cdot f_\varepsilon}$, где ε – порозность слоя; f_T и f_ε – частоты пульсаций температуры и порозности. Однако дальнейшие исследования показали, что непосредственный контроль процесса перемешивания в промышленных установках затруднителен.[5]. Поэтому, в качестве измеряемой величины были выбраны пульсации температуры на теплоотдающей (тепловоспринимающей) поверхности, омываемой псевдоожиженным слоем. При этом для определения параметра качества χ предложена зависимость $\chi = \frac{A_2 f_2}{A_1 f_1}$, где A_1 и A_2 – амплитуды, а f_1 и f_2 - частоты колебаний температуры поверхности, обусловленные перемешиванием дисперсного материала и гравитационными колебаниями слоя. Разработанные методы, приборы и устройства использовались для диагностики, управления и экспериментальных исследований на промышленных установках с псевдоожиженным слоем с целью повышения их эффективности и надежности. В качестве примера рассмотрены три процесса: сжигание низкосортного топлива (сланец, бурый уголь и др.), обжиг и сушка дисперсных материалов.[4]. В ходе работ решались следующие задачи: оценка работоспособности созданных измерительных устройств в промышленных условиях; проверка предложенных способов оценки качества псевдоожижения на высокотемпературных промышленных аппаратах; исследование характеристик внешней теплоотдачи в крупномасштабных аппаратах; исследование возможности создания системы эффективного контроля и управления технологическими процессами. Кратко остановимся на основных новых результатах, полученных при исследованиях указанных процессов.[5].

Наиболее значимыми являются следующие результаты.

1. На основе дифференциально-разностных моделей теплопереноса для различных типов плотностей тепловых потоков предложен и обоснован общий метод моделирования динамики теплопереноса в них с приемлемым уровнем точности и быстродействия, позволяющий решать как прямые, так и обратные задачи теплопроводности.

2. Предложен общий для различных типов плотностей тепловых потоков с линейным и нелинейным теплопереносом метод комплексного исследования их динамических характеристик на основе дифференциально-разностных моделей и методов пространства состояний.

3. Предложен и обоснован общий для различных типов плотностей тепловых потоков с линейным и нелинейным теплопереносом метод восстановления плотности входящего теплового потока пригодный для использования в теплоизмерительных системах реального времени. Метод заключается в параметрической идентификации дифференциально-разностных моделей с помощью алгоритма оптимального цифрового фильтра Калмана (ФК). Предложены и исследованы две разновидности алгоритма ФК, обеспечивающие устойчивую сходимость и точность решения граничных и комбинированных линейных и нелинейных обратных задач теплопроводности.

4. Разработаны и созданы низкотемпературные (~100 °С) и высокотемпературные (~800 °С) плотностей тепловых потоков, которые использовались для исследования теплообмена в различных энергоемких технологических процессах.[6].

ЛИТЕРАТУРА

[1] Алифанов О.М. Диагностика и идентификация процессов тепломассообмена. -В кн.: Тепломассообмен-УП.Проблемные докл. VII Всесоюз.конф. по тепломассообмену.ч.2.//Минск,1985.-С.117-127.

[2] Алексахин А.А., Ена С.В. Влияние погрешностей в измерении температур на точность определения граничных условий теплообме-на//ИФЖ,1989,Т.56,№3. -С.400^403.

